

84/5kas) 75
к 64

ҚОНАЕВ
Алтынбек Қожайұлы

АСПАНТАУ
ТОЛҚЫНДАРЫ






*Экем Қонай Байзак ұлының
рухына арнадым.*

ҚОНАЕВ
Алтынбек Қонайұлы

**АСПАНТАУ
ТОЛҚЫНДАРЫ**



АЛМАТЫ – 2006

ББК 84 (5 Каз)

К 64

Конаев А. К.

К 64 Аспантау толқындары. — Алматы, 2006. — 288 бет.
ISBN 9965-749-65-5

Алтынбек Конаевтың есімі Алматы облысының Кеген ауданына етene таныс. Көп жылдар аудан орталығында қызмет ете жүріп аудандық, облыстық «Жетісу» газеттеріне, «Социалистік Казакстан» газеттерінде махалалары жарық көрді. «Акжелкен», «Білім және еңбек», «Шалкар» газеті, «Ұлан», «Балдырған», «Алматы ақшамы», Балаусаға үлес қости. Казакстан жорналистер одағының мүшесі.

Көп жылдар бойы өлең жазумен айналысады. Кітап шығаруға асықлады. Бір әкеден өзі, он баланың әкесі, бала тәрбие-леу, өсіру, оқыту, үйлендіру онайға сокпады. Бос уақыттарын тиымды пайдаланды. Колына қалам алғып, өлең, мақалалар, әңгімелер жазды.

Кеген, Нарынкол, Ұйғыр, Талғар аудандарын түгелдей жаяу аралап шықты десек артық айтпаған болар едік, өз көзімен көріп, жердің сулуулығын сүйе білген Алтынбектің өлеңдерінің дені биік тау, ағынды өзен, кең далалар арқау болды. Бұл туралы Талғар аудандық казак тілі қоғамының жетекшісі Әуелбай Сәтбаев Талғар тарихы кітебінде арнайы макала жазды. Бұл әңгіме өз алдында бір тәбе.

Бір ерекшелігі тарихи жер аттары, аныз әңгімелері елішіндегі тын деректерді өлеңіне арқау етті. «Жер» поэммасы осының айқын дағелі «Ұшқызы», «Алманың күйі», «Ширактің ерлігі». Жас үрпакты ерлікке отанын корғауға, еңбекке, адамгершілікке деген адад махаббаттың үні кімді болсада тебіренпей, ойландырмай қоймайды. Жер бетіндегі жан-жануармен адам өмірінің ішкі байланысына терең үніледі.

Конаев Алтынбек Караганды, Ақмола, Қекшетау, Өскемен, Семей, Талдықорған, Жамбыл, Шымкент облыстарын аралады көптеген карттармен сырласып көпті көрген. Өлеңінің дені тәбиғатпен адамның тағызырын сабактастырып катар қояды. Жер адамды жейді, жерді адам жейді. Жерді корғауға шақырады. Тұнғыш рет, тұнғыш баласы Қожахмет әкесінің тұнғыш кітабын шығыруға өз үлесін қости. Бұлда болса өке арманының орындалуы. Ақмола қаласында құрылыш инженерлік институтын екі ұлы бітірген. Қожа инженер. Балалары — құрылышсы. Бір қызы Бибигүл дәрігер. Өзі мұғалім болып істеді.

Алтынбек зейнеткер жасы 70-ке келді. Ұзак жылдарғы енбегімен ізденістерінің биік шыны «Аспантау толқындар» атты өлеңдер топтамасын ұсынды. Кемшіліксіз адам болмайды, кемшіліксіз шығарма болмайды. Ең абзалы оқырман көnlінен лайым өз орнын табар деген тілек айтамыз.

Мұхаметқали Әбдірәйімұлы.

К 4702250200
00(05)-06 ББК 84 (5 Каз)
ISBN 9965-749-65-5 © Конаев А. К., 2006

Оху зерт.

РАЙЫМБЕК ҰРАНЫМ

*Көрегендікке үйреткен,
Көгіңде ұшқан қыраның.
Әрлікке мені үйреткен,
Мұзбалақ сенің қыраның,*

*Әншілікке үйреткен,
Арынды өзен, жыр, әнім
«Мекенімді сұрасаң
Қарқара, Ақсай тұрагым»*

*Тұлпар мініп ту ұстап,
Асауларда тұрамын
Ерлікке мені үйреткен,
Райымбек батыр ұраным.*



ҚАРИЯЛАР

Ассалау мағалайкүм қариялар,
Көзіне мейірленсе таң ұялар.
Ұласып ойларымен ақылдары,
Терен де тымсынданған дариялар.

Сиқырлап әңгімесі ойынды алар,
Ерлікпен даналықты мойынға алар.
Әдетпен аттап кеткен асаулары,
Жүйелі сөзімен-ақ «сойылданар».

Ақшашты, ақ сақалды қариялар.
Сарқылмас ізгілігі дәрялар.
Аман боп жүріндерші қамқорларым
Зерделі кенесінен нәр ұялар.

АЛБАН АТА

Аманбысың, Албан ата ақылдарым,
Алып тау, алыш аспан, асылдарым.
Сан ғасыр дүшпандардан мойымаған
Тапжылмай тұрсын қарап ақсақалды,
«Хантәнірі», «Аспантау» асуларым.

О, менің Албан ата биіктерім,
Тау тасында қоздап өскен сүйікті елім.
«Асы» жайлау, «Шалкөде», «Қарқараға»
Албан атты ел болып сиып келдім,
Ел көрмеген тауыңдан киік көрдім.

Мергенбай, Жақыпберді мергендерім,
Айтып жүр ерлігінді көрген елім.
Ұзақтай аты әйгілі батырларым
Құлмамбеттей, қойдымдай ақындарым
Аңыз болып таралған жақындарым.

Ел билеген Жәменкедей көсемдерім,
Жаңғабылдай әйгілі шешендерім,
Диханбай, Алдаберген, Серікбайдан,
Қонайдан қаулап өскен өрендерім
Жазықсыз құрбан болып өлгендерім.

Қалынды жарып өскен бабам қайран,
Аспантауда еркін өсіп сайрандаған.
Жазықсыз мекенінен түре қуып,
Жер үшін қырып елді ойрандаған,
Шындыққа көз жүгіртіп ойлан оған.

Тудым тауда өзіңнен от алғаным,
Жанаң таудай жалындалп өс Албаным.
Елім, жерім, екеуің қос аруым,
Күндей елім өзіңнен шуак алам
Жырға бөлеп өлкемді от Арманым.

ЖАҢАЛЫҚ

Міне, міне жаңалықты естіндер,
Ақмолаға, Астанаға көштіндер.
Кеңге жайған бұл қазағым құшағын,
Дүбірлетіп дүниені кеттіндер.

Міне бүгін жарқырап жаңа таң атты,
Әлемді мынау алтын нұрға жалатты.
Естімеген бұрын, соңғы жаңалық,
Көп қауымды тамсандырып қаратты.

Бір сәби келіп, бір от басын қуантты,
Әр кім өзі жекеше боп жүк артты.
Лақтырып толқындарын теңіздің,
Жанаң таулар тастан арал қалапты.

Бір каланы көтеріліп су басты,
Естігенің барма өмірде тозбасты.
Жер койнынан қазып алып ғалымдар,
Көз алдында сөйлетіп тұр қубасты.

Жүргінде кәрі, жастың ой кетті,
Кешегі қызы бүгін міне бой жетті.
Үй де отырып жаңалықты көруге
Әр бір үйде шарайнаны сөйлегті.

Естініздер міне-міне жаңалық,
Жеке-жеке шығып жатыр қожалық.
Жаңалығын әркім өзі ашады
Енбегінен туындаиды даналық.

Тасты ерітіп, мырамырды қашаған,
Адам мынау дүниені жасаған.
Өз атанын гүлденетін Нұр аған,
Құтты болсын жаңа қоныс босаған.

КОЛДАЙ КӨР БАБА

Төгілген нұрдың сүйсіне сүйдім шуағын,
Таң алдында шомылып нұрға тұрамын.
Әмірдің мынау жайып салған алдыма
Мың бір тұрлі шеше алмай келем сұрағын.

Құлазыр көнілім алдынан жолын ширатып,
Әмірдің қызық құпия сырына құмартып.
Өзгеге емес өзіңе АЛЛА сиынып
Райымбек баба әруағына жалынып

Келіп ем көшіп қонысын бабам сағынып,
Кетерме екен қуаныштан жүрек жарылып.
Өзіңнен үшқан менде, өзіңнің құсынмын,
Құшағына ала көр бабам қуантып.

Көрсет АЛЛА жақсылықтың жатқанын,
Келемін кешіп өмірдің қойю батбағын.
Қолдасын баба әруағың сенің мені де,
Құтемін алдан жана бір таңың атқанын.

Сағыныштан тұрамын тұнде ойланып,
Келеді таңым қуаныш нұрын байланып
Бір уыс сенің топырағың тәнім мекенім,
Бабамның келдім касына міне айналып.

Сұрайтын менің өзіңнен жалғыз тілегім
Сөнбесе екен өсірген гүлім, шырағым.
Алдыма қойған арманым ауыр таулардай
Колдай көр баба Талдыбұлақ тұрағым.

ӘМІР ӨЗЕН

Шалқөде, Қарқараның тынысы елім,
Бірің – аға, ал біріншің інісі едім.
Уа халқым Алтынбекің аранда жүр,
Райымбек батырдың туысы едім.

Көп ойланып халқымның камын жегем,
Мен соларға жүрегімнің дәнін егем.
Қырық жыл арқама алып арқаладым,
Сен арқылы болашақтың төрін көрем.

Сен арқылы қындықтың бәрін женем,
Сондықтан жүрегімнің нәрін төгем.
Туған елім керегіне жарамасам,
Мен қалайша жер басып тірі жүрем.

Сөйлейді туған өлкем шын ұстазым,
Қапаста жатты жырым Үріstemім.
Жазамын келер ұрпақ сендер үшін,
Халқымның батырларын ту ұстарым.

Өлеңмен ауызданған бала шағым
Қырық жыл талды көзім қарашиғым.
Қыраным Алатаудан қалқып ұшқан,
Менің сол сәбиім бар дара шыңым.

Есім де тауда туып тауда өскенім,
Жалаң аяқ түсер еске қар кешкенім.
Қарда өсетін гүл барын білесің бе?
«Гүлгүлапшін» гүлімін сыр кескенмін.

Кіндігімді жан анам қылмен буған,
«Мөлдір бол» деп таудағы сумен жуған.
Білсін деп сол биіктен алдықты,
Араласып қардағы елмен жүрген.

Қырық жыл көтерсемде көрінбедім
Туған жердің биігімен төрін көрдім,
Болайын сенен жауыр елім саған,
Кетпейды босқа менің төккен терім.

ҚАЗАҚ

Даламенен бұл қазағым құрдас-ты,
Кендігімен кең даламен сырласты.
Шөптің, аңың тілін білді бұл қазак,
Көзбен көріп талай-талай жер басты.

Әріп-әрім, теректен ерін қашады,
Ою өрнек қырнап бәрін жасады.
Баласына үйретті атты, тұсауды,
Мініп жүйрік, үйретіпті асауды.

Қастерлеп атын, «қанатым» деп бағады,
Үйретіп лашын, үйрек-қазын қағады.
Құстың, аңың тілін білді бұл қазак,
Таумен тасқа қойды тауып атауды.

Қашағанды шалма тастап ұстады,
Үйретіпті ноқталауды, тұсауды.
Үйретпепті баласына жамандық,
Үйретпеген кемітуді, қорлауды.

Алып безін қарағаймен қайынды,
Тегешпенен, тегенені ойыпты
Көздің жауын алатынын өрнегін
Өнеріне көрген адам тойыпты.

Қысы, жазы ат ұстінен тұспеді,
Суды ағынсыз «өлі су» деп ішпеді.
Мал өсіріп өрісіне қаптатып,
Өңін танып, жоғын тауып тұстеді.

Кеспеді ағаш, тастан қалып қораны,
Қалап тастан тұрғызыпты моланы.
Тасқа ойып қалдырыпты жазуын,
Аймалапты баласындаі даланы.

Құйып алтын зергерлікпен сан түрлі,
Қалып жасап артына өнер қалдырды.
Салтанатты сарайында қазактың,
Ішті қымыз дәуірледі әр түрлі.

Кен даласын бабам менің қимады,
Үрпағына өріс, қоныс силады.
Том-том кітап жазбаса да артына
Өсиетін, щежіресін жинады.

Қасиеттеп тастамапты бесікті,
Кен даламен жалғасыпты өсіпті.
Кен даладан өріс іздең бұл қазак,
«Аспан таудан» «Сарөзенге» көшіпті.

Керегесін керіп үйдің тігісті,
Бәрі түгел бірак үйге сиыпты.
«Сенің, менің» деген сөзі жоқ екен,
Өз шаруасын тыңдыратын тиісті.

Корған болған даласына сеніпті,
Баласына бәсіресін беріпті.
«Женем» деген Ескендір мен Парсылар,
Шөл даладан сыбағасын алыпты.

Мойнымызға салды Россия арқанды,
Жерімізге салды корған қалқанды.
Бір-бірінді айдал салып өлімге,
Бұл қазактың тарқатылды арқауы.

Жұзге бөліп бұл қазакты бөлшектеп,
Аға сұлтан, кіші сұлтан қойды екшеп.
Бір-біріне айдал салып мал тауып,
Ру-ру тайпаларды жүр жіктең.

Араларың емес еді тым алыс
Әкем қазак үш түздегі, үш Арыс.
Ұлы тұз, Орта тұз, кіші тұз,
Ұшке бөліп кен далада жүрді алыс.

Болашаққа қол ұстасып баралық,
Болмасыншы «жұзге» бөлу алалық.
Елім, жерім болсын бүтін десендер,
Бір әкенің баласындаі болалық.

1992. Қаңтар.

ЕЛ КӨШКЕНДЕ

Жастығым балалығым, ерке күнім,
Келеді әке жаным еркелегім.
Уаймсыз, қайғысыз балаң едім,
Неткен жылы жан әке алақаның.

Жан әке білесің бе кер бестінді,
Мені алғаш ертіп шыққан келмес күнді.
Қыдыртып Ақдала мен Көкдаланды,
Таныстырдың туысымды, білмесімді.

Білмес ем алыспен жақынымды,
Үйреттің «жақын жер» деп шақырымды.
Зекіп алып асауға мінгізесің,
Қыспадың,— деп айғайлыштақтымынды.

Жан анам Бәти маған қарап тұрды,
Шу асау жалғыз ұлын лақтырды.
Төңерек тынышталды сол бір сәтте
Шыңғырды асау, даусына құлақ тұнды.

Жан анам шошыды ма жылап тұрды,
Алладан сақтай көр деп сұрап тұрды.
Құлағынан құланың нығарлап ап
Жібермей әкем қолмен бұрап тұрды.

Мініп жайдақ асаумен жарысқаным,
Тартып көкпар балаларымен алысқаным.
Қатқан колым тізгінде асаулардың
Саусактарым зырқырап қарысқаным.

Әкем Қонай қасиетті болған мықты,
Мықтылыққа үйретті Алтынбекті.
Жалғыз ұлым демепті, аямалты,
Жаның құрбан халқынды сила депті.

Ақтасты, Қайынды мен Қасқа бұлақ,
Қасқайып тасты жарып акқан құлап.
Айтайын мен сөзіме салсан құлақ
Кәрі, жасы келетін үйге шуап.

Анам жүр сауып бие саба піскен,
Көрі, жасы жиылдың қымыз ішкен.
Марқа сойған жиылған баршасына
Ұлы дүрмек ауылда бола тұскен.

Әңгіме көп осы арада басталатын,
Сөйлейді сөз шешені басқаратын.
Дастарқанда қымыздың кыза бөрткен
Көрі жасы салып өнер атқаратын.

Өмірдің берері көп еселеген,
Іштім қымыз сарқытын кесеменен.
Асып Талқы, Сайрамды араладым
Соңғы көші ауылымның кешегі елмен.

ДОМБЫРА

Откеннің ізі жатыр көмейің де,
Халықтың тілі жатыр көмейің де.
Ақынның жыры жатыр көмейің де
Әншінің әні жатыр көмейің де.

Заманның ізі жатыр көмейің де,
Тарихтың көмбесі бар көмейің де
Осынша құдіретті үйіп-төгіп,
Не құдірет құйды екен көмейіңде.

Мұнымды өзіңе айтып төгейін бе,
Домбыра болып сөйлемдім көмейің де
Кей де бұлбұл, кейде дұлдул домбыра да,
Тұр казактың даласы көмейінде.

Дауылдатып, шаң бұратып, желейін бе,
Тұр тұлпарым жұлқынып көмейің де.
Жез киік, аққу болып мен де бірге,
Күмбірлеп барам ұшып көмейің де.

Кіп-кішкентай қазақтың домбырасы,
Өзен болып, тау болып табылады.
Қөл болып, теңіз болып тербеледі,
Үніңнен кең даланы ел көреді.

Сондықтан бұл қазақ домбырасын,
Биік ұстап өзінен арулады.
Сарқылмас халқымыздың қазынасын
Бойынан іздең, өзін сағынады.

Даланың кендігі түр пердесін де,
Тудырды ой даналардың зердесіне.
Қос ішегің осы өмірдің құшағындај
Тартылып жолы жатыр кеудесін де.

Тиегің қос жүйріктің кермесіме,
Шанағын шапалақтап бөлмесінде.
Қайғысын қуанышын бөлісетін,
Қазақтың жұр айналып көрмесіне.

КӨРІП КЕЛЕМ

Көрдім көпті көненің сөзін тындалап,
Отпестерді қайраққа келем қайрап.
Макалдатып термелеп сөйлегенде,
Әкемнің кетуші еді көзі жайнап.

Жан дүниемді ерітіп баурап алған,
Шешен тілмен сөйлегенде болама арман.
Кетіп есің құлағындың құршы қанар,
Әңгімесінен көрмейсің ешбір жалған.

Әңгімеден әңгімесін қоздататын,
Ұрмай соқпай сөзімен боздататын.
Отпестерді өткірлеп алатын да,
Адам түгіл тұлпарыда тіл қататын.

Күйды әкеліп қымызды кеселермен,
Ішкен де, ішпеген де болар шермен.
Өлеңдетіп, әндетіп, күйін шерткен,
Сұлуларын арылтқан қайғы дерттен.

Той-думанға жиналған кәрі жасын,
Бір жасарып қалатып әділ басын.
Қыз, келіншек өлеңмен ұсынады,
Шара толы қымыз ба ішер асын.

Сөзбен аңдып кәрі-жас әзілдескен,
Жасырып ой, жұмбағын шешер шеттен.
Күн шығып, күн батқанын білмей қалар
Сол қызығы жалғасар келер кешпен.

Өтті өмірім осылай көшкен елмен,
Еміс-еміс келер үні ескен желмен.
Ерлігін, көсемдігін, шешендігін,
Жандырар естігенге өткір тілмен.

Қарын тоқтап, тамак үшін жиналмаған,
Жастары жүр әкеден сабақ алған.
Келер күннің алдын болжап алады да,
Бір жүйріктің басына құрық салған.

Сөзге баулып баласын ілестірген,
Төрге қарап сыбағасын үлестірген.
Ортаға алып тентегін тергейді де,
Көк шалғында баласын қүрестірген.

Балаларды жинап ап шаршы аланға,
Бар қызықты не жетсін қарсы алғанға.
Қозы, лағын көгендер бәйгісіне,
Жаяу бәйгі, жариялап, жар салғанда.

Бәйгі тігіп баласын жарыстырған,
Екі ауылды жақындар алыс тұрған.
Желі бауда келін жүр бие сауып,
Менің бабам жаралған намыстардан.

Илектеп алдым көкпар ала жіптен,
Мініп тана, татамбайлап қия беттен.
Мықтыларымыз шығушы ек толты жарып,
Осалымыз іркіліп қалар шеттен.

Тартып көкпар тана мінген балаларға
Үйретіп жүр жай-жапсарын ағалар да,
Тақымдастып аударыспақ кеттік бастап,
Бірі сілкіп, бірі жұлқып далалар да.

Жұлқып алып ала жіпті ала қашқан,
Үйретіп жүр айла-тәсіл бала жастан.
Қызығына ойынның қарап қалар,
Ақсақалдар қуанып көніл ашқан.

Тастап шалма асауға түйілетін,
Шу асауды қайырып иіретін.
Бұғалық сап асауға қыл арқанмен,
Өз ырқына еріксіз үйіретін.

Ат үстінде босанып бала келген,
Сол баласы ұлан асыр дала көрген.
Ат құлағында ойнаған осы балаң
Кең даланың жауынгері бола білген.

Жамандық атаулыдан жырақталған,
Жақсы сөзді үйрендік құлактардан.
Өсиетін өткеннің жазып келем,
Алдым тәлім қарттардан сыр актарған.

Әкел қымыз шара толсын еселенген,
Тамсанып біз ішелік кеселермен.
Жерін айт, ерлігін айт, байлығын айт,
Көгеріпті, көктепті төсегімен.

Жүйрігін айт, тірлігін айт, сұлуын айт,
Мызғымайтын елімнің бірлігін айт.
Бәйгісін айт, қыз қуған, көкпарын айт,
Қазыналы қарттарымның өздерін айт.

Тіл үйіріп аңқыған дәрі қымыз,
Бабаларымнан келе жаткан кәрі қымыз.
Сапырып бал қымызды құяр келін,
Сыздаусып терлей берер манлайыныз.

Бөлісетін еншілес әңгімесін,
Сөзден сауып, қанығып бар үлесін.
Сөзді қуып сол сөзден дау іздеген.
Жалғастырап құндермен сол қүресін.

Сөзге жығар мықтысын сынап алып,
Тоғыз алар, болса керек құнға, барып.
Қыз алып, қыз берісіп құда болар,
Сойып малын, қолдарын қанға малып.

Өлі тірісін қастерлеп осы халық
Салтың көп-ау кей-кейде қызығарлық.
Қызық қуып мал бакқан даласын да
Малдас құрып төрде би қылар жарлық.

Дара сөздің даналығын бағып өткен,
Ақынын да, шешенін қадірлеткен.
Қара қылды қақ жарған шыншылдарым,
Менің өкем үзілгенді жалғап кеткен.

Алланың ақ жолында ақ дегенін,
Білейік еркін елге бақ келгенін.
Куанышым өткенім де, бүгінім де,
Өзінің төгіп нұрын ап келгенін.

Қазақстан жасарар жаңаланып,
Бар әлем танып жатыр хабар алып.
Барлық сала гүлденіп қаулап өсер
Өндірістің ошактары тұр қаланып.

ІЛЕ АЛАТАУЫ

Қондырып иығына шың мен құзын,
Ырғалып арман желмен салады ызың.
Бұлқынып арнасынан тал бұлағы,
Қосылып анмен құсың ән салады.

Жамырайды тал өзен саласымен
Бұғы, марал жағада танаһымен.
Ұқсап тұрып кетеміз Іле өзенге
Жарасып тұр арулар баласымен.

Тұріп тастап бұлттан текеметін,
Естіледі от айнап керемет үн.
«Кемпір қосак» керіліп тұр алдымда
Жасарып жас келіндей тұрге енетін.

Киіндіріп жеті тұрлі кимешегін,
Көргендей жас аруды қүй кешемін.
Керемет мына дала неткен сұлу
Өзіннен бастайды әркім келешегін.

Келеді құшағында еркелегім,
Өзінде ержеттім де мен тұледім.
Төсіннен Іле таудай көтеріліп
Ілендей асып-тасып күркіредім.

Кымбатсың Іле өзені жан анамдай,
Отансыз жанға жүрсің бағаланбай.
Сауық сайран салайын төсінде ойнап,
Өзіннің аялай бер бел баландай.

Ағаштың бұтағындағы салаланған,
Сан алуан саласынан, ағады арман.
Толқының үйіріліп жылым жұтып
Арнасын да толықсып дараланған.

Жетісудың жүрегі, тұн құшағы,
Киқуларға каз, үйрекің күнде үшады.
Бұлқілден тіршіліктің жүреніней
Айдыныңды аймалан күн жұшады.

Ақ ерке, айдының да сыландайды
Ақшабақ шоршып суда бұландайды.
Көркінді көрген адам ғашық болып,
Суға түсіп құмыңа шын аунайды.

Байлықтың тасып аққан қазынасы
Өзіннен терер инжу, кәрі, жасы.
Тербетіп бесігінде әлдилей бер
Аға бер Жетісудың дәриясы.

ҚАПШАГАЙ

Көз алдымда бағаналар сырға тағып,
Жымындалап сансыз жұлдыз шамын жағып.
Көл бетінде толқын ойнап тербетілген.
Ақкулар салады әнін сырнайлатып.

Ақ талын аймалайды толқын сүйіп,
Үкілі сұлу қамыс басын иіп.
Жыл құсы қуанышпен сайрағанда
Үйрек, каз келді көлге басын жиып.

Тыныштық қандай жаксы қалған ұйып,
Мәлдір су жүрегім де жатыр тұнып.
Шоршыса ақ шабағың ірімнен,
Шағалаң қағып кетер қалса шығып.

Ұлы той қуаныштың кеші болып,
Үйрек, каз мәз болады ұшып қонып.
Тұлқі үріп, қарсак, мәлін миаулаған,
Ашықкан теріс азу жатыр ұлып.

Антатыр, құндыз, күзен тасаланып,
Сұксыр үйрек, шүрегей бұта бағып.
Ителгі, лашынменен қаршығалар,
Шыққаның оқшауланып кетер іліп.

Сайрайды бұлбұл әнін түрлендіріп,
Не түрлі өсімдіктер гүлін беріп
Шынымен Қапшағайды сүйген жандар,
Кетеді құшағына әлем сиып.

Береке бар жағанда жатқан түлеп,
Алыпты көк аспанды көлге бөлеп.
Киігің сағындырып келер шөлдеп
Әлдилеп майда толқын тербетіліп.

Тыныштық кен әлемді жарастырып,
Конды бұлт, көл бетіне малдас құрып.
Көрінген көл бетінде көп тенгелер
Барады жасырынып адастырып.

Фажайып ертегідей көп елеске,
Адамның қолы жеткен осы емес пе
Қапшағай қаласы тұр көлін сүйіп
Көңілі көрген жанның хош емес пе.

Нокталап табиғатты осы адамдар,
Орнаталық шөл далаға гүл аландар.
Шешілер алдымыздан талай жұмбак,
Ұрпактың тұр алдында шын қадамдар.

ҚАРА ОРМАН

Құс біткен қара орманда ән салады,
Жапырактар қол соғып қарсы алады.
Қызғаныш ішін өртеп бара жатқан,
Карқылдалап «ала қарға» тамсанады.

Сауықсан шықылықтап ұшады ары,
Кояндар жасырынып бұталарды.
Шошынып барады ұркіп киіктер де,
Тасалап барады асып жоталарды.

Тайрандал бұғылар да жүгіреді,
Аң біткен көрсө адамды тұніледі.
Қырғауыл, ұлар, құрмен кекілігі,
Жасырынып далаларға үлгіреді.

Шошынып суыр, борсық барталандап,
Ініне тығызып жүр жер табандап.
Жартастың жапсарына жасырынып,
Байғыздың шығар даусы тау шағандап.

ҚҰРДАСТАРЫМ

Өтіп кеткен күндерімді еске алып,
Мен сендерді тосып жүрмін қарсы алып.
Бір жаңалық өздерінен болса егер
Куанғаннан қалушы едім тамсанып.

Айтақыным, Әжібай мен Ахмет,
Құлбек пеннен Мухаметкерім жақын ет.
Жұмабай мен Оқас және Қорғасбай,
Арамыз да Абдиман мықты ақын ет.

Нұрмұхамбет, Мырзабай жалғыз мұндастым
Жақыным да жанаширым сырласым.
Талай қызық, мезгіл өтті сендермен
Сырым меннен Тұрар жайлы өз басым.

Шапиұлы Молдасан мен Абдиман,
Ән мен жырың көкірегіме нәр құйған
Албанымның мықтылары-ай тарланы
Халқымыздың мұраларын жүр жиған.

Жартыбай мен Отарбай дәу келген де,
Ерінбейтін ерлігің бар білгенге.
Өтіп кеткен жас дәуренді ойлайық,
Бір-бір дәрия секілдісің көрген де.

РАЙЫМБЕК ТАУДЫҢ АТАСЫ

«Конысынды отыруши ең жарастырып,
Қарашиб көштің қайда адастырып
Сағынып мен өзіне салдым іздеу,
Жинадым елден бақсы бал аштырып»
(Аламаның жоктауынан.)

Қаскелең шыңы Таушелек,
Шығысқа өзен түзеген.
Табан қарағай, қайың тұл
Жанына дауа ем берген.

Тау үстін де тұр Көлсай,
Алатаудың айнасы
Ақ шындары шанышылған
Батырлардың найзасы.

Тау үстіне тау мініп,
Ақ күміс, мұздан, алқасы.
Алатау, Асы, Каскелең,
Шелектің суы сайды осы.

«Мұзарт таудың үстінде
Төре жайлау» төресі
«Аспантау» көкке асқақтап
Көрінер көктен төбесі.

Ормандарың қаулаған,
Жас арудың шашындай.
Мәр-мәр тасың қат-қабат
Шебердің тізген тасындай.

Жалаңаштың жалдары.
Үшмеркінің — анасы.
Шұңғыл — шұңғыл сайлары
Мал біткеннің панаы.

Жайдак бұлак, Кенсуды,
Қызыр шалған жер осы.
Қақтанып күнге «Ағанас»
Торайғыр таудың баласы.

Асы, жайлау «Жіңішке»
Алғабастың сағасы.
Темілдірік, Көртөғай,
Ақсайдың жатыр даласы.

Ұзынбұлак, Жылышай,
Шыбышыға бел асқан.
Кұлық тауы керіліп
Бауырына құлын жанасқан.

Жазығында Кұлықтың,
Ақбоз үйлер тігетін.
Қарашты көріп төбеден
Аламан атқа мінетін.

Аламан мен Қарашты
Аңыз етер білетін.
Курайлы, Құлық, Ақтасты,
Қыстауы Көксай жүретін.

Қараш көшті Кегеннен,
Құздеу етіп кенсуды.
Елі, жұртын сағанып
Хоштасатын күн туды.

«Қараштың атап төбесін,
Қараштың сазын көрініз.
«Қараш-Қараш» аталып»,
Ел аузында жүр аңыз.

Он, солында қарағай,
Кұлық тауға қарашы
Жүз кұлық бие құлындал,
Құласы мен қарасы.

Тұюқпенен, Қарасай,
Борлысай мен Кеңбұлак.
Ұларлы саймен Өрісбай,
Арыда жатыр «Ботамойнак».

Аспантауым асырып,
«Үш тиек» болып құлайды.
Малта тасын ойнатып
Арнан да балық тулайды.

Өзенің мен көлінде,
Каз, үйрегің шулайды.
Қыраның самғап көгінде,
Қанатын жайып зулайды.

Дөңгелексаз, Көкбиік,
Жатырсың мәңгі көк сүйіп.
Жылқысы жейді сарқұйік,
Ыдысына берер бал құйып.

Мұзарт бабам такаппар,
Басынан бұлт асырмай.
Құлпырып кетер Қарқара,
Тұрленіп гүлі жасындей.

Тезек төре Әнетпен,
Сырт жайлауын сәні еткен.
Пұсырман ұлы Тазабек,
Ел ішінде дана өткен.

Ағады Кеген өрнектеп,
Мың бұралып бишідей.
Тау үстінде «Байсуан»
Асуын «АЛЛА» дегендей.

Жер сұлуы елі бай,
Үшқарқара даласы,
«Кызыл ойпат» аталған,
Осында «шығу» қаласы.

Ақкөл менен Қаракөл,
Қан тәнірдің ыдысы
Алтын кен мен Байынқол
Аспан таудың тынысы.

Текшеленіп үшқақпак,
Шұрайлы жердің көрікі.
Іле басы томпайып
Алдында жатқан бөрікі.

«Шакіранбал» шалқайып,
«Есек артқан» келіндей.
Алдында жатыр «Алтынкен»,
Түйенің шөккен беліндей.

Шалкөденің жазығы,
Кілемнің сұлу гүліндей
«Елшенбүйрек» хан орда
Қарасаз ханның төріндей.

Етекте жатыр «Тұзкөлі»
Жабырдың жалғыз көзіндей.
Қасиетті «Қызылұш»
Жанғабылдың өзіндей.

Ойқарағай, «ұш хасан»,
Таулары семсер жүзіндей
Кетпентауы, Құмбел тұр
Шөккен нардың өзіндей.

Құшағында таулардың,
Жылышыбұлак, Айғайтас.
Тұзу, қисық сайларың,
Қалайша олар сөз болмас.

Төбелері қатар тізілген,
Аталар үйсін жайлары.
Тауымен терен сайларын
Етіпті қоныс байлары.

Қошқар, Шипұт, Көмірші,
«Ала-айғыр, сайқал» басында
Азынайды, өзен аңырап,
Сарытауға қосыла.

Жуантөбе, Нәнтөбе,
Аңыз болған ерекше
Жонші бимен Нәнді би,
Туған жері бөлекше.

Қарабөлдек, қадау тас,
Кызыл арасан емес пе,
«Жұмбақ таста» жұмбақ сыр
Адамдар оны елесе.

Шығу атты қала бар,
«Аспанқора» Ақтасты.
Жуантөбе — карауыл,
Үйсіндердің панаы.

Жетісуді билеген,
Таңхан атты хан өткен.
Кызылөңір ойпатқа
Өзіндік ізін сала өткен.

Кіші арасанның алдына,
Шымнан тоспа қалатқан.
«Жыннан» тұзын алдырып
Буыршынға жалатқан.

Шәлкөденің бойында,
Үйсінің сұлу қызы тұр
Сарбұлақтың өзінде
Бал-бал ана өзі тұр.

Көрем десен ағайын
Бұл сөзімнің шыны бар
«Үйсін, Аттың тауында»
Тарихтың өшпес ізі бар.

Қабанбайдай батырдын,
Ел атаған шыны бар.
Тұған өлкем тым ыстық
Айтылмай жатқан жыры бар.

Курайлы, Тұйық, Жылышай,
Көксайларда үнгір бар
Қызылқия, Үйген тас,
Откендердің ізі бар.

Асанқайғы сүйсініп
«Жер ұйығым» дегендей.
Даласынан төрт түлік
Кіндігі малдың өргендей.

Нарынкөл, Кеген осындаі,
Раимбек таудың атасы.
Шалқөде мен Қарқара,
Далаңың шүйгін жотасы.

2005. III. 10

САРЫТАУ

Көтерейін елімнің көк байрағын,
Өлең сөзге әкеліп ат байладым.
Аттамаймын халқымның ала жібін,
Алмасымды білеген көк қайрағым.

Шығып тауға шындарың сүйенгенім,
Мекендейді сай-саланда киелі елім
Сәлем берем биқтен данасына,
Ақ бұлағым өзіңсің шын сүйерім.

Сарытауым таранып қасы, көзін,
Шабыт алып өзіннен тасыр сөзім
Өрлігіннен өріліп өрнектелген,
Кеген болып ағады осы өзенім.

Қараөленгे жасым да Құмар едім,
Бойлап өскен сайын да шынар едім.
Айтыстың додасына тұспесем де,
Той-думанда қалмаған Құлагерім.

Тауда туып, тауда өскен баласымын,
Шыңға қарап талдырған қарашығын.
Сырмағындай шебердің сырып тіккен,
Мен Кегеннің, Қарқара атты даласымын.

Касиетін шын сүйген биігінін,
Еркін өскен далаңның киігімін.
Ақ қарына аунатып тұлетпесен,
Туарма еді, қар жамылып киелі ұлын.

Ұйсін ата «Көген» деп аталарын,
Көгеніне беріпті баталарын.
Мен солардың келемін ізін куып,
Басып өткен бабамның жоталарын.

Өрлігім бар тауға тән дара туған,
Қасиетім өзінен жаратылған.
Тамсаңдырып әлемді қарсы аласын,
Көк тіреген күн сүйіп дара тұлған.

Ақ күмістей биікте ақ шындарым,
Мәңгілік әнім, жырым мақтанарым.
Қыраның, бол өзінен қағам қанат,
Кеген болып жыр өзен ақтарарым.

Ақ сәлделі, ақ шашты тауларымның,
Ақ найзасы болайын занғарының.
Келген сүйіп бұлтын құшағына ап
Шомылдырап жататын бауларынмын.

ҚАЗЫНАЛЫ КЕНДЕРІМ

Сағынып келем өздерінді, сөздерінді,
Күдіретімен билеп алар сезімімді
Жасартып бір әңгімемен тастаушы едін,
Биіктерден көретін едім өздерінді.

Откен кеткен дүниені айтады,
Төнерегін көзбен шолып байқады.
Біз көрмеген, көрген талай бейнетті,
Сапырып кеп, сыр қымыздай шайқады.

Әр заманың шежіресі әр бөлек,
Бойлап өскен көз алдымда бәйтерек
Сүттей тынып, айран болып ұйыған,
Өнегелі қарттарымды айтар ек.

Бастарың бір қосылғанда қызыққан,
Оза сөйлеп бір-бірінен сөз ұққан.
Бірін-бірі сөзбен шалып тірескен
Нағыз мықты осылар-ғой күрескен.

Мәтелдермен мақалдыда табатын,
Бір-ақ сөзбен бар қауымды қаратқан.
Бір-ақ сөзден ел алдында женіліп,
Ел алдын да түсіп отқа жанатын.

Намыспенен бірак сөзге тоқтаған,
Жүрегіме жағып отын шоқ саған.
Қайран менің қазыналы қарттарым,
Бір ұлынмын өздерінді жоқтаған.

Малай, Қонай, Тағай менен Елшібек,
Қараш, Кембай, Қауысбай мен Қазыбек,
Базарбай мен, Нұрғожалар, Қодасбай,
Қыдыр ата, Сұраубай мен Жанысбек.

Тәжібай мен Ахмет бар Алғазы,
Құрманғазы, Әкімбек пен Нұрғазы,
Айтақын мен Мұхаметғали, Халықтар,
Иманқұл, Отан, туыстарым Ерғазы.

Сиреп бүгін кетіпсіндер арадан,
Шығыс, батыс, онтүстікке тараған
Шетте жүріп, шет жайлаған ұлыңмын,
Түймен едім омырауына қадаған.

Орныңа кеп қонысына қарадым,
Жоқсың сендер іштен тынып жыладым.
Курайлы, Ақтасты мен Арасан,
Тасты жарып ағып жатқан бұлағым.

— Білесің бе, ей, Алтынбек деп Ахмет
нағашым,
Аты әйгілі мынау Қызыл арасан.
Мына Болдек қонысы, ана жер де
жатыр-ғой,
Ата-баба тарихы бар қарасан.

Жер ұйығың осы емеспе қарағым,
Өзінменен туған елім санасам.
Карлық, Аси, үйсіндердің қонысы
Арманым не қойныңа кеп аунасам.

Дан мен Жонның, жота жолы қасқайып,
Сарытаудың өр биігін бетке алып.
Балам саған айтарым бар ұмытпа,
Жүрсөң болды, ата жүртты еске алып.

1962. V. 26

КӨЛСАЙ

Алатау өзін де тұр іздегенім,
Ұйып тұр ну орманға төңерегім.
Жымындаң көлдің беті дірілдейді
Құшактап Аспантаудың бар әлемін.

Сұмбіл шаш, Қарағайы бетінде өріп,
Аспаннан ай қарап тұр қасын керіп.
Көрген жан сұлулыққа мас болады,
Жамылып Көлсай жатыр жасыл көрік.

Шың зергер көк шынысын көмкерген бе
Аспанды көлге әкеп төңкерген бе
Ақ мамық, көрпе, жастық бүлттан жиып
Коржының Алатауға өңгерткен бе.

Көремін қарағайын көл бетінен,
Құшағында Алатаудың тербетілген.
Дәл сендей жер ұйығын таба алам ба
Іздесем ерте тұрып жер бетінен.

Тұр жұлдыз жымың қағып шашу шашқан,
Сұлулық тал бойың да асып-тасқан.
Бірің ай, бірің көл боп ұйып қалған
Қос ару сүйісіп тұр құшактасқан.

Сағынтбай сұлу Көлсай қоясың ба?
Білмеймін қыр асыл ма, ойы асыл ма
Бір күнде жұз көрсемде жалықпаймың,
Көркіне сұлулардың тоясын ба.

ҮЙСІН

Үйсін тауы, Аттың тауы боталады,
Аспан таудың сай-сала жоталары.
Шашыраған тізіліп кен далада,
«Моласы үйсіннің» деп аталады.

Бәйге десе ішкен асын ұмытады,
Туған жер жүрегімді жылдытады.
Ұйқы көрмей сол түні ала қызған
Сай көлігін Үйсіндер суытады.

Ел ішіне жататын құлак түріп,
Әр тәбеле жағар от шырақ қылып.
«Келеді жау келеді» деген күні,
Көшіп кетер бұл Үйсін адастырып.

Тобылғы күрен шапқанда құйындатып,
Аунатып барады жерді зырылдатып.
Сүйіп самал ақ бетін аймалайды,
Көз ұшынан ауылын бұлдыратып.

Көшіп-қонып бұл үйсін токтамаған,
Сай-саласын даланың жаттап алған.
Құн билердің Әмірін өре тыңдалап,
Қол астынан бөлініп шет қалмаған.

Мініп атқа бұл үйсін қаптаған ел,
Ат баурында жауларын таптаған ел.
Жөнші, Силі, Дулының заманын да
Көрпе бағып, тәсекте жатпаған ел.

Нелер мықты ат мінген бола жүйрік
Жүйріктермен асауды қуа жүріп.
Жылқы десе бұл үйсін дайын тұрар
Өз жүрген беруге тура жұлып,

Өшіре алмас малына таңба салып,
Семсерлерін мал үшін қанға малып.
Кен даланы үйсіндер мекен етті
Тастан қалап тұрғызыды қала салып.

Үйсін елі жасарған даласымен,
Белгіледі даласын моласымен.
Көр жазуын тастағы қорасымен,
Жерін атап қалдырған баласы мен.

ӘКЕМЕ

Көктепті ағаш бүрленіп жапырағын,
Тазалап жүр тырмалап бақша, бағын,
Әкем Конай күрекпен қазып жатыр,
Аударады бақшаның топырағын.

Аттың қыын шелекпен төгеді әкеп,
Қазып шүнқыр қоздауық көмеді көп.
Манлайының сұртеді аққан терін,
Үсті-үстіне күрегін басады кеп.

Ойлайды көп үйінде шаруасын да,
Ойнатады немересін, баласын да.
Ақыл, күштің кені едің қайран әкем
Бізге үйреттің еңбекті дәл осын да.

Тынымы жок жүретін мазаланып,
Кешке қарай жуынар тазаланып.
Бітірді істі ертеңін ойлап отыр,
Қалған жерін бақшаның қазары анық.

Бар шаруасын тындырып алатын да
Жайылып жүр жирені қыр астын да.
Қан жиренін өзі ерттеп қарғып мініп
Жылқыларын көруге баратын да.

Ат қоран тұр жан әке жетімсіреп,
Корада тұр, сүйеулі үшкір күрек.
Босағада ақ балтаң кеткен білеп
Ертоқымы, тартпасы бізге керек.

Неткен өмір бұл өзі қас қағымдай,
Талай ісің қалды әке басқарылмай.
Талай ойын арманға жете алмаған
Қайран әкем биігім аскар таудай.

Жамандықты ешкімге іздемеген,
Шежірені айтатын тізбелеген.
Өзің жүріп өскен сол «Ақтастыдан»
Сағындым мен өзінді сіздеуменен.

Төсегің тұр әкетайым ойсыраған,
Қарттарым жүр қаумалап хал сұраған.
Кешегі өткен асылдың сынықтары,
Сағындырып кездесер өр саладан.

КӨРДІМ КӨПТІ

Оку, білім өмірде шөлдегенім,
Кішіні іні, үлкені сіз дегенім.
Жөнін, жөндеп момынды жолға салдым,
Көрдім көпті, аз жасап жүзге келдім.

Өзімшілді көрдім мен келіспеген,
Билік, мәнсап еншісі бөліспеген
Такапар, өр көкірек жанды көрдім,
Өзі құдай, өзі білгіш беріспеген.

Адалдықты, шындықты, адамдықты,
Қаламайтын арамза надан шықты.
Алпарысып надан мен талай өлген,
Болды құрбан елі үшін талай мықты.

Араласып жақсылық, жамандықпен,
Біреу де бар, біреу жүр тапшылықпен.
Біреу жүр жын, шайтанның молдасы бөп,
Ал біреу күн кешіп жүр бақсылықпен.

Ойланалық бүгінді, ертенді де,
Талай дүние кирады өртенді де.
Байлық, мәнсәп қолыңның кірі емеспе,
Қой көсемі көргеміз серкенді де.

Алданыш бар, артында өкініш бар,
Дүниеге алданып болма құштар.
Өз елінің өзегінен тебе көрме,
Өртеп кетер жүрегінді сағыныштар.

Білімнің жағамын деп шам шырағын,
Айтып ақыл жетесізге таусыламын.
Біреулерге көріnbей жүрсемдағы,
Ал біреуге қол жетпес тау шығармын.

Аз жасадым, көріп көпті жүзге келдім,
Адалдықты, адамдықты іздегенім.
Тасада өскен жүзімді көрмейді деп,
Рұқсатсыз мен оны үзбе дедім.

ЖЕТИ ҒАШЫҚ

Баянсұлу аты әйгілі Қозықөрпеш,
Оқимын бәйітінді ертелі кеш.
Шын махабbat адалдықтың өлшеміндей
Бізден ұзап кетіпті сонау бір көш.

Бұл өмір сізбен бізді жалғастырған
Талайды озбыр жандар адастырған
Шын махабbat «Ләйлі мен Мәжүніндей»
Низами дастанында малдас құрған.

Зар мен Мир, Таһир Зора осылардай,
Қызжібек-Төлеген, Сейфулмұлік-Жамалдардай
Жұсіппен Зілиқа бар қолын кескен
Ғашық болған бір-біріне қосыла алмай.

Шырын Фархат биіктің шындарындай
Сақталдың ел есінде кір шалынбай.
Нағыз каунар жарқыраған асыл жандар,
Махаббатты сақтай біл осылардай.

Шығыстың жетеуіндей аныз болған,
Махаббатта осылар-ғой нағыз құрбан.
Армандасан армандаңдар ғашық жандар,
Арманның биік шыны бізге қалған.

Қасиеттеп дана халқым тастамған,
Осылардан талайлар бастау алған.
Адалдықтың, сұлулықтың патшасын
Еске алып халқым менің жаттап алған.

Шығыстың жеті сұлу үлгісіндей,
Сөзден алтын тұрғызды белгісіндей.
Қанша ғасыр өтседе ескірмейсің
Ол тарихтың көне көз серісіндей.

Шығыстың аты әйгілі жеті ғашық,
Әлемге кетті нұры шұғла шашып.
Тұн ашық, аспан ашық, күнім ашық,
Қызжібектің сінлілері жүр жарасып.

БАЙСУАН АСУЫ

(1940—1943)

Апыр-топыр бұл неғылған жан десек,
Мекенім шатыр, төсөнішім, тас төсек.
Жатыр халық бір кісідей жұмылып,
Қаскеленән Нарынқолға жол төсеп.

Түріп білек жайсан жанды адамдар,
Қара қоңыр, жалпақ сауыр далам бар.
Тауды кесіп, тасты уатып жол салған
Қырқыншы жылдың ерлеріне қарандар.

Алдағы асу, иір-қиыр сан соқпақ,
Алға жүрді көрген емес ел токтап.
Асу шынды аспанменнен тілдескен,
Оңайма екен «Байсуаннан» жол тартпақ.

Арқа жонын ақ жаңбырға сүйдіріп,
Алтабына ару құннің күйдіріп.
Еңбек етті барлық адам аянбай,
Төкті терін, алақанын ойдырып.

Кезек-кезек, күрек-ломды жатты алып,
Бос топырақ түйгішекпен тапталып.
Шымыр білек, алып жүрек адамдар
Жер қыртысын өз қолымен ақтарып.

Көрген емес батыр елім мақтанып,
Сол еңбегін «Жібек жолы» тапталып.
Қобыландының дастанында жазылған
Тайбурылды Құртқалар жүр бапқа алып.

Төгілді тер ана менен баланың,
Мәңгі өшпейтін жолы жатыр даланың.
Жазылмайтын сол жылдардың таңбасы,
Тасқа түскен белгісіндей жараның.

Байсуанның жолы осылай салынған,
Ауыздықтап асу мен шың алынған.
Иіп басын «Кұлықтауы» қарайды
Еңбегіне ерен елдің бағынған.

(*Кеген — 1962 жыл*)

АБАЙ ЖОЛЫ

Мәйегін сөздің үйытып,
Шарама құйдың айран қып.
Абайды Мұхтар көтердің
Даналарды қайран қып.

Абайша толғап жырлап көр,
Семсерін сөздің сермеген.
Тауларын ойдың қозғап көр
Шындары орын бермеген.

Қыранын ойдың тірілтіп
Тұл кісін сөзден ілдірген.
Дұшпанын достай құлдіртіп,
Бірлігін елге білдірген.

Абайды ұрып талдырып,
Шекпенмен шенге таласқан
Боданға елін қалдырып
Жатпенен ауыз жаласқан.

Түйінде сөзге токтамай,
Елінде мықты дау өрген.
Бәтуасызға түкіріп
Абайдың сөзі сан өлген.

Ибираһимді — «Абай» деп,
Атапты Мұхтар қауымға.
«Абай бол халқым Абай» деп
Тұрыпты жалғыз дауылға.

Озбырлармен күншілдер,
Жазықсыз құртқан талайдын.
Мұхтарды танып біліндер
Танытқан жолын Абайдың.

«Абайбол! — халқым Абай», деп
Абайлап жүруді анғартты,
Бірлік тілеп халқына
Сөздерін өлмес жаңартты.

2005. V-10

ҚҰМЫРСҚАЛАР

(мысал)

О, Құмырсқалар!
Құмырсқалар.
Бейнеткор,
Жер бетіндегі құмырсқалар.
Жүк арқалап керуендері сабылады.
Адамдарша,
Үйіп-төгіп жұмыс қылар.

Ынтымақшыл,
Еңбекшіл құмырсқалар
Қолдайды еken бірінші жұмысты олар,
Жау кірсе ордасына баса көктеп,
Өлуге бар,
Қолдайды женісті олар.

Кіп-кішкентай,
Сүйкімді құмырсқалар
Ұрлықты, зұлымдықты, білмейді еken.
Таптайды еken тентегін қылмыс қылар
Илеуін жылдан, жылға биіктетер
Мекенін өлі-өлгенше сүйіп кетер
Иненін қылауындай жүрегіне
Кең әлем,
Емін, еркін сиып кетер.

Бәрін соның
Басқарған бір құмырска
Бәрі соған бастарын иіп өтер
Бұзылмайтын бірліктің қамалы бар
Адасқанын,
Ордасына жиып кетер
Осы титтәй құмырсқаның тірлігінде
Үйтқысы болып тұр бірлігін де.

АДАМДАР МЕН ДИЮЛАР

(мұсал)

Көк тәнірі періштемен құдайда,
«Мезгілінен бұрын сынған емес — дейді —
курай да»

Ертегі де айтылатын,
Диюлар мен перілер,
Аралап жүр жұлдыздар атты тоғайда.
Адамдар жүр өнер ізден
О, заманнан ертенге, ...
Ойнап өтпен қолы құйген өртен де,
Жер мен көктің нәтижесі адамдар,
Кімді?
Неге?
Асығып жұрсің өртеуге.

О, Диюлар мен перілер,
Отпен судан сендер дағы жарадың,
Сен сенесің бойындағы күшіне

О, адамдар!
Біз жарадық, топырактан нәр алдық,
Біз сенеміз ақылмен біткен ісіме.

Біз адам боп,
Сен дию боп,
Дүниеге келгенбіз.
Миллион жыл

Отпедіме өміріміз еріксіз
Сен дию боп,
Біз адам боп, жер бетінде жүріппіз.

Адамға ғашық болған диюлар
Дилюлардың түрі жаман көріксіз
Ертегіде айтылатын шындықтар
Осыларға иландық біз,
Сендік біз.

Бұған сендей,
Сенбеске қазір хақым жоқ.
Мұра жайдан,
Көрдім оның қанқасын,
«Диназавр» бүгінгі күн айтасың.

Дилюлар мен перілердің мекенін,
Бір көруге құмар болып кетемін.
Барып қалсам мекеніне солардың,
Прометейдей батыр болып кетермін.
Ертегіде айтылатын батырдай
Аңыз болып ел ішіне жетермін.

Осы ойларым, арманым бар жүктеген,
Күнде жолға шығып жүрмін күтпеген.
Адамдармен Дилюлардың құресі,
Ой сынамнан ой тудырар бітпеген.

Мынау әлем жасырынған жұмбақ сыр,
Біздер үшін, жұлдыздар сыры қымбат тұр,
Құпиясын,
Дүниенің актарған
Беймәлім бізге жаңалықты лактыр.

Ғашық болып дилюлар жүр адамға
Дилюлардың мекені жер, ғаламда
Ей, адамдар,
Іздендер оны іздендер...
Біз таппасақ,
Табатын артта адам бар.

МАЙМЫЛДАР СОҒЫСЫ

(мұсал)

Қалың орман шөл даға жалғасқан,
Мұнартың күн, көк жиегінде тұрды аспан.
Ми айналар ыстығында даланың
Әлде Заир, Анголаны кім басқан.

Өзендер көп, жамылып орман таулары,
Жыртқыштар көп маймылдардың жаулары.
Шұңғылдар мен сарқырама мұнда көп
Жеміс, банан жабайы өскен баулары.

Байлығында Анколаның есеп жок,
Жері байдың болады екен елі ток.
Көп болады мекені жок қаңғыбас
Болады екен кей маймылдың жері жок.

Мұндай ғажап жерді тұңғыш көргені,
Жер іздеген қаңғыбастың керуені.
Іздегені алдынан тұр табылып,
Жер соныкі, бұл соғыста жеңгені.

Ашуланды патшасы мешіннің,
Шыққаны бар үрейленіп есінің.
Иегін көтеріп қалды тобына,
Тұрды күтіп, тосты бұйрық өкімін.

Қаһарланған көсеміне қарады,
Мешіндердің жиылсын бар санаты.
Мына тоғай, бабадан қалған жеріміз,
«Мешін» деген тайпа, тайпа еліміз.

Қалың орман, ағашым бар ән салған,
Миуалары бұтағында самсаған.
Аю, қасқыр, қабылан мен жолбарыс,
Шүйе бөрі келсін бәрі, бар соған.

— Деді көсем көтерді басын жоғары,
«Жау келді» деп сөзін қысқа доғарды.
Кызыл құйрық қаптап кетті мешіндер,
Өмір-өлім тұр алдында шешіндер.

Тайпа-тайпа келді маймыл қаптады,
Мешіндерді қырды, шапты таптады.
Елі емес, маймылдардың жері үшін,
Қырғын соғыс, осылайша бастады.

Екі жағы намыстарын берген жок,
Мұндай қырғын бұрын, сонды көрген жок,
Қыза-қыза, қанды майдан тұн болды
Өлісімен тірісінде есеп жок.

Кызыл құйрық маймылдар да көп еken,
Ұят деген ар, намысы жоқ еken.
Баса көктеп кіргенімен соғыста
Отпен жалын басатыны шоқ еken.

Аю, қабылан, жолбарыстар қаптады,
Кірген жауды тұмсығымен пілдер таптады.
Кызылқұйрық кірген жаулар женіліп
Моласыз қап ен далада жатқаны.

Ыстық еken бауыр басқан жер деген,
Бірлік болса алынбас қамал ел деген.
Мешінге де мекен керек ел керек,
Ерлігімен туған жерін бермеген.

Келер өмір, өскен жерін қорғаған,
Жыландар бар көршісімен арбасқан.
Мешін жайлы білсін дедім білмestер,
Отаны үшін мешіндер бұл жауласқан.

ТҮСТЕЙ БОЛЫП

Білесің бе, балам-ау, білесің бе,
Өмірдің тапты анам күресін де.
Мықтылармен күресіп, шалыссын деп,
Үйреткен анам мені күресуге.

Таң атып, тұске жеттім аялдамай,
Тақалып келіп тұрмын бұл бешінге.
Жетелеп мені қайда келеді өмір,
Мәңгі ешкімнің тимеген үлесіне.

Келдім жетіп дәрияның жағасына,
Мұз қатып қар жамылған арнасына.
Ақ бурыл, қырау шалған сақалымның,
Бірі жетіп, бірі жетпес бағасына.

Жол ұзак шаршасам да азабында.
Көрмеген күнім жұмбак бар алдымда.
Дарияның ар жағында арман ауыл,
Арманым жаяр құшақ қарсы алуға.

Тәуекел бұл сапарым аялдар ма,
Еске алып бұрынғы откен бабаларға.
Үмітін арманымның жалғастырам,
Жетем деп мұндалаған ауылыма.

Қарыс жер қайда тастап барады ұзап,
Өмірдің жібі қыска құрған тұзак.
Шытынап мұздың беті кетті ыдырап,
Сен жүріп айналамнан көрдім азап.

Көзімді ашып тұрып қарап едім,
Қаусатып барады алда дәрия сенін.
Алға да, артыма да жете алмаймын,
Мұз үстіндегі өмірмен талас өлім.

Соктығып ағады сен араны ашып,
Қызыл су мұз үстімен келер тасып.
Қараймын жағалауға арман ауыл
Шынымен кеткен өмір менен қашып.

Мына дария үстінде шыр айналған,
Айналды басым менің мол арманнан.
Арманым ғайып болып кеткен ұзап
Алданыш түс емеспе мына жалған.

АСПАНҚӨЛ АПАТЫ

О, ғаламат жарасы мол ғасырлардың,
Алатай аласарып бас ұрмадың.
Ақ сәлделі басыңа бұлт тұнеп,
Басыңнан еш нәрсені асырмадың.

Мұз басқан ақбас шындар сапқа тұрып,
Аспанқөл құшағынан актарылып
Сынаптай толықсиды шарасында
Такапар сақтамаған мақтан құрып.

Ақ киіздей төсеген мәңгі қарды,
Биігінен жатады аттандырып.
Көк толқынын тербейді өлдилетіп,
Сан тіршілік мекенін сақтандырып.

Ақ айдын, көк толқыны үйіріліп,
Құлашын сермер көкке жирылып.
Ышқынып іштен жатты буырқанып,
Дүлей күш күннен күнге буындырып.

Жерасты атпа тастың жыныстары
Палеозой, докембрийдің төгіндісі.
Қанша жыл жатты бәлкім білмейміз біз
Аспан таудың сай-сала қуыстары.

Құлашын сермер көкке жирылып,
Көк айдын, көк толқыны үйіріліп.
Ышқынып көтерілер буырқанып
Дүлей күш жатты көлді жұлдындырып.

Көк толқын сарытауды жатыр шайып,
Аспан көл акку, қазын сағындырып.
Әлдилеп көк толқынын Аспан көлім
Ай, жұлдызын баладай шомылдырып.

Будактаған бұлттар келер көшіп,
Ақ шағалы шуылдап сәлемдесіп.
Ақ балық, алтын балық, күміс балық,
Көл бетінен шоршиды көкке шоршып.

Момонт пенен алып жылқы үйір бағып,
Тау ешкі, арқар, құлжа асыр салып.
Осындаған таңғажайып көл болғанын,
Көріп үрпақ, сезініп, білсін танып.

Аспанкөл шарасында аласұрып,
Ортасын да «Шөладыр» малдас құрып.
Шақырып көк аспанды құшағына
Койыпты құдіретім жарастырып.

Сұлуулықпен айналасы көмкеріліп,
Торған аспан сүйді көлді төңкеріліп.
Қарағай, шыршалары, аршалы да
Шекленін «Кетпен тауы» жатқан киіп.

Адамдар мекен еткен үнгірлерін,
Ақ құсын азық етіп сүйген көлін.
Сенбесен таңғажайып алыштардың,
Көресің жағасынан жүрген ізін.

Толқындар көл бетінде сыйылады,
Тыныштық аяқ асты бұзылады.
Құс біткен көлден шошып барады ұшып
Сілкініп тау мойнағы айрылады.

Не керемет болған деп қайран қалам,
«Үш тиекпен», Көртоғайды ойрандаған.
Жарасы жазылмастай Аспанкөлдің
Кұсынан айрылыпты сайрандаған.

Айырып тау жынысын Көртоғайын,
Сартоғай, Темілдірік, Бартоғайын.
Аңыз ғып «Мисипиден» кем көрмейді,
Таңданар тамашалап барса ағайын.

Биікте жатқан толқып Аспан көлді,
Айдынында көк толқынын атқан көлді.
Сарқылып сар сабадай сағалары,
Айғыз-айғыз көресін жатқан жерді.

Қызыл ойпат тап-тақыр «Қызыл өнір»,
Ақ жары, Ботамойнақ мойын үзер.
Сағал-сағал далалары тілімделіп
«Үш тиек» деп сапарын мәні түзер.

Атақты алтын балық, күміс балық
Біздерге берген сиы мәңгі қалып
Қарқара, Кеген атты қос өзенде
Жұзеді суында ойнап асыр салып.

Қарқара, Шалкөденің шағыл тасы,
Тау жынысы докембрийдің шөгіндісі
Отседе қанша заман ғасыр салып
Көртоғай Аспанкөлдің жырындысы.

Сарытауда жатыр ізің жолактанып,
Қырышық құмдарынды су актарып.
Сарытаудан табылған тас балығын,
Жандосовтың мұражайында тұр сақталып.

Жатады жер өзін-өзі сілкіндеріп,
Ойрандар тау көтеріп тұрқын бұзып.
Аспантау, Сарытаумен катар жатыр,
Көтерілген шындары көкті сүзіп.

Шындықты көрген, білген жаздым тізіп,
Барындар Көртөғайды көзбен көріп
Кенсу менен Көртөгай, Темілдірік,
Апаты Аспанкөлдің кеткен бұзып.

Мәңгі акты асau өзен оскырынып,
Ақ көбігін бүркырата тасқа ұрып.
Отыз жыл араладым Аспанкөлді,
Таңбасын табиғаттың жерден көріп.

ЖҰДЫРЫҚТАСУ

Соққыла балам, соққыла,
Сындыра көрме сағынды.
Жұдырықтан,
Сындырсада жағынды,
Қалдыра көрме үятқа
Жаралғанбыз намыстан.
Жұдырықпен,
Қорғап көрші бағынды.
Әмір өзі
Төбелестен тұрады,
Әркім өзі,
Қорғану жолын құрады
Әз әмірін
Қорғай алмай талайлар
Тайып тақтан
Билігінен құлады.

Соққыла балам соққыла,
Сүрінерсің, құларсың.
Әмір биік,
Жолын бермес құзар шың.
Аяғынан
Шалсадағы біреулер,
Айланменнен,
Жолын тауып жығарсың.

Сокқыла балам, сокқыла
Колғабынды,
Қара тас қып атқыла
Намысынды
Ту қып ұстап көтергін,
Қарсыласынды,
Құлата біл жатқыза.

Тұғырынан,
Жұдырығынды танысын
Жұдырықтасу
Ел алдында бәрі сын.
Алтыннан қымбат,
Құлатпа туын халқындын
Корғап жүрсөн
Болған-ғой намысын.

МАРАЛДЫ

Шашымдай қалың қара орман,
Карағайың бойлап тауда өскен.
Мұнлыда сырлы маралдым,
Тауына Талғар мінгескен.

Қалың орман ұйысып,
Арқасын тауға сүйеген.
Ерекше бөлек маралдым
Тен-тен жүгін тиеген.

Ақ күміс жіптей бұлағын,
Өрнектеп аққан иіріп.
Ұшады ұлар шуылдан,
Құшағына орман үйіріп.

Бұлбұл мен қарға, бар көкек,
Байғыз тасқа тығылған.
Әркімнің әні әр бөлек,
Қайталап жартас жаңғырған.

Талғардың жазық төріндей,
Тұр алдымда Маралдым.
Жаңа тұскен келіндей
Қандай нұрдан жараптын.

Таумен даңаң тілдескен,
Құшағына ел енген.
Жапырағың жеммен сылдырлап,
Көк шалғынға бөленген.

Саяң да сенің салқындал,
Шыршандаңай бойлап өсер мем.
Сәукеле шоқың жарасып,
Тұнығына бойлап тұсер мем.

Қадау-қадау құз басын,
Ақ мерует тастан қаланған.
Көркіне сенің Маралдым
Тұнып қалған мол арман.

Сағынып келіп ақша бұлт,
Ақ мамық сәлден оралған.
Қос бұрымдай өзеніңнен,
Жатыр даңаң нәр алған.

Жеміс, жидек өседі,
Шырынын сауып әр алуан.
Әр кім күнін кешеді,
Өзіңнен өсіп таралған.

Орманға бойың малынып,
Төңерегің таумен жабылып,
Маралдым менің Маралдым,
Жатырсың көкті сағынып.

Ауасы тұнық ем берген,
Бойыңа қуат дем берген.
Көруге әркім сағынар,
Маралдыны бір көрген.

2005 жыл.

ҰЛЫМ ШАЯХМЕТКЕ

(арнау)

1

Абайсызда жан ұлым сүріндін бе,
Айтылмай қала берді сырың бізге.
Аныраған жарың мен анаң қалды,
Адасқан ботасынан құба түзде.

Сөзге берік ешкімге сатылмаған,
От жанарың шырак боп жарқылдаған.
Кен пейілді, ақ жүрек қайран ұлым,
Кетті арманың ішінде айтылмаған.

Тігіп басты өлімге байладың да,
Артын да қалды ұры айлалы да.
Жылман қағып, жылпостар күн көріп жүр,
Бұзылмаған шырқымен қаймағы да.

Дос санадың қасынды, жылпости да,
Сені итеріп шұнқырға шошынды ода.
Арыңың адалдығын іздеп өттің,
Беріп кеттің кол ұшынды қасына да.

Айлагер сатқындардың айласы көп,
Жылтырар жақсыларға панаы бол.
Отқа тастап кететін, құмға көміп,
Дәл осындей адамның аласы көп.

Болсандағы кінәсіз жазаландың
Отты жырмен куларға назаландым.
Саған жағып кеткенмен қара қүйе,
Ел алдында жан ұлым тазаландың.

Құтқарам деп өлімге келдің ұлым,
Қасына да ас атып сенген ұлым.
Кулар үшін кеуденді кере тосып,
Жолында алланың өлгөн ұлым.

Бадырайтып көзінді қарып өтпен,
Әділ занын, заманның тәрік еткен.
Құлқын үшін шындықтың жойып көзін,
Солар ғана тайып жүр әділеттен.

Алдым хабар қапастан қапаландым,
Аз болдыма көргенім жапаларым.
Рахмет баламмен дайындалып,
Өскеменге жол тартқан сапарларым.

Не шығады орынсыз күрсінгенмен,
Не сезеді ет жүрегім дүрсілдеген.
Бір қараышығым ғайып боп кеттің ұшып,
Кос шырағын тірісінде көрсін деп ем.

— Көкем қашан келеді деп қуанған күн,
Көрмей үйқы жол тосып жуанғанмын.
Мөлдірің мен Ғалымжан арсаландаپ
Атасына еркелеп назданған күн.

2

Жұз сексен төрт отарбаның кезегі,
Біз отырған тоғызынышы вагон өзі еді.
Тұнгі сағат үште балам өлген де,
Отарбадан тұсіріп кеткен кезі еді.

Отарбадан тастап кетті ұлымды,
Кімге шағам «Шемонайхада» мұнымды.
Кең вокзалдың тас еденін құшақтап,
Мен ұлымның бетіне жаптым барымды.

Шемонойха қысы қатты ызғарлы,
Кім тындейды, қиналғанды мұн-зарды.
Жатыр ұлым арманымды жерлеген,
Көрер пенде, қындықты өлмеген.

Мен жүгіріп ес жия алмай сенделем,
Көңіл айтып орыс, қазақ ел деген.
Басын шайқап келді бір қарт ардагер
— Мынау қын тап болыпсың құнге көрмеген.

Қын болдау саған балам,— деді бір,
Бұл араның қазағы аз елі нұр.
Тар заманның тарлығында келіппін,
Отарбаға алмай кетті ол құрғыр.

Айтқан сөзі қалды қарттың ұялап,
Асыл бейнең жанарыма ұя сап.
Жан ұлым сені қалай тастаймын,
Көз жасымды жасырам жұрттан тыя қап.

Боран, боран, қарды бұрап тұр төгіп,
Қолқа жүрек бауыр, етім сөгіліп.
Мен баламнан адастып қалым осылай
Қалың ойдан шыға алмадым көміліп.

Жеті тәулік, жеті жылдай созылып,
Өткіздім құн ұйықтай алмай көз іліп,
Мәйтәнді әкете алмай Талғарға
Басшылардан ұздім құдер жолығып.

Рахмет балам айтты ашынып,
Бауырымды кетем алып арқалап.
Бізге тағдыр бір көмегі бар шығар,
Бара берме басшыларға бас ұрып.

3

Өтті құндер, өтті тұндер зымырап,
Тұман, тұман қалды басып маужырап.
Ақ қайындар, самырсындар ерекше
Иіп басын бұтактары тұр жылап.

Іші бауырым егіліп тұр елжіреп,
Ашаршылық лагрін де жоқ көмек.

Әкпе құрты жайлап алған талайын,
Қатарынан жатты талай сөгіліп.

Калмады жан көзбен көрдім шошыған,
Жайлады аштық, жан ашыр жок осыған.
Үзіп үміт келіп қалдым вокзалға,
Келгенім жок, ойнау үшін тосыннан.

— Сәлем сізге,— деді біреу кезігіп,
Іздеп келген туысымдай жолығып
Біз де оған амандастып жатырмыз,
Туысымдай жаңа келген танысып.

Сол бір жігіт Бектурсинов Ғабиден,
Кездесе қоймас жақсылар бар әр үйден.
Шаяхмет Шемонойхада өлгенде,
Туысымдай жақын тартып қол берген.

Қысылғанда бауырым сол көрінген,
Айналайын Шамшия атты келіннен.
Қадірледін, жетеледің біздерді,
Аттандырдың өз күшінмен еліннен.

Таршылықта қол ұшынды бергенің,
Қындықты бастан кешіп көргенің.
Мен биікпін, бастықпын ғой демедің,
Қанатынның астына алып жебедің.

Сағынышым қеудемде тұр телегей,
Хош бауырым Ғабиденім, Жеменей.
Жаңбыр-жаңбыр қар аралас себелеп
Алып тұлғаң тұр алдымда кемедей.

Рахмет отыр әлі мұнданып,
Отарба да келе жатыр ырғалып.
Мен ұлымның келем алып мәйітін
Жанараймнан қан аралас жыр жазып.

Тосып отыр үйде келін Мейіргұл,
Кең болса екен бар адамда пейіл бұл
Мөлдір менен Ғалымжан жүр көкесін
Келеді деп қуанышта көңіл бұл.

Қыын-қыын алыс жерде өлгенің,
Шаяхметті Талғарға әкеп жерледім.
Аз болған жоқ, жоқшылықта көргенім,
Ғабиденнің ұмытам ба ерлігін.

1994 ж. III-16 Шамонейха

АРЫС БОЙЫНДА

Арысым-ау,
Сабырлы, салқын, жайлана,
Арнанда тасып толқынды қудың тайланған
Куәсі өзің, ізің шайып ғасырдың
Жатырсың сүйіп,
Аймала талды аймала.

Арысым-ау,
Арнанда жүзер сал, кеме,
Шыңғысхан мен Темірлан басқан жер міне,
Арыстан баб, Кожахмет Ясауи
Қайта гүлден,
Құрылышың жатыр әрлене.

Тайланған толқын,
Көбігі қалқыр сабан да
Үйріліп жылым жұтып жатыр табанда
Сүмбіле талдар самалмен сусып билейді
Жеткізе алмай,
Жатырма мұнын заманға.

Әткен өмір,
Қажы Мұқан бабам да
Көрдім көзбен, ұнап тұрсың маған да,

Қожахмет, Арыстан баб, Темірлер,
Шыңғысхан мен әл Фараби бабалар.

Арысым-ау,
Арнанда жұзген сал, кеме,
Елендеймін Шәмшіні іздең мен міне
Сағынып өзін, әнінді тұрдым Арысым,
Сенің туған
Келдім іздең жеріне.

Бастай бер көшін
Ғасырлардың Арысым.
Тартылмасын арнаңдағы ағысын,
Тұнған тарих, келер үрпақ бағысын.
Күре тамыры
Өмірімнің өзісін,
Жалғаса бер
Ғасырлар аттап Арысым

1993 ж. IV-26 Темірлан.

ЕСКЕ АЛУ

Көтердім жұкті,
Сорғалап терім тәгілген
Бейнетпен келем
Қабырғам бырт-бырт сөгілген.

Үміт пен Арман
Келеді жалғап күндерге,
Мұнымды айтып
Тыңдатармын кімдерге.

Жан әкем мынау,
Қабырыңа келдім көруге
Жанардан тамшы
Сорғалап кеттің тәгіле.

Қасымда жоқсың бүл күнде
Бір күнің қымбат мың күнге.
Білінбей өтіп кетіпті-ау,
Мың күнгі жарқ, бір түнге.

Қолмен еккен шыбығың,
Терек болып өсіпті.
Қарадан шыққан хан болып,
Аламанның аулы десіпті.

Игілік пен Байзактың
Дәuletін елі баққанда
Алты ұлы Байзактың
Курайлы да жатқанда.

Елшібек, Қауысбай, Тағай деп
Қараш, Малай, Конай деп
Алты ұлын алты арыс,
«Қалай барсаң солай» деп.

Ел аузында қалды аныз,
Сөзге құлақ салсаныз.
Есенәлі, Есхожа,
Игілік аулына барсаныз.

Нұсқасына сөздің тоқтадым,
Қонысынды тауып тапқаным.
Қабырын көріп бабамның
Есіме алып жоқтадым.

Белгісіндей өткеннің,
Ширланған сан жолы.
Үйіндісін көріп жұртыңың,
Ұңғал, шұңғал, сан қылы.

Аталып қалған артында,
Игілік, Байзак сайлары.
Жамбастап жатыр Сарытау
Құшағында «Бөлдек таулары»

Шағатайдың өзегі.
Жылқысын жарға қамайды.
Шөбін жылда шабатын
Қонайдың жатыр аралы.

ЕЛ МЕН ЖЕР

Ушқарқара жайлауым
Жердің сұлу көркісін.
Сарықөл мен Мыңжылқы,
Қойныңда өскен ерке елім.

Шалкөде мен Кегенім
Жылқының еті жегенім.
Саумал желін сағындым,
Арналды саған өлеңім.

Сарытауда шапқылап,
Көбелек қуып ойнадым.
Кеегенге түсіп шомылып,
Көк майсаңа аунадым.

Иіріміне иірген,
Кегеннен балық ауладым.
Алтын, күміс балыққа,
Ілінген талай қармағым.

Сәлем бердім бәріңе,
Үлкен, кіші ардағым.
Алдарыңа келдім мен
Сендерсің менің арманым.

Катпа түбек, Қараштың,
Жазығын талай көргенім
Оюындай сырмақтың,
Кегенім салған өрнегін.

Амандық елге тілесем,
Алып ұшар жүрегім.
Сынығындаі алтынның
Ақ сақалын сағындым.

Қандай ыстық ауылым,
Үлкен, кіші бауырым.
Тай, құлындаі жарыскан,
Сендерсіндер сауығым.

Сарытаудың керілген,
«Қызыл ойпат» жерінен.
«Қызыл қия», құм белдім – «Құмбелім»
Қайқының астым белінен.

«Шұңгіт-Шұңгіт» атанған,
Үш кезеңнің өзінен.
Кешегі өткен бабамның
Бізге жеткен сөзінен.

Көлсай менен Тұзкөлдің
Көріп келдім көлінен
Інжу, маржан сөздерін,
Теріп келдім елінен.

Асси, Үйсін бабамның,
Тарихы тұнған елінен,
Хантәнірі, Аспантау,
Атақты үйсін төрінен.

Жері жомарт, елі бай,
Алтын, құміс кенінен.
Мұнай газға бөленген,
Айналайын жерінен.

Құрбыларым сағындым,
Жарыла жаздал жүрегім.
Қабыл алғын сөзімді
Амандық елге тіледім.

18.V-2003

НҰРҒАЙША ӘЖЕМЕ

Немере, шөберен мен туажатың,
Аллаға оқиды намаз минәжатын.
Токсаның құтты болсын Нұрғайша апа,
Матайдың текті қызы шыққан затің.

Өсе берсін бұтағың, жапырағың,
Қосады бас жиылып кеп атырабын,
Қосылып ұл-қызынмен немерене
Аспандап көнілінде шалқыр әнің,

Көр қызығын жүз жасап шөберенің,
Жекжат, жұрат аталсын төңерегің.
Іздеп келіп өзінен жөн сұраған,
Қажетіне жарай бер немеренің.

Ақ жібекте тұр арманың кестеленген,
Өтті күндер шапқан шөптей дестеленген.
Ойына алып, өткен, кеткен шым кестенді,
Тізбектеп отырарсың өткен күнмен.

Тау құласа қозғалмас салмағынды,
Ақ батаңмен жалғастыр арманынды.
Өлең емес дастанға татыр өмір,
Артында отау-отау қалған ізді.

НҰРҒАЛИҰЛЫ БАЗАРБЕККЕ

Құс жастығың басында,
Құс төсегің астын да.
Сексенге келген жасында
Бұбұжаның қасында
Сөз атасын үйіріп
Қылдан арқан иіріп
Жылқы өсірдің үйіріп.
Алланың берген несібі.
Тәлейінде Бәке бұйрып.

Ақ қылау шалған басына,
Дос-жараның қасына.
Қалдырмай елдің көнілін,
Ас силадың досына
Арыстан едің бір кезде
Көз салатын алысқа.
Үйден шықпай бұл күнде
Шау болғаның дұрыспа
Сынады деп ұрыспа.
Қайрап-қайрап мен сізді,
Салайын қайта жарыска
Қадірлеген елінің базаны,
Болып ең бір кез базары
Алдыңа келдім мен міне
Боламын ба жазалы.
Додаға салып көкпарды
Жібермеуші едің алысқа
Мініп өстің намысқа
Алты жыл көрмей мен сізді
Іздең келдім қасына
Ұзатып салып жастықты,
Кәрілік келді басына.

Гүлденіп барып солатын,
Өмір деген осы ма.
Кім құтылар ажалдан,
Ажалдан корқып шошыма.
Қайратыңа мінініз,
Ауырдым деп жасыма.
Қадірлеген Базаным
Білейін деп халынды,
Келдім іздең қасына.

МАЛДЫБЕКОВ МҰҚАМЕТҒАЛИ

Теренгे тартып шымырлап,
Шыңыраудан сырды тартасын.
Көтертіп жүкті ақ нарға.
Салмақтап ойды артасын.

Саласың еске өткеннің,
Зердеме менің жол сілтеп.
Мұқаның ойлы жұмбағын
Ойлама женіл қол сілтеп.

Сабақ алдым өзіңнен,
Сөзінді тындалар арманым.
Ұстазым өзің өмірден
Келесің мені қоршалап.

Жылуы күндей ұстазым,
Сөзінді ту қып ұстадым.
Ұшқыр оймен шарықтап,
Қаламылды ұшқір ұштадың.

НЕМЕРЕМЕ ХАТ

Кіп-кішкенай Бекжаным.
Аман-есен жүрмісің.
Ойыншықпен көп ойнап
Табылып жүрме жұмысың.

Сағындың ба атанды.
Іздейсің бе апаңды
Жинат жүрмін тәттінді,
Берейін деп батамды.

Томпаң-томпаң етесің
Елестеп көзге кетесің.
Кіп-кішкентай арбанды
Қашан сүйреп жетесің.

Мойныма талай мінгіздім,
Әжене Бәти сүйгіздім.
Жинап қойды, құрт-майын
Өзіңе арнап жиғыздым.

Сиыр сауып Майра жүр,
Айнұрым менің қайда жүр.
Ат қылыш мініп бір талды
Бауыржан, Бекжан ойнап жүр.

Астанада жүрсін деп,
Жүрегім үшар дүрсілдеп.
Алматыда атаң жүр,
Хатымды жазған алсын деп.

АЙНҰРҒА ХАТ

Қолым жетпес ай, күнім,
Алыстадың қай күні
Сен жыласаң Айнұрым
Түсірер еске қайғы-мұн.

Ұмыттың ба Айнұрым,
Атаңның тәлім сабағы.
Майраның жүрме жазылмай,
Жадырап жаздай қабағы.

Барады өтіп күндерім,
Сағыныштан жүдедім.
Ұмітпен өтер түндерім
Атаңның ояу жүрегін.

Суретінді Айнұрым,
Естелікке жинадым.
Бибигүлге көрсетіп
Кабағыннан сүйгіздім.

Күлкі, нәзға бай күнім,
Сұп-сүйкімді Айгерім.
Жұрсің бе ойнап томпандалап,
Екі ауылға сай керім.

Нағаш атаң Хамитты,
Күнде көріп жұрсің бе.
Нағаш апаң Зекенге
Әкпелесен қетем де.

ХОШТАСУ ХАТ

Қайда жұрсен хош енді,
Қолымнан келер осы енді.
Рахымы кең АЛЛА
Үйіріне қос енді.

Ұмыта көрме осы елді
Көгеріп көкте өс енді.
Есіңе алып жүргейсің
Тұrap атты шешенді.

Алыстағы жат елді
Жақындағы хат енді.
Биғайша мен Қаныша
Алғайсың еске тәтенді.

Бұбұжан атты шешенді,
Айдын менен Әсемді
Ұмыта көрме Күләшты
Азамат болып өс енді.

Айгүл менен Мейіржан,
Мөлдір менен Ғалымжан.
Қаракөз бен Ермек жүр
Ақылбек інің сағынған.

Көтеріліп көніл тұларсін,
Астананың гүлін тағынып.
Жыл сайын іздең келерсін
Туысынды сағынып.

1993 ж. шілде Алматы.

ЖЕТИСУ

Оянамын ояудың есебінен,
Түрегелдім тірілердің төсегінен.
Сүйрелеп мені уақыт жетелейді,
Өзгеріс менде көп кой, кешегімнен.

Жалаң аяқ, жалаңбас дала кездім,
Шың, құзыңа қызыққан бала кезім.
Ұйықтауға емес, көруге ғашық жаным,
Тарихына тәнтімін көнелердің.

Адам алтын, ойы ашық, асыл жанға,
Ақтарылып ағымнан ашылам да,
Әткен, кеткен өмірдің белестері,
Жетелеп келе жатыр асуларға.

Көнілім кен Жетісудың даласындаі,
Үйретті тіл, бұл дала баласындаі.
Сай-саласын, төбесін сөйлетеді,
Әлгендердің тірі көз данасындаі.

Әлді, өшті дейміз бе өткендерді,
Жетісуга сарылып көшкен елді.
Құлағыма солардың келеді үні,
Хабаршысындаі ызындаап ескен желі.

Көк майсаны бір аунап тұлеп алам,
Сағынып келгенімше жүреді анам.
Кеудемдегі жүректің дүпілімен,
Өзенің бол аунақшып бірге барам.

Өседі шөп даланың төсін қаптап,
Тіршілігін тамырында қалар сақтап.
Өлу, өсу өмірдің парызындей,
Күзім өтіп, қысына барам аттап.

Откен Ұміт, ассығыспын келер күнге,
Алдында не күткенін білермін бе
Мұндалаған арманымды жалғастырып,
Сол арманмен аттанармын өлерім де.

Әкен де арман, арттағы балаң да арман
Арнасында, өзен боп ағады арман.
Тынымсыз жүрегімнің тірісін де
Жолаушымын Жетісуды аралаған.

ЖАЙЛАУ

Сары жайлау ел қонып сәні кірді,
Көк балдырған балаусана малы кірді.
Таң азанда желі бауға құлын байлап,
Куанып келе жатқан күнін көрді.

Жиылып осы ауылдың кәрі, жасы,
Арыдан шертеді сыр қазынасы.
Сабадан қотарылып сары қымыз,
Басталар әңгіменің әзіл басы.

Келін киген желеткесін жарастырып,
Асыл моншақ әшекейін қадаттырып,
Қолаң шашын мықынынан төгілдіріп,
Жанарынды арбап алар адастырып.

Он саусағы сап құліс сылдырлаған,
Тебірентіп жүректен сыр козғаған.
Үлкенің де, кішінің көнілін тауып.
Мосысымен келін жүр бие сауып.

Сапырып күміс ожау елін жиып,
Сызылып отыр келін қымыз құйып.
Тар үйін пейілімен кенітіпті,
Толтырып дастарқанға барын үйіп.

Зерлеткен кимешегін қалыбымен,
Айдай толқып, шара толы дәмін берген.
Сикырлы жанарынан жалын шашып,
Ізетпен иіледі сәлемдесіп.

Сапырылды сары қымыз тегенеден,
Сойылған марқасының етін берген.
Қозғап сөз өнегелі өткендерден,
Қызықты той, думанын көзім көрген.

Сыртылдаپ аяғында кебіс-мәсі,
Отырды дөңгеленіп кәрі-жасы.
Көкбар, бәйгі жүйрігін атап тұрып,
Домалайды әруақтап өрге тасы.

Жалғастырар өңгіме аңшылығын,
Ағытады махаббат болса мұнын.
Осы менің бабамның қызығы көп
Ұзатып қыз, келін ап айтса сырын.

Байлық жайлы, айтып сөз, бөліспеген,
Қоныс жайлы ешкімге келіспеген.
Байлығын да, ерлігін менің бабам,
Өлшеп келді пейілін өріспенен.

Босамапты әр күні тамашадан,
Жүгіріп жүр қуанып бала-шаған,
Сүрінген бір сөзден мойынға алып,
Айыбына ат, шапан берер саған.

Тірілтіп өткен-кеткен сөз атасын,
Отырып қарт түзетер өз қатасын.
Ойын-күлкі тамашасын жалғастырып,
Кіршіксіз жүрегінен нұр шашатын.

«Сен» деген сөзге бола ренжіген,
Ой, шұнқырын әңгіменің түгендеген.
Жақсыны, жаманын да сынай жүріп,
Көрсетті жол баласына үйренбекен.

Асаумен таудан отын сүйретеді,
Баласын мықтылыққа үйретеді.
Ат үстінде ойнаған осы балан.
Арыстандай айбынды күй кешеді.

Пайдасын іздемепті өз басының,
Намысым менің қалай қоздамасын.
Тарихына елімнің үнілген де,
Жер үшін етті құрбан өз баласын.

Елі үшін аямалты малы-жанын,
Қорғаған ата-қоныс, жерін-тауын
Керек десен жалғыз атын түсіп берер,
Ойлаған бала-шаға, елдің қамын.

Көп нәрсенің зер салып парықына,
Оқып, үйреніп ұмытпас салытын да.
Эрненің хадіріне жете білген,
Ойланатын алдын да, арытын да.

Казыналы халқымның қариясы,
Сөз атасы, сарқылмас дәриясы.
Көріп көпті жасаған биігімнің
Бекерге ағармағапты-ау
шыңының басы.


ЕЛІМ-АЙ

(т о л г а у)

Жақсылар мен жайсанын,
Келерме екен хабар-ай!
Қайта айналып келер ме
Карқаралы заман-ай.

Күн болар ма елімді
Іздеп табар кезім-ай
Жер жаннаты Жетісу
Артта қалған елім-ай
Ұларлы таудың басынаң
Ұларын көрер күн қайда.

Аспантаудың жүйрігі
Құланын көрер күн қайда,
Зенгір-зенгір шындардың
Қыранын көрер күн қайда,
Кенсү менен Үш Меркі,
Жыланын көрер күн қайда
Ақанаста ақ жантак,
Тікенін көрер күн қайда.
Мұзарттан құлап ағатын
Өзенін көрер күн қайда,
Шалкөде мен Қарқара
Сені көрер күн қайда,
«Ұлкен-кіші қара арша»
Шыршанды көрер күн қайда,
Боталаған Сарытау
Жонданын көрер күн қайда.
Боз інгендей боздаған
Ботамды көрер күн қайда,
Аңыраған көк өзен
Анамды көрер күн қайда.
Апалаған артымнан
Баламды көрер күн қайда,
Қамқоршы болған әкемдей



Атамды көрер күн қайда.
Ақ некелі, ақ жарым
Сені көрер күн қайда,
Торанғылы ну тоғай
Ілені көрер күн қайда,
Көксай менен Тұзкенді
Қайта көрер күн қайда,
Бұлттар көшіп жонкіліп,
Тірелер барып тауларға,
Ел басына туды күн,
Тұседі ерлер сындарға.
Жауына семсер сілтеген,
Тұсерме семсер қындарға.
Жетісу мен қайран ел,
Мұнымды тыңдар ел барма,
Еркін жайлап ерке өскен.
Жерімді көрер күн барма.
Қарқаралы таулардың
Ақ қарында мін барма
Кез болдың-ғой бұл күнде
Ауыр-ауыр сындарға.
Қаракенгір, Саркенгір,
Теріс аққан өзені,
Ойыл, Қызыл тағы бар
Еділ, Жайық тұз елі
Болсада қанша ата жұрт,
Ашиды жұрттың өзегі.
Әуелеп ұшып боз торғай
Шырылдал әнге саласың,
Қайғыда өткен мұнлықпың
Бейхабар ұшып барасың.
Су бүркіті көлдердің
Көзінді көлге саласың,
Жағада өскен жасыл тал
Басынды суға маласың
Ағайын-туыс менде жок
Адасып кайда барасың,
Қырылып жаудан барасың

Қырылып жаудан тозған ел,
Бірінен бірі озған ел,
Боза ала танда боз қырау,
Бозарып атқан таңым-ай,
Ел жұртыйнан адасып,
Үркінде салған өнім-ай.

УАҚЫТ БАРАДЫ ӨТІП...

Жас кезім бұлак болып тасығансың,
Кеудеме симай жүрек асығасың.
Қызық-ау, мына дүние білгендерге,
Білместің табанында жаншыларсың.

О, ғұмыр тастап мені кеттің ұзап,
Келетін күндеріме құрдым тұзак.
Қадірін уақыттың білмедік-ау, білмедік-ау!
Сағыныштан ет жүрегім алар сызат.

Қараймын өкінішпен өткеніме,
Жастықтың кеткен ұзап көктеміне.
Арулардың гүл бағы, алма бағы
Әр жылдың кетті жылжып жетегінде.

Бірі жаз, бірі қыс боп қосылмаған,
Кіршіксіз бұлағың боп тосып алам.
Қаткезі-ай, уақыттың кеткен аттап,
Ғашықтық дертін тарттым осылардан.

Ғашықпын сені тосқан күндеріме,
Белгісіз өткен уақыт іздеріме.
Байлығын жомарттығын арқалатар,
Тақалдым сары сақал күздеріме.

Өзімді-өзім кейде кім деп білем,
Жоғалған арманымды іздең келем.
Кайталанбас жастықтың өрнектерін
Ертеңгі аңыз жырдан кездестірем.

Қайнар бұлак жүректен бұлқынады,
Асау ойым астан-кестен жұлқынады.
Мұндалаған тұндерден жұлдызымды,
Жасырып таң, алдында күн шығады.

Әсемдігің сұлулық, тұнды көзге,
Өскен жерге болдым ғашық тірлігімде.
Төгіп тер, еңбектеніп ізденсеңіз
Байлығын үйіп-төгіп берер бізге.

Ақ көніл аңқылдаған жанға ғашық,
Ақ күміс қар жамылған тауға ғашық,
Тұп-тұнық актарылып ағар таудан,
Кіршіксіз өзеніңе болдым ғашық.

Нұр шашып келе жатқан күнге ғашық,
Айдыны шалқып жатқан көлге ғашық.
Уақыт мені осылай асықтырып,
Өзенің, көлің болып жүрем тасып.

ЕЛ МЕН ЖЕР

Өз нәпсісін теріп жеп құла тұзден,
Құдыретін төл сөздің туа білген.
Тау-тасымен бабамның тағдыры егіз,
Кең даласын қорғапты дарабозбен.

Ұлан қайыр далада көше білген,
Ел көсемі билігін шеше жүрген.
Аспанымен жалғасып даласындей
Аласыпты жауларың кеше көрген.

Жерден хабар алатын мың құлак бар,
Ат тұяғынан оянған сан бұлақтар.
Келген жауын мұндалап дала жұтып,
Ойнақтап шығар алуан қыз-құраттар.

Күлдір-күлдір өзендей құргіреген,
Тартып көкпар бұл қазақ дүркіреген.
Сар жайлауың сарғайып, сары сүрдек,
Сары күз, қырма сакал жол түзеген.

Қалар жайлау артында өгейсітіп,
Сай-салада қыстауы елді күтіп.
Жаздайғы қызық думан өте шықты
Қыс кемпірдің жасады қамын күтіп.

Тарихтың жатқан тұнып тұнбасындей,
Өксігі ғасыр күздің тұр басылмай.
Боздағынан айрылған аналардың,
Сіркіреп төкті жаңбыр көз жасындей.

Тып-тыныш момын дала қалыптында,
Оралған қорғасын бұлт алқымына.
Тентегің момының да, бәрі де өтті,
Жеттік пе ана жердің парықына?

Төрт мезгіл есінізге түсіреді,
Балалық, жастық, кіслік, карттығынды.
Өмірge бекер келіп, бекер өтпей,
Өзіме, өзгеге де арт жүгінді.

2005 ж. Тамыз.

ЖАНАР

Қадамашы жанарынды сұқтанып,
Жүрегімді неге өртедің шоқ салып.
Сенің сырлы сөздеріңмен көзіңнен
Жүрегімде калды мәңгі от жанып.

Отырдым мен жанарындан шоқ алып,
Ай қабағың тұр алдында қадалып.
Күндей сұлу жылуына бөлендім,
Мың бір әлем қоздап жатыр таралып.

Қандай жомарт пейілді едің сен бүгін,
Жанарынан көрдім әлем кеңдігін.
Кең аспанның түріп қойып тұнлігін,
Құшағына оралайын мен бүгін.

Осы жанар бар әлемнің өлшемі,
Жердің титтей домаланған бөлшегі.
Жанарында ұйып қалды кең әлем
Исініп тұр жердің тірі емшегі.

Қадамашы жанарынды сұқтанып,
Жанарың да қалсам егер сақталып.
Ұміт пенен, қызғаныштың шоғы тұр
Майданына келер таңның аттанып.

Осы жанар қоздап, от бол жанатын,
Тіршіліктің тірі өзені ағатын.
Осы жанар дүниені тұлетең,
Өнер-ғылым кеңістігін табатын.

Осы жанар – адасқанға жол тапқан,
Осы жанар – болашаққа жол тартқан.
Осы жанар – таразысы шындықтың
Осы жанар – жалғасы өмір қалатын.

Жанарсыз мен қалай қана жүре алам,
Дүниені дүрілдетіп жүр адам.
Сұлулықтың әсемдіктің биігін,
Көз арқылы өшекейлеп жыр жазам.

ӨСИЕТ

Мұхаммед бір АЛЛА-ның елшісі екен,
Хадистері мұсылманның еншісі екен.
Корықлаған бір Алладан шайтан олар
Азғындардың жолына ермесе екен.

Құран шын бір АЛЛА-ның сөзі солар,
Құран шын бар білімнің көзі болар.

Зерделеп оқи білсөн аларың көп,
Көңлінді шаттық кернеп нұрға толар.

Алданыш біраз күнгі мына мекен,
Адамдар бір-біріне қонақ екен.
Алтын-күміс байлығың өлген күні,
Арқалап мәйтіне барама екен.

Шайынып мың тазарған мына дала,
Даланы қорласандар болам нала.
Кіршіксіз пенделердің мекенісің
Тіршілік атаулыға болдың пана.

Неге біз дүние куып таласамыз,
Сабырлы пенделерден аласамыз.
Қалтан ғасір жисан да байымайсың
Бірі – кедей, бірі – бай қарасаңыз.

Оқы намыз, ораза ұста, хажыға бар,
Құрбандық шал, зекетін бер сауабы бар.
Шын сөйлеп, тазаланып жүргін адал,
Ол дүниеде АЛЛА-ның мадағы бар.

Құсыл жаса, ал дәрет, тазаланып,
Іренжітпе біреуді назаланып.
Ерте тұр, оқы намаз танды сүйіп,
АЛЛА сені қолдайды назары ауып.

Ар-ұяттың мекені иманның да,
Адастырмас жетелеп тура жолға
Аз сөйлеп, тыңда көпті қабылдаған
Бұл өсиетім болсын жолдас жақсы жанға.

Жи малынды садақа, зекетін бер,
Адалдап тіршілікте қызығын көр.
Адамдармен болғын дос алдамағын
Алдамшының жүрегі қаранды көр.

О, пендер бір басында екі көзің
Көр болады АЛЛА-сыз айтқан сөзің
Калимаға тілінді келтіріп кет
Көре алмайсың АЛЛА-ның нұрлы жүзін.

Жер жалғыз емессің сыңарын көп,
«Тоғыздың, үшіншісі тұрағың бол»
Он сегіз мың әлемнің құшағында,
Сансыз миллиарт жүлдyzдар тозаны бол.

Куып дүние, озырлық салма жанға,
Шайтанға еріп тұспегін арам жолға.
Күншілдер мен қызғаныштың өресі тар,
Дүниеде осылардан онған барма.

Сабасынан әр адам аспаған жон,
Ішіп арак, зиналыққа баспаған жөн.
Үйрен білім, ғибадатпен тақуалық,
Ақ жолынан АЛЛА-ның қашпаған жөн.

Досынды ақ жолынан тайдырманыз,
Үйрет намаз мұсылмандық жолда нағыз.
Көре алмастық, қаскөйлік болса ойында
Отқа түскен көбелекпен болар қоңыз.

Қайырлы сауап ізде жақсылықты,
Кәсіп қылып ізденбе бақсылықты.
Құмалақшы, тәуілпен, көріп келдің,
Жолы шайтан, алданба жиренішті.

АЛЛА-ның ақ жолында дос болындар,
Араласып, силасып төс қағындар.
Шындыққа, адалдыққа, тазалыққа,
Үлгілі істерінмен бас қосындар.

Аз болсада ти нәпсіні, қанағат ет,
Аманатын біреудің, аманат ет.
Сөзде аманат, затта аманат,
Көс басынды мешітке бол жамағат.

Көнілін шаттық кернеп нұрға толған,
Ыңталы жан, имандыға жолдас болған.
Оқы құран намазынды жетілдіріп,
Дінің пайда такуалық тапсан жолдан.

Уақыттан аларың көп үйренерің,
Арсыздыққа бір-бірінді сүйремеген.
Ата-анаңды силап өт тірлігінде,
Надандықпен арсыз боп қүйремегін.

Адамда алты қасиет — Ұят толық,
Ізет, құрымет, кішілік, байсалдылық,
Сабырлықпен әрқашан болсан мыкты,
Жаксы екен, ел алдында ұстамдылық.

Иманды адам өз сөзінде тұра алады,
Көппен бірге ел қатарлы жүре алады.
Бір мұсылман ауырса төсек тартып,
Көнілін сұрау үшін бара алады.

АЛЛА-ның атын сатып сөйлеме сөз,
Берген АЛЛА, басына, ақыл мен көз.
Көрмегенді, көрдім деп жала жаппа,
Ең ауыры – екіжүзді, осыдан без.

Мұхаммед-тің оқы, үйрен хадистерін,
АЛЛА – бар істеріне табыс берсін.
Өзінді өзің сила жаттай етіп,
Жамандық ой-сананнан алыс жүрсін.

Кой береке өсірсең төлін берген,
Түйе жақсы, өмірдің шөлін көрген.
Бар жолына жақсылық төсеп қойды,
Жылқыға кен даланың жолын берген.

Үш нәрсе бақытсыздыққа душар етер,
Ер жігітті кор етіп түпке жетер.
Жалқаулық, көкбет әйел, жаман көрші,
Корлық жок үшеуінен асып өтер.

Әділетсіз билерің пасық болар,
Тозақ оты шақырып асықтырар.
Алып пәре, әділеттен тая бер деп,
Әзәзіл шайтан төрін ашып тұрар.

Бұл дүниеде үрпағына қарғыс кетер
Такуалар қарғысы түпке жетер.
«Тура биде туған жок» – деген сөз бар,
Дүрілдеткен дәулеттіңің күні бітер.

Жазықсыз жанды босқа жылатпандар,
Сүйемелде, қолтыктап құлатпандар.
Бір күн жылатып, біреуді мың күн жылап,
Өзінді-өзің босқа сорлатпандар.

Кұлық, сұмдық, пәленің ізін бақпа,
Болмағын қара ниет зұлым жакта.
«Қаніккеннен, – дәнеккен жаман» деген,
Момын өліп, озбырдың отын жақпа.

Ластанып, жамандыққа баспаңыздар,
Тегін дүние таптым деп шашпаңыздар.
Қара қылды қақ жарған Төле бидің,
Есігін дәл солардай ашсаныздар.

Өтірік сөз күнәнің басы болар,
Ол адамның дүшпаны қасы солар.
Сенім кетер, достарың сенен безер.
Шын сөзің баспас өрге, сенім кетер.

Қиянат пен өтірігін жөн дегендер,
Жетелеген шайтанның жүгін тендер.
Қасында бір адам жок қалып жалғыз.
Дүшпан түгіл, досың да сенен безер.

Жияр пенде қоқсығын өлгенінше
Ақ бөзге орап жер бесікке көмгенінше,
Пенде білмес өмірдің қысқа күнін,
Бір от жанып, шоғы соның сөнгенінше.

Қызық көп адамдардың тойымына,
Бітсе дәulet көтере алмас мойынына.
Алтыннан сарай салам деседағы,
Тоқтау жоқ, пейілінің қойуына.

Дұние – қорлық, ауыруын қояды алға,
Таудай алтын тапса да тоя алама.
Бұл өмірдің байлығы сіз бен бізге
Дәнегің қалар артта бала-шаға.

ЖЕТЕЛЕГЕН

Аракпен қай әкеміз сауық құрды?
О, достым талай есік жабық тұрды.
Бірін-бірі өлтірген маскүнемнің,
Өлімі болмай отыр тауық құрлы.

Тұріне жан шошырлық тұрмын қарап
Не қүйікпен достарым-ау іштің арак,
Қай дертінды дауа бол сауықтырды,
Көз жасың бол төгілді сол бір шарап.

Жөн емес пе бұл аракқа келіспеген,
«Мен іш те, бұл шарапты сен іш» деген.
Жерік асы болған ба талайлардың,
Араксыз еш нәрсеге келіспеген.

Көк арак құл ғып сені жетелеген,
Емеспе мына бір дерт төте келген.
Арактан азғындал жүр талай достым,
Ерте өліп арамыздан кете берген.

Өлімге өз басынды іліп тұрып,
Ішесін у аракты біліп тұрып.
Қылмыстың бар тұріне ұрынасың
Еш нәрсе болмағандай құліп тұрып.

Арактан өлсөң достым сұрамаған,
«Жөн» дейді өлгенде оған жыламаған.
Жөн дейді көмбегенін ғұламалар,
Жөн дейді жаназа да шығармаған.

Бұл арак азғындықтың басы болар,
Арак іш деген адам хасың болар.
Жұрдай қып ар-ұятты тонап алған,
Жетелеп жүрген шайтан досың солар.

Аракпен бірін бірі дуалаған,
Осы арак жанұяннан қуалаған.
Жарынан, баласынан бездіріп жүр,
Халынды ешбір адам сұрамаған.

Ішесің боласың мас, тойынасың,
Не біреуді, не біреуден сойыласың.
Үйден-тұзден берекен шашылады,
Арып жолда қалады жалғыз басың.

Арак ішсөң ит қашып шошынады,
Жын-жыбыр досың болып қосылады.
Адамдың бойынан кеткен безіп,
Сау кезінде ойлап көр осыларды.

Сау кезінде, өзіңе бергін есеп,
Ойламаған алды, артын өлгенге есеп.
Сау басына сақина тағып алып,
Бір күнгі дерт, мың күніңе болар өсек.

Ойланып өткен іске ұялмаған,
Нәпсін адамдықпен тия алмаған,
Екі аяқты адам боп туғанымен,
Төрт аяқты доныз боп құлге аунаған.

Ішіп арак ата-анасын сорлатады,
Абыройын азаматтық қорлатады.
Үлкенді, кішіні де силамаған,
Жанұясын жазықсыз жылатады.

Арак мынау апиымнан кеттің өтіп,
Кәрі, жаста болады қандай тәртіп.
Өзінді-өзің екшеп жүре алмасаң,
Өтесің осы арактың дертін кешіп.

Жан ұясынан безген көп, кіндік кескен,
Өз тағдырың қолында біліп шессен.
Құмырсқа тірлік өмірің барады өтіп,
Біреу келіп, өмірден біреу өшкен.

Жанұяңның жарқырат шуактарын,
Сөндірмегін жақ отың, шырактарын.
Аласта арамыздан жынаракты,
Өзінді, өзгені де жылатпағын.

КӨШПЕНДІЛЕР

Кеңдігіндей даламның,
Ерлігін-ай, бабамның
Алып жатыр бөлігін
Ұланасыр (ғаламның)

Салмаса да қаласын,
Таңбалай білді даласын.
Тұзға жуып пісіріп
Атқа үйреткен баласын.

Мықтылардың мықтысын,
Ат үстінде сынаған.
Қаһарынан бабамның
Ескендір де құлаған.

Кең даланың қызығын,
Көшіп жүріп көретін.
Қорасынан төрт түлік
Өріске каптап өретін.

Қаптап келген қалың жау,
Адасып жұртта қалатын.
Шетіне жетпей даланың
Шөлден опат балатын.

Менің бабам Сақ елім,
Сырын білген даланың
Кызғанбаған тағамын,
Дүшпанына тартты табағын.

Келсе дағы жау басып,
Жене алмапты елімді.
Көшіп-қонды жауласып,
Корғап келді даламды.

АРАҚТЫҢ ӘЛЕГІ

Білгенге батылмын,
Білмеске тақырмын.
Аз ішсөң ақылмын,
Көп ішсөң зақымын.
Жұз грам ішкенде
Сөз бермес ақынмын.
Қайдағы пәлені,
Іздеуге жақынмын.

Мен сондай батырмын
Көзімнің таңбасын
Бір мықты оңбасын
Жұдырықпен сокты-ғой,
Румкелес жолдасым.

Сөйтіп мені:
Арақ жеңген пақырмын,
Үйімнен қарыс шыға алмай
Төсек тартып жатырмын,

Осылайша бұл шіркін,
Арақ тілін алып жүр.
Кез-келген жерде қалып жүр,
Әйелін қуып, үйді-үйге
Үйдің мұлқін шағып жүр.

Уа, достар! Осындаイラр,
Ар, ұяттан айрылып
Жұмыстан әрі қалып жүр
Арақ – ардың дүшпаны
Арамызда нағып жүр.

КӨПІРМЕ БАСТЫҚ

Тапсырма берсен,
Тапжылмайды.
Арақ берсөң артылмайды.
Тамақ десен тап береді,
Жұмысқа келсек
Жалт береді.
Сөйлегенде, жампандайды
Ел алдында талтандайды.
Мал дегенді атама деп.
Түйе дегенді бота ма деп

Ақша деген тиын ба деп
Дүние жинау қыын ба деп
Бәрін үйіп келтіреді
Бастық болып көпірмелер.
Ұрмай, сокпай өлтіреді,
Осындаイラр арамызда
Болып отыр ел тірегі.

* * *

Шапқан сайын жанарың жасқа буылған
Кең даланы ат тұяғы қуырған.
Жер мен көктің ортасында осы-нау!
Мініп құлан көшпендейлер туылған.

Бір құланы бір құламен қуатын,
Іздеп жүріп тауып алар суатын.
Малы да өскен, жаны да өскен ауылдың
Қар жамылып, ақ боранды тұратын.

Киіз аяқ, кебентайын сағынған,
Тоқтышақтың тон терісін жамылған.
Малта құртын, ақ сорпамен сімірсе,
Сықырлаған сары аязда бағынған.

Бел-белестер бүктетіліп жатады,
Күн сұытып, көл мен өзен катады.
Ақ қырауға тұмшаланған жамылып,
Көрем көзбен тасаланған бұтаны.

Қызығады, қызғанады өзгеден,
Төрт тұлікті өз төлінен үзбеген.
Жалғастырып арманы мен бақытын
Корасы мен өрісінен іздеген.

Шыңға қыран салады екен ұясын,
Адамдардан қызғаныпты қиясын.
Ырықына тағыларды көндіріп,
Қасқыр-тұлкі терілерін жиятын.

Келсе жауы жер қайысып қаптаған,
Көміп шаңға ат тұяғымен таптаған.
Кең даласы керіп төсін қасқайып,
Соғысатын жерден жауы таппаған.

Алтын киім, алтын алқа, қалыбын,
Алты құрлық қазағымды таныдың
Өткенің мен келешекті бағдарлап,
Намысымның көк семсерін жаныдым.

Кер құлаға мінген қазақ келеді,
Тауы-жері қолтығынан демеді.
Талай өшіп, талай жанған отының,
Таңбаларын сақтап берген жер еді.

ҚАРЫНДАСЫМ

Тостакан толы айранды бөліп ішкен
Мен үшін отпен суға бірге түскен.
Кіршіксіз жүрегінде қылауы жок,
Ақ көніл аңқылдаған қарындастым.

Туыстық, бауырмалық табылmas күн,
Сағыныш сезімі мол қарындастын.
Гүл теріп, қырға шығып серуендейсін,
Сыртынан қырындаушы ең ауылдастын.

Еш нәрсе аңғармаған балашағын,
Жол ашып тұрыпты алда болашағын.
Әкенін, шешенің де, бауырдың да,
Алдында еркін өскен қарындастым.

Үй болып, бір ауылдың отын жакқан,
Өсіріп ұлы-қызын жолын тапқан.
Еске алып жиі-жиі келіп жүрген,
Аман бол, айналайын, қарындастым.

Қызғанамын жат көзден өздерінді,
Қимастық, бауырластық кездерімді.
Екі күн жолаушылап келмей қалсам,
Аңқылдап шығар алдан қарындастым.

Балалық, жастық өмір табылmas күн,
Кайталанбас отбасын сағынбас кім.
Әке-шеше, бауырдың ортасында
Орны бөлек, тәні бір қарындастым.

Ет жүрегім елжірейді сағыныштан,
Сағынышым аксұнқарым алып үшқан

Бас ауырып, балтырым сыздағанда,
Құстай ұшып жететін қарындастым.

Әмірің сағыныштан жатқан тұнып,
Бауырластың өрмегін тартқан құрып.
Тілейсің үйде, тұзде жақсылықты,
Тілеулес ет жүрегім қарындастым.

Биғайша, Қанышамен тетелессің,
Бастаған өмірінің жеке көшін.
Байтерексің салалы бұтақтанған,
Ешкімнен өз ортанды кем емессің.

ТІЛЕК

Сырлы сандық түбінде
Іздегенің жатады.
Ақтарылып ағынан,
Жақсылар берер батаны.

Шаруа өсірген жүгірер
Жағалай жортып жотаны,
Ақ інгенің іздейді,
Көзінен тайса ботаны.

Алысты жақсы болжайды,
Ауылдың әділ қазысы,
Қасқырын қырдың қоймайды,
Ақшының ұшар тазысы.

Сұңғыла жүйрік ойшылдың
Өсекпен болмас жұмысы,
Ұры болар баланың
Көбейер тұнгі жұмысы.

Еңбексіз адам азғындар,
Кадірі болмас ауылға.
Ақыл айтып болдырдым,
Маскүнем болған бауырға.

Көнілде қалған кірімді,
Кетірейін жуып жауынға.
Жаралы жаным жасиды
Кеудемді тостым дауылға.

Ақылшы мен дана көп
Алды-алдына билейді.
Ала қашып көкбардай,
Аузымен батпақ илейді.

Жасыл әлем тозбасын,
Көктемдей көктеп қоздасын.
Әзен, көл құсқа толығып
Адамдар оны қорғасын.

Кеудемді өлең кернейді,
Көгінде әлем тербейді.
Үйренем төршіл елімнен,
Биікке қарай өрлеуді.

КЕШІР ЕЛІМ

Кешір елім қателескен болса күнім,
Кейде бай, кейде кедей тіршілігім.
Күнін де, түнінде де мойымадым
Арқамнан өлі тұспей жүрсің жүгім?

Қымбат маған туған жер сұлұлығы,
Қымбат маған елімнің ұлылығы.
Елімнің бағыменен соры болған,
Жауластырып келеді құрылығы.

Жауластырып келеді жердің кені,
Жоқ еken бұл әлемде жердің теңі.
Үнсіз жатып оянсан келер танда,
Құшағында бөлер күн жылдылығы.

Алар күтіп алдынан қылмыс мені,
Кейде қылмыс кей-кейде дұрыс жері.

Әмірім кейде шұңқыр кейде биік,
Биіктеген кезімде болдым сері?

Кешір елім қателігім осыларда,
Куға – қу, қуанады қосыларда.
Қара қылды қақ жарған шындық осы,
Құлатып жүр байлық досын жарға.

Өтеді өмір өзінің ағынымен,
Танылама талант даранымен.
Қараңғыны қақ жарып жүріп келем
Әмірдің сілтеген жол жарығымен.

Елім менен тағдырым бірге менің,
Құшағында еркелеп өскен жерім.
Қадіріңе жеттім бе, жетпедім бе,
Қателескен кезімде кешір елім.

Бар-ау, АЛЛА жаратқан тірілерді,
Білгін,— деп ой мен сана- білім берді.
Байбына ақ қараның жете алатын
Сағынып жүрмін ізденеп ірілерді.

Сағынып жүрмін ізденеп інілерді,
Аңсаған арманың мен күнің келді.
Аласқан қараңғыдан жолын таппай,
Діні мен елімізге тілін берді.

Тұманнын көтерілеп күнім келді,
Басыннан ауыртпалық түрілген-ді.
Оқу, білім, тап өнер керегінді ал,
Түзеп ал, болашаққа жолынды енді.

КӨКТЕМ

Көктем-ана балбырап,
Бусанып қарын шешінді.
Жасыл көрпе жамылып,
Қол-аяғын көсілді.

Дүркіреп дала сілкініп,
Ақ тонын алды сыпрып,
Бусынап сәби, бұлқынып
Жаңбырға жатыр күйиңип.

Етек, жеңін түрініп
Қызылды-жасыл киініп
Жылғада сұы күркіреп,
Бұлактар көлге құйылып.

Өзен, көлін сағыніп,
Құстары жылдың оралды,
Тау мен дала шешініп,
Балалар суға шомылды.

Далада түйен ғоталап
Оянды тірлік күтпеген.
Балалап жатқан маңайға
Қараймын тұзге үмітпен.

Міне осылай жер-ана,
Көктем атты қыз туды.
Бойжетті қызы есейді,
Берекелі жаз туды.

Жер мен аспан табысып,
Сүйісті қызы жігітпен
Құлқісі бұлақ сылқылдан,
Дүниені түгел жібіткен.

Қауызын жарып өмірге,
Келеді шығып балапан.
Жапырағын жайып жас орман
Куана соғар алақан.

Даланың жомарт құшағын,
Самалың сүйіп тосамын.
Боталап жатқан төлінің,
Жатырмын кесіп тұсауын.

* * *

Өсетін елде жақсы көп,
Тозған елде бақсы көп.
Біткен іске сыншы көп,
Дайын асқа жеуші көп.

Бас-басына шешен көп,
Ел билеуге көсем көп.
Арак ішсе батыр көп,
Батырлар жүрер көсеу боп.

ОТАН – АНА

Құшағында балалық күнім өткен,
Көтеріп көкке мені еркелеткен.
Анам — Отан, Отаным өскен елім,
Тал шыбығың мен едім бойлап өскен.

Әнім де, жырым менің бір өзіңсін,
Өмірімнің арқауы тірегісін.
Отан десем ұлы дала көз алдымда
Қазактың кен өлкесі жүргегімсін.

Мың ойланып толқынып сенде жатам,
Сен үшін түсем отқа, суға батам.
Әулие анатайым құшағынан,
Көгеріп, көктейді екен менің ботам.

Кен-байлықтың қазынасы Отан деген,
Ата-бабам, қорлығын, сенің көрген.
Жан беріп, жан алысқан даласы сен,
Далаң болып, сөйлеп өтер, баласы мен.

Туған жер топырағында туып-өскен,
Тірлігім жермен бірге кіндік кескен.
Өзің болып, өзіңнен алам білім,
Азаматтың өз тағдырын, өзі шешкен.

Отан, аспан, тауыңмын аласарған,
Арманымды аспанына алаұшырам.
Сенсіз күнім, өмірім, болар түнек,
Болмас еді от басында бала-шағам.

ШЫҢҒЫС ХАН КІМ

Қатар жүрдік бір кезде қазақ, қалмақ,
Ұлы дала төрінен орын алсақ.
Көк түріктің тозған елі бөлек-бөлек,
Тегі қалмақ, ол қалай «манғұл» болмак.

Жарты әлемнің патшасы Мұқылыдан,
Жалайыр-Қалмақ болып ел тараған.
Араласып Жалайыр Қалмақпенен,
Шыңғыс ханның балалары ел сұраған.

Мың-мың қолын басқарып «Манғұл» болдық,
Манғұлдардың тегінде қалмақ емес.
Қазақ, қалмақ қолдары қаруланған,
Мың-мың қолы осылай болған елес.

Түрі, діні, шамандық жарасады,
Шеттен келген даласынан адасады.
Ай жүріп, жыл жүріп жете алмаған,
Шаршап жолдан, ақылың шаң басады.

Мына дала жалғасып тұр аспанымен,
Көшке ілесіп қанша жер басқаныңмен.
Куби, Такламақан, Қызылқұм, Каракұмда,
Алтай-Жонғар, Тяньшаннан асқанымен.

Мына дала өлшенер аспанымен,
Еділ-Жайық, оралды басқаныңмен
Барды көші Дунайға, Кавказ-Қырым
Европада жатыр ғой басқан ізім.

Шыңғысханды қанышер деп атқан тасын,
Көріп тұрмын Қазақтың өр тұлғасын.

Мақтанышы елімнің айбанды ұлы,
Отаны үшін өлімге тіккен басын.

«Тіккен туым, құраған халқымменен,
Мен құлайын халықым құламасын»
Қазақ-қалмақ, тіккен үйің бір емес пе,
Сакта бірлік ұрпағың жыламасын.

Косқан басын әр ұлысты біріктіріп,
Шашпа топырақ тарихты көріп тұрып.
Ата жұртын қорғаған менің бабам
Қарақорым, Қаратаяға келіп тұрып.

Қай тілінде кімдердің сөйлемедім,
Киімін киіп өркімнің үйлерге ендім.
Мың құбылып өзгеріп далан менен,
Алуан тұрлі гүлің бол күйге келдім.

Тұңған тарих тілімде жасырсынған,
Бар кіліті белгісіз ғасырынан.
Әр сөзімнің астында көмбе жатыр
Көмбесінен аршып ал асылынан.

* * *

Ойлар, ойлар оятады шымшылап,
Төсегімде қалай жатам тыншып-ақ.
Намыс!
Намыс!
Әркімдерге керек-ау!
Жан-дүниемді қозғап жүрсің қамшылап.

Жамандықтан жаным шошып қашамын,
Жақсыларға жайып құшак ашамын.
Өзімненде,
Өзгеденде
Ұялып,
Арсыздықты аяғыма басамын.

Ойлар-ойлар, келе жатыр мазалап,
Әзімді-әзім алам кейде жазалап.
Ерің әйел,
Әйелің еркек
Болған ба?
Көргенсіздік көрікіне обал-ақ
Кінәні мен заманымға тақпаймын,
Ұялғанымнан, таппадым жер аттайтын
Тыр жалаңаш,
Жалаңбас
Кіндігінде сырғасы
Бұл қазактың салты болды сактайтын.

ЖЕТЕСІЗ

Жетесіздің қаһарына, ызғарына,
Тап болып ұрыныпсын, жүз қарыла.
Жүйесіз, жетесіздің жүзіне сеп,
Отырар қағып шетке шын дарынға

Ас татымай таңлайыңа дәмі кірмес,
Сүрінбей анқау адам жолын білмес.
Қызғаншақ пәле қуар дүниеде,
Өзінен бір басқаның бәрі күндес.

Өсектің көп болады мың құлағы,
Біреуге жақпай қалсаң мін болады.
Бірін мактап, бірін даттап, күпінумен
Аралап жүр ауылдың жын-қонағы.

Желіктіріп ауылдың төнерегін
Талқыға әкеп салар бар өнерін
Саарқаның жұлмалап самалыңдай,
Куалап келе жатыр көбелегін.

АРМАН ТАУЛАР

Жасыл бақтан таң самалы еседі,
Есіме алдым балалықты кешегі.
Уақыттар барады өтіп білінбей,
Тал шыбығым — нән шыбық бол өседі.

Бой жетіпті титтей қыздар кешегі
Әзілдесіп ұсынады кесені.
Сарыла тосып, саржайлауын сағынып
Сар сабаның аузын өзі шешеді.

Шілденің жұмсақ балбыраған тұніндей,
Барады өтіп, саған-маған білінбей,
Тұннен іздең, жұлдызым-ау жүзермін,
Таң алдында ашыласың жайлау гүліндей.

Уақыттар барады өтіп, барады
Ақтарылып жаздың жасыл парагы
Сырнайлатып сыйызғы әнмен өзендер
Ұзатып сап арман таулар қалады.

КЕЗ БОЛДЫМ

Жаксымен болдым сан бірге,
Туысымнан артық жақтадым.
Ділгір болдым әр іске
Білгенше тыныш таппадым.

Білмейтінім көп менің
Тегінде ақты ақтадым.
Орны толмас өкініш
Тигенде басқа тоқтадым.

Бітіспеген дауларға,
Дәнекерлерге кез болдым.
Өсекші мен күншілдің
Арасында сөз болдым.

Қарайғанды ағарттым,
Алтындаі сырын сақтадым.
Адасқанға жол сілтеп,
Әлсіздерге бас болдым.

Адалдықты, бірлікті,
Ел ішіне, мактадым
Асыл сөзін алтындаі
Көкірегімде сақтадым.

Жақсымен жүріп жанғаным,
Жақсыдай болу арманым.
Білім деген бір теңіз...
Сусындаған қанбадым.

ОЙЛАНЫП КӨР

Қатардан қалып күн кешіп,
Еріншек-ездер жұр бұғып.
Ауылдан думан той іздең,
Еңбексіз асқа сұғынып,
Ойланып көр өзің ұғынып.

Төрт мүшен түгел сау болып,
Ішесің арак тау болып.
Досың түгіл туысың —
Көрінер көзіңе жау болып.
Ойланып көргін ұғынып.

Нұрланып күнге таң болып,
Айналаң толы бау болып.
Етпесең енбек тер төгіп,
Картаясың шал болып,
Ойланып көргін ұғынып.

Отыз бен қырық, елудің,
Келсе де жасың баласың.

Экен менен шешенен,
Несібенде содан аласың
Әмірден күрғап барасың.

Махаббат қоздар шоқ болып,
Жана біл, жан да от болып.
Жана алмасаң әмірде
Өлгенің жақсы жоқ болып,
Ойланып көр өзің ұғынып.

ТЕҢІЗДЕ

1

Кемеменен теніздің,
Төріне сапар түзедім.
Әлдилеген ақ Айдын...
Табам ба сізді іздесем

Айдында көзбен кешіріп,
Іздеумен келем үмітпен.
Жоғалған бейнен елес боп,
Жүрсің бе ойлап жігітпен.

Кемеден ұшар шағала,
Қанатын желге талдырып.
Жүрсің бе жаным жағада,
Үмітінді отқа жандырып.

Асау толқын өжімін,
Бетіне алар жирып.
Мұңымды айтам тенізге
Қабағым қат-қат түйіліп.

Шуылдайды шағала,
Толқынға қарай құйылып.
Көрдің бе әлде жағаны
Ұшасың бәрін жиылып.

Сөзінді Айдын мен сенің
Жүрегіме терең тұнетем.
Сұлуым елім, Айдыным,
Сендерді ойлап жүдесем.

Ойланам бәрін ұмітпен,
Төндерде Айдын тұнедім.
Жүрсем де алыс шалғайдан,
Сағыныш жібін ұзбедім.

Өмірдің жіпсіз Айдыны,
Мұхит пен құрылых жалғасқан.
Бұлыштың ұміт аспаны,
Теңізде тұнеп жол басқан.

2

Ақку арман алыстап,
Толқынмен ағып барады.
Құстар өнін сыйылтап
Жүрегім дүрсіл қағады.

Ойланап ұзак сүзіліп,
Толқындарға қарадым
Алқалы толқын тізіліп,
Жағаның тасын сабады.

Қоштасып ақку барасың
Артыңа тастап мекенін,
Күрсініп теңіз қаласың
Қасында жалғыз екенмін.

Іздеген жоғым тыбылмай,
Шағала жүрек ұшады.
Сабасына толқын сиялмай,
Жағаға келіп құлады.

* * *

Сұңғыла сұлу,
Имеген басын.
Шыршалар жасыл,
Таранар шашын.

Қамырдай илеп
Өзендер тасын.
Жылауық талдар
Төгеді жасын.

Биік таулар,
Көрсетіп кішілігін.
Ұлы адамдар,
Танытар кісілігін.

БІЛІП АЛ

Адам болар балаңыз,
Еңбек етіп табар жол.
Адам болмас балаңыз
Үйде отырып болар шал.

Адам болар балаңыз
Оку іздеп болар сал
Ерте оянып балам-ау
Таңың қызын нұрын ал.

Батырып күннің қызылын,
Еңбектің дәмін, сырын ал.
Қатарынан қалмағын,
Ақ-қараны танып ал.

Кейін опық жемегін,
Алжыған шал демегін.
Адам болсаң тілімді ал,
Еңбекпен егіз білімді ал.

Бірі ашты, бірі бал,
Дәнегінді жерге сал?
Емендей өсіп көктейсің
Бұл сөзімді біліп ал.

ШЫН ЖЕТИМ

Ел қонбаса құм жетім,
Шөп шықпаған шөл жетім.
Көсеуі жоқ от жетім
Көсемі жоқ ел жетім.

Көргенді көрмес ер жетім,
Тындаушысы жоқ сөз жетім.
Із түспеген жол жетім,
Құс қонбаса көл жетім.

Иесіз қалған үй жетім,
Кемпірі өлген шал жетім.
Жат елде жалғыз жалтандап
Жете алмаған ел жетім.

II бөлім



ЖЕТИСУ

Әкең де арман, арттағы бала да арман,
Арнасында Іле боп ағады арман.
Тынымсыз жүрегімнің тірісінде,
Жолаушымын Жетісуды аралаған.

ЖАҚҰТ ТАУЛАР

Асылтас пен алтын кендер ашылған,
Алып таулар көкке иығы асылған.
Райымбек құшағында таулардың,
Конып бұлттар Хантәнірге бас үрған.

Койны толы, қазыналы кен өлкем,
Ақтарасын байлығынды сен ертең
Жақот таулар жалт-жұлт еткен береке
Шөбі шалғын, балы тамған жер екен.

Алтын, көмір, темір менен күмісін,
Құшағында жақот таулар ырысын.
Бүгін емес, ежелден ақ көшпелі ел,
Тасты ерітіп ағызыпты құрышын.

ӨМІРДІҢ СЫНЫ

Киындық жанға
Сынақ үшін жарасқан.
Өмірдің сыны кінәләй көрме адассам.
Күрсініп бұлт, түмшыланды көк аспан,
Оянып түнде, даланда жатып көз ашсам.

Зілмауыр ойлар,
Тұнеріп келді бұлытпен,
Сіркіреп жаңбыр, арқарлы жонды жібіткен.
Табалмай жолын, қиянын тасын үгіткен,
Табаным тозып келемін жүріп үмітпен.

Тұндерің тұнек,
Жүрегімді жүдеткен.
Әмірдің тартып азабымен сзызы өткен.
Апрай неткен жарық әлем қайда екен
Аспандағы жұлдызыым қайда құзеткен.

Адасып тұнде,
Қалмады суым көшпеген,
Тұндердей қыын, бар жұмбағым шешпеген.
Жол бермес асу көлдененцеп алдыннан,
Сүйрелеп намыс келе жатыр өшпеген.

Киындық жанға –
Сынақ үшін жарасқан,
Әмірдің сыны кінәләй көрме адассам,
Шығады күнім қараңғыны қак жарып,
Жұлдыздарым аман болышы жер басқан.

МҰЗАРТ

Мұзарт таудан жамыраған ұрандал,
Салыпты өрнек биші өзендер бұрандал.
Мен де бірге билейінші сендермен,
Өз қолыммен ауылымға құрам бақ.

Мұзарт баба тауларың бар қоздаған,
Жер сұлуы бір өзіңнен озбаған.
Сай мен салаң жатыр малға боталап,
Аруана өзендерің боздаған.

Өзің жайлы сыр шертеді ертегім,
Сеніменен жарқын өмір ертеңім.
Мұзарт болып, сөйлейінші мен бүгін,
Өзенің боп ән-күйінді шертемін.

Арнасында жатыр өзен бұлқынып,
Ағыныңа қарсы жүгіремін ұмтылып.
Өзің болып сөйлеп кетем кей-кейде,
Шалғының болып өніп-өсем құлпырып.

ШОФЕР ЖЫРЫ

Жүріп келем мақпал тұнді қақ жарып,
Бұлаң етіп тарғыл бұлттан шыға келді ай жарық
Ұршық болып, кетті иріліп төрт дөңгелек құйынданай,
Ақ даланың шүйкеленіп боз шандағы айналып.

Өтіп жүрем сан жолдардың торабынан жүк тасып.
Өздерінмен бірге болам, көніл қосып жұптасып
Өмір артқан ауыр жүгін арқалап-ап осылай,
Көш бастаған ақ нарынданай белен-белен қырды асып.

Кейде қапы кеш қаламын, ұзын жолда аh ұрып
Ақ боранда арпалысып, жанды-жанға шақырып.
Қиналмайын сонда жігіт ерлігімді көрсетіп.
Ертесінде күтеді алдан жазылмаған тақырып.

Жүріп келем ақ далада, қара жолды көшіріп,
Екі қолым тыным тапбай, қос жанағым тесіліп.
Өскен жердің кен төрін ай, жайды құшақ көсіліп.
Анам үйде аландайды «қалды-ғой» деп кешігіп.

«Жалғыз ұлым не болды» — деп үйде отыр елендеп,
Шәй қайнатып, ас дайындал келіп қалса берем деп
Ақ тілегін Бәти отыр, баласына тілеген,
Пәк жүрегі қақ жарылып, аман-есен келер деп.

ТАЛҒАРЫМ

Туған өлкем қандай сұлу көрікті,
Шындарынан кімдер асып көріпті.
Мұзбалак қыран шындарына ұя сал.
Аппақ қарлар құн нұрынан еріпті.

Аппақ сәлде орап алған басынан,
Тулап ағар мөлдір бұлак тасыған.
Карағайы жайқалады қапталда
Құс өреді жақпар-жақпар тасынан.

Құшактап-ап Талғарымның қаласын,
Сүйіп өзен аймалайды даласын.
Арман қуып махаббаттан жаралған
Жермен көктің жалғап түр ғой арасын.

Сұлу кала, өсем қала Талғарым,
Ұмытам ба жеміс-жидек бауларын,
Кавказ, Кырым бір өзінен аспайды,
Мәр-мәр тастан жаратылған тауларым.

КАСПИЙ

Көк теңіз көкпен тілдесіп,
Құшағында аспан жатқандай.
Каспиім жатыр жарқырап
Жұлдыздан моншак таққандай,
Айдының жатыр аспандап,
Күнің батар қызыарып
Жібектен көрпе жапқандай,
Күнді сүйер құшактап
Аспаннан моншак шашқандай.
Жамбастай келіп ай қонды,
Каспийге мөрін басқандай,
Жағаны толқын сипалап
Мекіре, құсын сағынып
Зарын елге шакқандай
Қыл үстінде Каспий, Аralым
«Мен» деген дертың батпандай.

ЖАМБЫЛ

Жұлдыздай жанып, жарқырайсың көгімнен,
Нөсерлеткен жырыңа баба көмілгем.
Тәгілген нұрың әлемге шуақ таралып
Сан ғасырдың,
Төрінен Жамбыл көрінген.

Ақсакалды Жамбылым биік Алатау,
Алатаудан ағады өзен жыры асау.
Ұшқыр ойың жұлдыздармен жалғасқан,
Арманым өзің –
Жамбылдай болып жүз жасау.

Өлеңге бөлеп бесігін елдің тербеттің,
Жұдеген талай жүреке шуақ гүл ектің,
Майданда да, ауылдада Жамбылым,
Жасыған талай,
Жүректерді жуаттың.

Әр ғасыр туар, өз Жамбылы шыр етіп,
Ол да бәлкім куантар елін ту етіп.
Том-том болып кітаптарың тұр әне,
Ғасырлардан –
Ғасырлар көшін жыр етіп.

1991 жыл.

ТАУЫМ БАР

Керіліп жатыр алдында,
Керме иық, кербез асуладар.
Барып көр менің аулыма,
Мықты болсан асындар.

Барып көр менің аулыма,
Көресің таудың төресін,
Төсейді төсін дауылға
Тіреген бұлтқа төбесін.

Ақ қалпағы басында,
Ақ тонын қардан жамылып.
Бұлактар сөйлер сайнанда
Даласын жомарт сағынып.

Жасыбай, Көлсай көлдерін,
Көтеріп көкке төбесін.
Сағынып жиі келемін,
Көремін таудың төресін.

АҚТАСТЫ

Кереге тасын түскиіз қып ұстағандай
Не тұрлі асыл таспен тыстағандай,
Қыраттан сығалаған күміс айым,
Жарқ етіп тұрды алдында тостағандай.

Ағады бал бұлактар құлап тұрып,
Бұрымын өріп тастан лактырып.
Әніне Ақтастының әуендеткен
Калыппын бойым балқып құлак тұнып.

Ақ үйлер жылдан-жылға биіктеліп,
Жас талы жайқалады іріктеліп.
Биігін Ақтастының сағынғандай
Тұрады ақша бұлттар сүйіп келіп.

Осынша неткен сұлу көркінді
Көргенде билер сезім еркімді.
Тағынып асыл моншак бағаналар
Жалт етіп, ай астынан серіпілді.

МҰҚАҒАЛИ, ҚАСЫМ БОЛЫП...

Әлдилеп ақ бұлағын тербетейін,
Еліме мен де жырды селдетейін.
Туған елім мен сенің өзің болып,
Құшағынды жылдытып менде өтермін.

Әмірге келер талай жасын болып,
Әлеңім Мұқағали, Қасым болып
Әмірден өзімше бір өрнек іздеп...
Жырлаймын жиырма бірдің басы болып.

Жырлайын жаңа ғасыр басы болып,
Әмірден өткім келмес масыл болып.
Туған ел тауында емес етегің де,
Жатсам да арманым жоқ тасың болып.

ТЕРБЕТЕДІ БАЛҚАШТА

Ақ толқынға тосып жер, төсін қактап,
Теніз жатыр жар-тасты шапалактап.
Құндақтап жерді теңіз тербетеді
Балқашым күрсінесің ырғалактап.

Бұл әлем бірін-бірі тербетеді, терлетеді,
Тербетуді, терлетуді біздерге үйретеді.
Сенбесен Балқашымға қарап тұрғын
Жалп етсе толқындардан із өшеді.

Тегін бе тербетіліп үйіргені,
Толқын таулар, толқыннан үйілгені
Ақ толқын ұзай берер көз алдыңнан,
Толқытқан ана жердің дірмені.

Үйіріп, зырылдатып ширатады,
Кейде тау ғып, кейде құм ғып құлатады.
Сарқылдып бара жатқан Балқашымды,
Жазықсыз неге адамдар жылатады.

АЛМАТЫГА БАРА ЖАТЫР

Алатаудың етегінде дала жатыр,
Кең даланы құшактаң қала жатыр.
Алма, өрігін,
Арқалағын, қыз келіншек,
Асығып көк базарға бара жатыр.
Алып салық бәрінде жайғастыра.
Беріп орын
Әр жерден ойластырап.
Бастарын біріктірген бәрінің де,
Базаркомің төрінде малдас құрар.
Жасауылдан жасырып тығасындар,
Ішінен қою шаңның шығасындар
Кейде тапсан пайдасын, кейде тапбай
Қара Нары.
Қазақтың дәл осылар.
Бірін алдап, ал бірін қорқытатын,
Арулардың жүрегіне жара салар.
Арулар-ай, арулар-ай мойымаған,
Жаралған сендерсіндер шын асылдар.

ТОРАЙҒЫР

Жорықта қалған Торайғыр,
Шығысты бетке алып тұр.
Батырлар мінген бұл айғыр
Жолынды тосып, бағып тұр.

Жал, құйрығын таранып,
Көсіліп жатыр Торайғыр
Ертоқымың томпайып,
Шашылып жатыр Торайғыр.

Өткен бұлтқа тамсанып,
Шөлдеп жатыр бұл айғыр.
Шың иесін сусатар,
Сағынып жатыр Торайғыр.

АЛАСА

Аласа жердің құтындаі,
Семіртер қойды май басып
Ығы-жығы тәбелер
Орын апты жайғасып.

Шашылып жатыр моладай,
Қадау-қадау тәбелер.
Тәбелері шөгіп түйедей,
Көрінеді көзінде,
Тастары қызыл шиедей.

Аласаның тауы үшін,
Батырлар өтті жауласып.
Жердің құты сен үшін,
Өткен өмір дауласып.

Даласы жатыр Көкпектің
Аласаға асылып.
Он жағында Торайғыр,
Құбылаға бас ұрып.

Изен-жусан бұрқырап
Шұрайлы шөлдің атасы,
Албан ата Асанның
Аласаға берген батасы.

ӨМІР — КЕРУЕН

Өмір — керуен үмітпен тұрар үндесіп,
Бірақ та арман ашып берген кімге есік.
Мазасыз ойым ұмыттырғанмен мұң қөшіп,
Болмаған жолым, жүйесіз қиял жүр кешіп.

Сапарға шығам, сыбанып алып білекті,
Кез қылма тағдыр берішке айналған жүректі,
Мен түгіл, сүрініп өткен даналар,
Табыстыра көр іздеген арман тілекті.

Керуендер аз ба «жібек жолын» басып өтпеген
Пенделер қанша, көксегеніне жетпеген.
Сағы сынардай, сарғая жолға көз талған,
Арулар қанша, қасірет жасын төкпеген.

Токтамас керуен, өмір дейтін жолда ұзак,
Үзілмес үміт жетелейді алға жалғыз-ақ.
Санамызға салып кеткен таңбасын,
Жатады жылжып уақыттар, күн — ұзап.

САРБҰЛАҚ

Қақ жарып тасты
Ағады құлап Сарбұлак.
Өмірдің көзі нәр бұлак,
Жағанда өсті тал-құрак.

Сарбұлактың бойында
Дүниеге келіппін...
Қадірінді есейіп,
Ержеткенде біліппін.

Мөлдіреген тұнығын,
Шөлдегендеге ішіппін.
Аптаңында күндердің,
Сағынып келіп түсіппін.

Тәтті үнінді естуге
Құлағымды тосыппын.
Өзімді іздеп өзіңнен,
Көргенімше асықпын.

Иітіп жердің емешегін,
Бітірдің қанат сөзіме.
Дәл өзіндей асықпын,
Сарбұлағым өзіне.

КӨКПЕК

Көсіліп жатқан даланы,
Койыпты АЛЛА — ұйытып.
Емес пе тірінің анасы,
Емшегін тосар итіп.

Көкорай жусан, Көкбекі,
Көктемде көгі құлпырып
Көтерем болған мандамы,
Қонданады құтырып.

Қадірін білген баласы,
Төрінде отыр даланың.
Ашылмай жатыр қабағы
Ойланып Көкбек ананың.

СӨГЕТІ

Сөгетімен Айырлы,
Айрылып жатқан тау бөлек
Қасқа мандай сабырлы
Ақ шоқылар тұр ерек.

Арқар-құлжа, бұғысы,
Атаған елі «Бұғыты»
Ақталыпты талайдың
Бағы жанған үміті.

Жел қуалап тонқандап
Асыға аунап ебелек
Шөбін жеген оңалар
«Шек, шек — ата, кебенек»

Жұпар исі аңқыған,
Гүліне қонар көбелек
Малдың құты аталған,
«Сөгеті» атты жер бөлек.

БАҚАЙ ТАУЫ

«Бақай» атты тау бөлек,
Сөгеті қалқан, жарылып,
Ілеге сәлем беріп тұр,
Кусырып қолын қайырып.

Қолынан тұскен Бақайдың,
Ілеге жақын Қалқаны.
Төгіліп қапты дорбадан,
Құмға айналып талқаны.

Бақай батыр тым зерек
Шақшасын күміс қағып тұр,
Төрт түлігін бар Қыстық,
Шелектеп сүтін сауып тұр.

Қағып койып шақшасын,
Суаннан насыбай алып жүр,
«Аман ба» деп Албаным
Бақай тауы бағып тұр.

АҚША БҰЛТ

Сағындырып келер жылдың көктемі,
Неткен сұлу ақша бұлттар көктегі.
Биігіне «Мыңжылқының», ұялап,
Ақ мактадай көрінеді шөккені.

Түйдек-түйдек жөңкіп бұлт көшкені,
Артта қалды «Мыңжылқының» бөктері.
Бабамыздың көші-коны секілді,
Биіктерге баяу барып шөккені.

ТАЛДЫБҰЛАҚ

Бұлбұлдың үні оятар таң самалын,
Үніңе қосылып мен ән саламын.
Алмабақ гүлін шашып ашылғанда
Мен сені сол арадан қарсы аламын.

Талдыбұлақ гүлге оранып түлегенде,
Жайнандал мен қасында жүрем бірге.
Бұлбұлдар тұңғыш рет ән салған тұн,
Жаным-ау сен қалыпсың жүрегімде.

Аймалап сүйіп күнді гүл ашылған,
Жамылып жасыл жібек нұр шашылған.
Мен сені осы бақта жүрем тосып,
Кеудемнен өзің болып жыр тасыған.

САРЫТАУ ЖОТАЛАРЫ

Сарытау жүрсем өрлеп жоталардан,
Сай-саладан туар тау боталаған.
Алдымнан мөлдір бұлақ сыланқағып,
Жон, Данның жота жолын арқалаған.

Сарытау жасыл қырқа төбелерім
Төбене шыққан сайын көп өлеңім
Куалап бала кезде ойнап жүрдім,
«Сұлысай» етегінде көбелегін.

Заманнан талай бабам қоныс тапқан,
Солардың ізін көріп етем мақтан.
Тауың да, даласы да өз атымен,
Өшірмей үрпактары келе жатқан.

ҚАПШАГАЙ

(*Әні бар*)

Толқының тербетіліп жымиясың,
Кеудеме кернеп шаттық нұр құясың,
Жиырма бірдің көшін бастап Қапшағайым,
Шөлдерді гүлдетем деп су жиясың

Тербетіліп көл бетінде толқын ойнап,
Шомылады толқынында халқың бойлап.
Ғаламат төгіл нұрын аумағына
Жылдан-жыл Қапшағайым өстің жайнап.

Мың құлпырып түрленеді жасыл желек,
Балық аулап көтерейін мен де шелек
Суға түсіп құмыңа бөленейін,
Өзіне шақырады бұл төңерек.

МЕКТЕП

Мектеп гимінің мәтебі

Сөзі: Алтынбек Қонаевтікі
Әні: Мүшірав Ұлан

Халықтың оқытып ұл-қызың,
Әр үйге жағып шам-жұлдызың.
Аскар тау, алым, мектебім,
Береді шәкіртке білімін.

Қайырмасы:

Қажымас қайратты болаттай,
Ұстаздар оқытқан түлегі.
Ағынан жарылып анамдай
Алдынан сәтті жол тіледі.

Мектебім құшағын ашқан күн
Білімнің қайнары бастауым
Елімнің, жерімнің мақтаны,
Алдағы құзар шың аспаным.

Біздерміз отанның жүрегі
Елімнің арманы, тілегі.
Боламыз білімді азамат
Болашақ заманның тірегі.

* * *

Кешір мені,
Қателігім көп менің.
Иілсем мен,
Иілем,
Онашада сөк мені.
Айтылмаған
Менің талай сырларым
Жаным-ау, сенің,
Көкейінде жетпеді.
Сенен қалған,
Ой тұманын көтеріп,
Мәңгі менің
Аспанымнан кетпеді
Бір серпілсем
Серпілермін өзіңнен
Бір өзіңсің
Махаббатымның көктемі.

ЕКІ ӨМІР

Тұнде болар онаша,
Тұнде болар тыныштық.
Тұнде болар тамаша,
Тұнде болар таныстық.

Әкелер тұн шапағат,
Көнілдің күйін тауысып,
Бізге әкелер жаңалық,
Екі өмір қауышып.

Бір қаранды – бір жарық,
Жатады өмір алмасып.
Үзілмес үміт жетелеп
Жатады адам жалғасып.

ТАЛҒАР ӘНІ

(әні бар)

Талғар сұлу, шың құзымен көк аспан,
Құшағынан түлеп өлем гүл ашқан.
Көшелерің баумен бакқа бөленіп.
Бағаналар жағып шамын нұр шашқан.

Қайырмасы:

Ару қала Талғарым
Құшағында таулардың
Даланда жәннөт,
Гүл бағым.

Толқын таулар, көк қырқаны жастаңған,
Өзенінен бар өмірім басталған.
Әсем үйлер жағалауда жарасып,
Талғарымның қеудесіне гүл таққан.

Білімнің көп ордалары қаланған,
Барлық ұлттар бір туыс бол саналған.
Бірін-бірі бауырындей сағынып,
Талғарлықтар Алатаудан жаралған.

ҚАРАҒЫМ-АЙ

(әні бар)

Қарағым-ай, мөлдіреген,
Ботаның жанарындей.
Ақ жібек үлбіреген,
Ақ күміс тамағындей.

Қайырмасы:

Қарағым-ай,
Сағындым мен
Аулына іздеп
Барамын-ай.

Майысып қарақаттың,
Сен тұрсың сабағындей
Ақ балтырын, «Аккөлдін»
Айдан ақ шабағындей.

Үрғаласың көз алдымнан,
Көк биқтің құрағындей.
Сағым болып елестейсін,
Киқтің лағындей.

Үніңнен айналайың,
Талғардың бұлағындей.
Жапанды жалғыз өскен
Даланың құланындей.

ЕСІМЕ СЕН ТҰСКЕНДЕ

(*Қалық әнімен*)

Тербетілер көк майса жел тұрғанда,
Таудың сәні кіреді ел тұрғанда
Арып-ашып алыстан келдім іздең,
Сүйген сәулем алдымда сен тұрғанда.

Қайырмасы:

Самалың жұпар, бұлағың балдай,
Сағындым қалқам құмарым қанбай.
Өзінді іздең, келемін аңсап,
Айсыз тұнде жағылған шамдай.

Кетер сәні жайлаудың ел көшкенде
Күш сынасар жігіттер белдескенде.
Сағыныштан сарғайдым күте-күте
Қалқатайым есіме сен тұсkenде.

Жаңа піскен қауындей домаланған,
Күн нұрындей жанарың тұнде жанған.
Өздеріндей жақсымен жүрген ойнап,
Жігіттерде жалғанда болар ма арман

ҚОС ӘЛЕМ

Жарқ-жүрк,
Күрс-күрс!..
Қабағы бұлттың түйіліп,
Суырды қылыш үйіріп,
Тасырайған жар-тасқа
Тірелді бұлт жиылып.

Жарқ-жүрк;
Күрс-күрс!..
Онын, солын осқылап,
Қиясынан тас құлап,
Үсті-үстіне атқылап
Тасыды өзен шапқылап.

Жарқ-жүрк,
Күрс-күрс!..
Шөлдің қағы жабылып
Карағай-талы шайынып
Емdedі жаңбыр жайылып,
Ауырудан талай айығып.

Жарқ-жүрк,
Күрс-күрс!..
Тұмсығын көкке тіреді,
Қылышын тасқа біледі.
Барады дауыл қуалап,
Жарыла жаздал жүрегі.

Жарқ-жүрк
Күрс-күрс!...
Сусаған әлем сүйсініп,
Құшағы жердің исініп.
Ырызығын өсті молығып
Жер мен аспан жолығып.

* * *

Жақсылық іздесен —
Қолың жетпес аспанға.
Жамандық кусаң —
Табаныңның астында.

Кедей жүреді,
Ақысы кетіп сараңға.
Бай жүреді,
Байлығын шашып арамға.
Тұспесін ісің,
Қайырсыз туған адамға.

* * *

Жатырмын
Ұлкен үйім де.
Еш нәрсені сезбеген
Балалық балғын күйімде
Ұллығы АЛЛА-ның
Құран атты білімде.
Пендесі мен АЛЛА-ның
Дейсің құры тілінде,
Бес парызын білмейсің
Ниеттің де пейілің
Құры тілмен айтасың
Отырсың шайтан үйінде
Бұл сөзімнің мәнісің,
Ақылыңмен өзің түйінде.

ҚҰЛАН ӨМІР

Даланың құланы боп жасығанмын,
Қырдың көрсем, қасқырынан шошынамын.
Құланның аты құлан, құлан болар
Үйіріне есектің қосылғанмен.

Құншілдерден мактаншақ көнлім қалған
Жүйріктен шабан өзып сағым сынған.

Мәреңнен шын іздесең табылармын,
Жүйріктің аты жүйрік бағы жанған.

Келемін майда қоңыр желіспенен,
Бір ұлыңмын жүрісінен жаңылмаған.
Бағыбан-бағыбан боп аталмайды,
Жемісі алма ағаштың алынбаған.

Таудай сөздің тарыдай түйінімін,
Өмірдің берер маған сиы бір күн.
Қадірлеген елімнің ортасында
Қадірлі бір ұлың боп сиып жүрмін.

ҚЫРАН

Шарықтап кең аспанның құшағында
Құсың болып көтерілем ұшарым да.
Бөлеп нұрға аспаныңа қалықтатып,
Ал сыпрыып, томағамды, тұсауын да.

Шарықтайын аспанның ашығында
Жетер ме екем қақсам қанат асуларға.
Көсіліп кең өлкемнің күрен белі,
Қаланып қырқалары жатар шыңға.

Не көремін өмірден, не білемін,
Бақытыма білдім бе не келерін.
Жетегінде өмірдің желпілдеген,
Тұнлігінді көтеріп түрегелдім.

Жас қыраниның білген бе, тұлқі ілерін,
Жорықсыз күлген қудың құлқілерін.
Қансыраған жүргегімнің қаны мынау,
Аяимын ба қырдың қу тұлқілерін.

Құлсін қулар өмірдің сыны саған,
Арналады қаһарлы жырым соған.
Көтердім жеңілін де, ауырын да,
Әділін айтар уақыт бағалаған.

ҚЫС

Ақ ұлпа қар, жерді, тауды орап алған,
Соғып боран, құтырынып салады ойран.
Ала қашып ақ қарын алай-түлей,
Балдызжан думан тойың қайда қалған.

Карт аяз қол-аяғынды қалтыратып,
Тастады өзен-көлін жалтыратып.
Күні ертең аттанатындаи сапарына
Тен-тен жүгін төбелерге қойыпты артып.

Інін бағып саршұнақ шақыратын.
Салып әнін бұлбұл жоқ отыратын.
Балдыз мұздап, ал жазын алады еске,
Төрінде отыр аяздың құтыратын.

Бұрсендең ошақ басын жағалаған,
Балдызым отыр қысты бағалаған.
Қыс жайын, жазында ойлап алмаған соң,
Жейді опық, өткен жазын қылады арман.

* * *

Тандардың оянамын, жетегімен,
Арманым таңмен бірге көтерілген.
Адамды адамдарға жұптап қойған
Тағдырдың келем жүгін көтерумен.

Өмір керуен, жолында дала көрдім,
Далаңа өмір дәнін ала келдім.
Олім емес, далаңа өмір себем,
Келеді күнмен бірге жана бергім.

ҚҰСТАР

Тырнаның салған өуені
Естілді үні тыраулап,
Аспанның тірі моншағы-ай!
Оралдың қайдан жер аунап.

Келеді жылдың керуені,
Жұрген жерін сағынып.
Көгілдір аспан салды әнін,
Алқасын құстан тағынып.

Құлпырып дала оянды,
Тіршілік әні шырылдап.
Көлдер мен өзен қуанды
Ұшады құсың пырылдап.

Тіршіліктің мекені,
Төсінде құсың жүр аунап,
Бақа-шаян, шегіртке,
Қуанады жыр арнап.

ҰШАҚ

Ұшақтан төмен қараймын,
Астымда бұлттар жиылып
Жарқ-жүрк етіп найзағай,
Қамшысын жатыр ширып.

Ашық аспан төрінде
Бір АЛЛА-ға сиынып.
Алматыға қонды мінеки
Үйдің дәмі бұйырып.

* * *

Әндетіп аққан бұлактар,
Естиді үнін құлактар.
Құлкісіндей сұлудың
Сылдырлайды құрактар.

Гүлдердегі шуактар,
Оянып таңда сыр актар
Өзіңмен бірге жанып тұр
Жанардағы шырактар
Анқылдалап, жарқылдалап ағылам
Әнінді, үнінді сағынам.
Сағынып ұшады шағалам,
Өзінді мен қайдан таба алам.

КҮЛКІ

Теніздер құлер жал-жалдалап,
Жағаны сүйер жалпылдалап.
Далалар құлер толқындалап
Бұлттар құлді будактал.

Тұрады таулар таңғалып,
Адамдар құлер анғарып.
Әлемге ортақ құлкіден
Еншілерін қалды алып.

Жер бетінде сусылдалап,
Құмның көрдім-құлкісін.
Өтірік құлген бұлтындалап
Адамның көрдім тұлкісін.

ТЫНЫШТЫҚ

Ей, адамдар!
Шошымандар шуламандар,
Дабылыңды қакпандар,
Бір-біріңе кінәсіз
Кезеніп мылтық атпандар.
Ей, адамдар!
Тілейтінім тыныштық
Тыныштықты сақтандар.
Шошымасын,
Ұйқысынан балалар,
Тартпасын қасырет
Атанып жесір аналар.
Ей, адамдар!
Өртеніп дүние,
Кирамасын қалалар.
Жайланаң апат
Оранбасын далалар
Тыныштық керек,...
Тыныштық керек адамдар.

* * *

«Ұшар» алса тұлкіні,
Аңшы ұстап байланар.
Жануын білсөң өтпестің
Жетіле-жетіле қайралар.

Мықты деген токпакты,
Токпактасаң кетілер.
Кешегі көрген бөлтірік,
Арлан бол ол да жетілер.

Арамнан тапқан дүниен
Колды жуған кірмен бір.
Такаппар көніл қараңғы
Оттан шыққан күлмен бір.

Жалқау болса балаңыз,
Басыңа біткен сормен бір.
Жақсы болса балаңыз,
Өсірген үйде гүлмен бір.

Жоқтауға жақсы тусың
Басынды сүйеп аймалар.
Ең жақының әйелің
Одан жақсы қайда бар.

Өсекшіге кезек келгенде,
Елден бұрын сайланар.
Жақсыға кезек бергенде
Алды-артын ойланар.

* * *

Мұртыңыздан ұзындау,
Салаланған сақал бар.
Термеленген термеден
Сөзі терең мақал бар.

Қасыңыздан көбірек,
Басыңызда шашың бар.
Қалың орман секілді,
Жасыңыз бен қартың бар.

Дүлей күштен күштірек,
Басыңызда акыл бар.
Даналардан білуге,
Үйренуге хақың бар.

* * *

Өмір керуен өз жолында,
Жетемін деп бет алады.
Титтәй бұлақ арнасында
Дария болып кете алады.

* * *

Мен — мен деген бұл пенде,
Бір күнде солар зор кеуде.
Мықтымын деген теректе
Құлайды жеммен бір күнде.

Жалғыздық жаман жат жерде,
Табылмас адам көмгенге.
Туысың жақсы өрқашан,
Жылауға келер өлгенде.

* * *

Ап жыландар тап болды,
Жолымды тосты шағам деп
Шарасыз корқып шошыдым
Қалай аман қалам деп.
Ойлайды жылан:
— Уымды саған салам деп
Мен ойладым,
— Өмірдің дәнін себем деп.
Менімен жылан,
Өмір бойы арбасқан.
Шарадай басым шақшайып
Алатаямды қар басқан.
Келе жатыр қос өмір
Бөліспеген еншісін.
Үмітпен өмір шаң басқан.

Жамандыққа, жақсылық,
«Кашанда да ас атар».
Жаман ойлы жылан бар
Артында тұрып тас атар.

АРАЛАР

Өлі құмға су тисе,
Жан бітеді тіріліп,
Аттанады бұлттар,
Арт-артынан түріліп.
Аралар ұшты
Тораңғыдан бал алып
Әлемге мынау
Келе жатыр таралып.

Нәр алған гүлден,
Жаралған жерден аралар,
Гүлден мынау,
Әкеледі бал алып
Әмірі — өзен
Ағынынан нәр алып
Құлпыраң дала,
Түр алдында жаңарып.

* * *

Жаман сөзге жабырқап,
Естімейтін кереңмін.
Жақсы сөзге жадырап
Жаны құмар теренмін.

Түлей алмас сілкініп
Кесірліден жырақлын.
Қайнарын да бұлқілдеп
Шығып жатқан бұлақпын.

ҰСТАЗ

Ұстаз болу ғаламат,
Жылуы күннің көзінде.
Білімнің кілті сөзінде,
Құдырет бар өзінде.

Тау құласа қозғалмас
Сабырлық қонған өзіне.
Қисық міnez қыңырлар,
Түзелер ұстаз сөзінде.

ЖАРТАС ПЕН ТОЛҚЫН

Аңқылдал келіп сағынып,
Жағаны толқын құшады.
Қанатын қағып шағынып
Шағала биік ұшады.

Қара жартас қасқайып
Толқынға тосты кеудесін.
Толқын ару бас салып
Сүйеді тілге көнгесін.

Дегенмен толқын қылышы,
Жартасқа бірден ұнады.
Толқынның әлі күрыды
Шалқалай барып құлады.

ОРАЛУ

Бұлт екеш бұлтта,
Тау басына шөкпей ме.
Шөлдегендे ақ нарлар,
Ағынды суға келмей ме.

Жыл құстары сағынып
Келеді ұшып көлдерге.
Ел де көшіп жайлауға
Конысын сағынып келмей ме.

Балапанын өсіріп
Үйрек-қазы жүзбей ме.
Ер басына күн туса
Үмітін жаудан үзбей ме.

Бабын тапса жабы да
Бәйгіден озып келмейме.
Күн туғанда корқақ та
Батыр-батыр болмайма

Ел басына бак қонды,
Азаматы сайланар.
Ел еңсесін көтеріп,
Кезің келді ойланар.

Алда жатыр көп істер
Айттырмай-ақ қолға алар.
Өнер-білім табындар
Күнің туды қозғалар.

ОЙЛАР

Ойлар ғана,
Дұниені жаңартар.
Ойлар ғана,
Ауыр-ауыр жүк артар.

Ойлар ғана,
Әмірінді ұзартар.
Ойлар ғана,
Жыллататын қуантар.

Ойлар ғана,
Әкелетін жаңалық.
Ойлар ғана,
Тудыратын даналық.

Жаман ойдан,
Қалсақ кейде ауырып,
Жақсы оймен
Жүрейікші сауығып.

КӨКЕКТІҢ ӘНІ

Шегіртке тұнде шырылдап
Қандырар құлак құрышын.
Ұлиды иттер шуылдап,
Мазаны алды құрысын.

Тыңдағық әнін көкектің,
Көтерейік көкке, «бұлбұл» деп.
Шабысын көрген жабының
Мактайды ауыл «дүлдүл» деп.

Тышқан алған жапалак
Сұнқарға өзін теңеген.
Тегінде сұнқар-лашындар,
Өздерін мықты демеген.

Көкектің әнін көтеріп,
Сыншылар осал демеген.
Бұлбұлын теуіп белінен,
Көкек ұшты төбеден.

АҚЫРЗАМАН

Атқылар тасын аспанға,
Құлайды таулар шатқалға
Дүние түгел сілкініп,
Ақырзаман болады
Мұз таулар еріп жатқанда

Адамнан мейір кеткенде
Көтеріліп нәпсі өскенде,
Әділдік елден өшкенде,
Ақыр заман болады.
Шегіне солай жеткенде.

Ай, күнің көктен сөнгенде
Қара түнек төнгенде
Жер осылай өлгенде
Ақыр заман болады
Жерді суға көмгенде.

* * *

Келер күз қазан айы құтырынып,
Жапырағы түсті талдың сыпсырылып.
Білінбей барады өтіп мезгілдер-ай,
Уақыт есейтеді сыйтырылып.

Мен осындай болдым деп, төсін қағып,
Отырасың жастықты есіне алып.
Жактырмай істегенін өзгелердің
Бір өкініп, ал бірін ортаға алып.

Уақыт керуенінде желіктіріп,
Ойладың ба алды-артынды көріп тұрып.
Әлемді жаулап алған Шыңғыс хан да
Арманын кетті өзімен арқаланып.

Қара шашың ақ селеудей салаланып,
Бұтақ жайып өсесін дараланып.
Бойдан қуат, ойдан сезім тозған күні,
Шау тартып қалар күнің қара бағып.

БӘРІҢІЗГЕ

Бәріңізге, бәріңізге, аманатым,
Шеше жүр алдағы істің жұмбактарын.
Жанұянцың аяла шуактарын,
Қолыңмен жақ, сөндірме шырактарын.

Адамды осы, адамдар қартайтады.
Біледі көріп көпті аралаған.
Зор байлығың алдында бала емес пе
Келеді ана сәбиін арқалаған.

Жанұям қандай ыстық шуак берген,
Жақсы-ақ екен, пәлден жырак жүрген.
Кұмырсқада илеуін тауып келер,
Жөн емес пе өзінді сынап көрген.

Отбасың ақшаменен өлшенбейді,
Баға жетпес байлығың үрпактарын,
Барлыққада, аштыққа, тарлықпағын,
Болса да, болмаса да айлықтарын.

АНАМ БӘТИГЕ

(тастағы жазу)

Қуанып анам жасарды,
Көктемнің гүлін көрдім деп,
Гүлдерінен нәр алды,
Дәнегін өзім тердім, деп.

Откіздің ай мен жылдарды,
Өсірдің бізді аймалап.
Қолыңмен еккен ағашың
Артында қалды иран бақ.

Өлім неткен ызғарлы,
Адасып қалдық қайда деп.
Иманың жолдас болса екен
Келеміз тілеп АЛЛА-деп.

Арманға пендे жетпейді,
Арманның қудың өлемін.
Мәңгілік өніп көктейді.
Өзіңнен қалған дәнегін...

(1916—1997 ж. мамыр 25).

ЕКІ АРМАН

Жанған отпен,
Қызығаныштан жаралған,
Адамдар көп жер бетінде әр алуан.
Келіспеген,
Жақсылық пен жамандық,
Екеуі де екі тұрлі нәр алған.
Екеуі де бір анадан жаралған,
Екеуінде екі тұрлі бар арман
Осылар-ау,
Осылар-ау, өмірден,
Бір-бірінен оза шауып тарапған.

Мен айтайын,
Мен айтайын сөзімді үк.

Келіспеген жақсылықпен зұлымдық.
Екеуінің,
Екі түрлі сырын ұқ
Ит жығыспен келе жатыр екі адам,
Екеуінің екі түрлі мұнын ұқ.
Екеуінің екі түрлі қылышы
Екеуінің екі түрлі жолын ұқ.
Екі адам келе жатыр жолығып.

СИЛАС

Жақыныңды өлгенде көміп тұрып.
Егілесің көз жасыңды төгіп тұрып.
Құшағынан ажалдың құтылмайсың
Қысқа өмірін адамның көріп тұрып.

Ептең әкеп көмеді ана жерге,
Топырақ болып қалады мына пенде.
Жиған дәулет, байлығың қалар артта,
Әкетпейсің өзінмен ала көрге.

Қалады артта мал, мұлік, жақыныңыз,
Өнегелі істеріңіз, ақылыңыз.
Екі метр ақпенен иманыңыз,
Ол дүниелік мұлкің сол жиғаныңыз.

Тірлігінде беріп өт сиыс-тағам,
Қысқа өмірде адам көп сиыспаған
Ей, адамдар! дүние қоқыс таласпағын,
Жараспайды, өлгенінде қүйіс саған.

Бір-бірінді тірлікте күн демегін,
Шақырма ашу, туысқа үндемегін.
Қамшы үйіріп, әлсізді зар жылатпа
Ақысын жеп момыңды жөн демегін.

Адам жақсы, адамға бауыр басқан,
Жақын жүріп, туыспен татуласқан.
Байлық ізден өмірден қумағын бак,
Көршің қымбат өзіңе жақындағасқан.

* * *

Айтады әкем өткенін бабаларын,
Жайлауын да қыстауын, қалаларын.
Тасқа салып таңбасын, малға басып,
Корғап өтті елін де, далаларын.

Тандап қонды бабамыз қонысына,
Бақты малын даланың сонысына.
Құс үйретіп, аң аулап, той-тойлаған
Жал мен жая, қазысы уысында.

Көшіп-қонды көктеуге даласына,
Берді үйретіп асауды баласына.
Ат үстінде түлеген үл мен қызы,
Сөзін тыңдал бағынды данасына.

* * *

Ел қадірін білмеген,
Елінен бөлек шеттейді.
Жер қадірін білмеген,
Мекеніне жетпейді.

Көрсе де қанша қындық,
Туысын жатқа сатпайды.
Асыл пышақ шынында.
Қынын теспей жатпайды.

Жаман туған ез болса,
Туған елін даттайды
Қара ниет сүм болса
Қойнында қанжар сактайды.

Бәрінен де сол жаман,
Адалдықтан аттайды.
Адал туған ұлыңыз
Әлгенише елін мақтайды

* * *

Мәңгілік болу сөз ғана
Жаңғырық қалар шаң басып.
Нөсерлеп өткен жаңбырдай
Жуып, шаяр жалғасып.

ЖАҚСЫ-ЖАМАН

Екі досты айырған
Ессіздіктің белгісі.
Елдестірер екі елді
Елшіліктің үлгісі.

Жеке басын көтерген,
Мен, мендіктің белгісі.
Жарын адал сұймеген
Арсыздықтың үлгісі.

Достың малын қызғанған
Күндестіктің белгісі.
Әмірін қып у ішкен
Арамдықтың үлгісі.

Арам баймен сарың бай.
Қайырсыздың белгісі.
Қайырлы бай, шәйірлі бай
Адалдықтың үлгісі.

Дүние бітбес тақыр кедей,
Тапшылықтың белгісі.
Батыр кедей, жомарт кедей,
Халықтың адал үлгісі.

«Артық дәulet бас жаарар,
Бас жармаса тас жаарар.
Дүние қоныз, жапасы бар,
Итті баксан опасы бар.»

ЖЕТИ ӨЗЕН

Отқа түсіп қазанында қайнап алып,
Тірелмеді табанымыз қайда барып.
Қуырдақ боп қуырылған сол ортада,
От уыстап бекерге ойнамадық.

Отқа күйіп, аузын қарып алған,
Батырлар мен айырылдық дарындардан.
Тасың түгіл, болатты ағызатын,
Жаралыптық лаулаған жалындардан.

Сан мың рет жау алған жағамыздан
Келеді жер мұра боп бабамыздан.
Біреу өшіп, дүниеге біреу келіп,
Жағымпаздар шығыпты арамыздан.

Жеті өзенде өтті өмір араласып.
Ру, тайпа жауымен жағаласып
Көрсетейін жүректегі шын жырымды
Досыңың дұшпаны тұр амандасты.

Іле, Ертіс, Еділ, Жайық.
Орал, Аму, Сырды алайық,
Корған бопты батыр бабам,
Даласы мен тауға лайық.

ЖЕЛТОҚСАН

Тұнжырайды төніп бұлт
Алматының өзінен.
Бұршак ұрып жапырған
Айырылған жасыл көгінен.

Шошынған мынау жүректі,
Мазасыз ойлар тебеді.
Ішінде кетті көп гүлдің
Мезгілсіз солған дәнегі.

Көшені қанға бояған
Бөледі мұнға желтоқсан.
Колбин мінді тағына
Бұйрығын берді ант үрған.

Сактаймын қайтып сабырды,
Жүректі оты шарпыған.
Сүйемін туған халқымды,
Айналдым батыр ұлынан.

* * *

Жаңбыр жауып басылғанда,
Аспаның жайнап ашылғанда.
Шуағың болып шашылам да
Тұрар ма едім мен қасында.

Аунақшып өзен арнасында,
Сүмбіле-талдың жағасында
Самалың болып тербетейін,
Бітіріп тіл ағашыңа.

Құлпырып әлем тұлегенде,
Мен де өзіңдей күлем бірге.
Сенің жылы сөздеріңнен,
Куат алып келем жерде.

Қараймын сұлу қарағыма,
Ай қондырыпсың қабағыңа.
Ақ торғындаи үлбірейсің,
Ақ алтындаи тамағыңа.

ТҮЛКІ МЕН АҢШЫ

Дұние сондай ыстықсын,—
Қырдың қызыл түлкісі.
Қақпанын құрған аңшынын,
Болмайды тұнде үйкесы.
Дұние — қырдың түлкісі
Ұстаптай қашар бұландаپ,
Ұміт пен тағат тоздырып
Күндермен тұнің жүр алдаپ.

Құрады аңшы қақпанын,
Келеді ұміт жетелеп.
Ұстай алмай түлкіні,
Оралар үйіне төтелеп.

МЫҚТЫҢ ҮЙІ

Жақындалап едім тәбеге,
Өткеннің үні ызындар.
Жазылмас жара тәбеде,
Өткеннен қалған ізі бар.

Дейсіндер «сақтың моласы»,
Жасырған жерге ғасырлар.
Молаға бірге көмген бе,
Алтын киімді асыл бар.

«Дыңның үйі» «Мықтың үйі»
Атады үйсін тәбесін.
Экеден балаға жалғасқан
Садактың алтын жебесін.

«Мық», «сақ» табет жазбаларында кездеседі. Қытай, монғул
қазактарыда осылай атайды.

Мықтылардың мықтысын,
«Мықтың үйі», «сак» деген
Ел аузында мықтылық,
Бізге жаман ат бекен.


ШӘЛКӨЛДЕ

Шәлкөде қызыл көде жамылғанда,
Кызғалдақтар құnnің нұрын сағынған ба.
Кызғалдақ қызыл ерін құлпырып қыр,
Жігіттер қызды ауылдың жүр маңында.

Куып шырын, көбелек пен бал арада,
Мына گүл, қызыл ерін, қыз бала ма,
Сағындырған Шәлкөденің жаздарын-ай,
Жігіт түгіл бал араң қызғана ма.

Жасыл көде жайқалып айналамда
Бала қуып көбелекті ойнаған да.
Қасиетінен айналдым ата жайлай
Не жетсін жас көдене аунағанға.

«Кара арша» қалың шырша қапталында
Сүт бұлағың жатыр таудан актарыла
Құшағын айқара ашып Шәлкөде тұр,
Өзенің күмбір-күмбір күйін тарта.



МАХАББАТ

О, сұлулық — патшасы әлемнің,
Махаббаттың тапқан бар ма бір емін.
Шын махаббат жазылмайтын ауыру
Сол махаббат алып келер тірі өмір.
Махаббатсыз қалай өмір басталмақ,
Өз гүлдерін махаббатпен ашқан бақ
Талай ақын, суретшілер жыр жазып,
Талай дастан махаббатпен басталмақ.

Онсыз дүние тіршілікте жоқ қызық,
Күнді-түнді махаббатпен өткізіп
Қызығына сұлулықтың тойған кім.
Арманына кетпеді ме жеткізіп.
Махаббатсыз адам өмір сүрмейді,
Махаббатсыз ай да, күн де жүрмейді.
Егіздер көп ұлы өлемді қоршаған,
Онсыз адам езу тартып күлмейді.

Өмір сұлу махаббатпен басталмақ,
Алдында тұр жайып құшақ ашқан бақ.
Өмір үшін бу белінді белдесіп
Қындықтан тоғышарлар жасқанбақ,
Бу белінді қындықпен күресіп.
Тұр алдында енбегінен гүл өсіп,
Өмір сұру адамдарша махаббат,
Махаббатпен жүре білсең ілесіп.

Махаббат деп тұн құшағы ашылған,
Махаббат деп көктен жұлдыз шашылған.
Махаббаттың құдыретіне бар өлем,
Иіп басын мәңгілікке бас ұрған.

САБЫРЛЫҚ

Сабыр атты бір қазыққа жыр тұлпарын байладым,
Ақ наизана ақылымды, қалкан етіп сайладым.
Қозғалмайтын сабыр атты қалқанымды бұзып көр.
Маған десен айбалтанды тасқа шауып қайрағын.

Талай-талай аланғасар, елге салған ойранын
Сабыр сактап ақылыңмен сәл азырақ ойлағын.
Қара түнек қатерінен, қара құйын талайлар,
Өмір бойы өкінішпен, тістелеген бармағын.

Тас камалын сабырлықтың, жылдар бойы қашадым
Кісіліктің, кішіліктің үлгісін елге жасадым.
Мықтылық пен даналықтың тірегі жалғыз сабырлық,
Қамалдардың, қамалдарын сабырлы оймен ашасың.

Сабыр сактап сәл ойлансан жұмбағын ойдың
шешесің
Әл ішінде абыройлы, ақылшы болып өсесің.
Алды, артында, абайла балам, қауып пенен қатер көп
Сабыр атты сол казыққа ой тұлпарын байлағын.

ӨТЕДІ ӨМІР

Жарқ етіп, жарық жұлдыз шырағындай
Нұр жүзің шырайлы күн шуағындай.
Қыз – өмір, қызығынды жүрмін іздең,
Киігі қуа жонның құланындей.

Сөзімен жан дүниемді жаулап алған,
Көркімен Қарқараның құрағындай.
Жібектей жұмсақ үнмен сыбырлайсың,
Сырғалы ақ қайынның сабағындей.

Айдында жүргімнің жүрсің жүзіп,
Ақ күміс шоршыған көл шабағындей.
Қоштасып қайталанбас сол күндерім,
Алынбас махаббаттың қамалындей.

Жалт беріп өте шыққан жастығымнан,
Бұлттай аунап-көшіп барамын-ай,
Еске алып өмірімнің шырғалаңын,
Қартайдық асқабақтың сабағындай.

МИЫМ МЕНИҢ

Аққан жұлдыз аспанды тілімдейді
Аспан ояу, тұн ояу көз ілмейді.
Мен осылай аспанмен үнделсекенде.
Миым менің өзен боп күрілдейді.

Макпал тұнде айналам күбірлейді
Күбірлесе жұлдыздар дірілдейді.
Кек торғынын жамылған сұлу аспан,
Айым менің жамбастап күлімдейді.

Ояу әлем менімен қозғалады,
Сансыз жұлдыз миымда қозданады.
Өшпеу үшін өзіннен отын алып,
Жүргегім – пеш, жанарымда шоқ жанады.

Миым менің тынымсыз гүрілдейді
Өз көгінен ол дағы күн іздейді.
Жалт етіп, дүниеден сөнген күні,
Өлі өшіп, тірілерден кім іздейді.

* * *

Жер – тіршіліктің көпірі
Уақыт құмын сапырап.
Күнім айқын, тұн жұмбак
Ойланып таулар отыrap.

Ойланып таулар отыrap,
«Менмін» деген үні жок.
Әткеннің алтын көмбесін,
Жасырған жердің тілі жок.

Сондыктан уақыт аттаған,
Откенің білмес шешімін.
Ойланып жұмбақ өмірге
Дәл айту қын кесімін.

СИЛАНДАР

Арамыздан кетті сиреп талайлар,
Болсаң егер айналанды абылар.
Бекер мынау ағарды-той дейсің бе,
Әткен күннің ізі қалған самайлар,
Силасандар — сила бізді ағайлар.

Ардагерлер, батыр ұрпақ дескендер
Әмірдің ауыр, тар өткелін кешкендер,
Тұсауларын талайлардың кескендер,
Бәйтеректей бойлап мықты өскендер
Тағдырынды осылар еді шешкендер.

ҚҰЛАҚТАР

Сак құлактар, құйма құлак, құлак бар,
Естіп алып, көкірегіне сыр сактар.
Ақыл-ойды, қоздататын пайымның,
Бастаулары, сарқылмайтын бұлактар.

Бәрімізді құлдіретін құлактар,
Қызғаншакты тулататын құлактар,
Құлак бекер жаралмаған екенсін,
Құлактарда теңдесі жоқ қуат бар.

Жақсы жанға ой салатын құлактар,
Сүйінтетін, жылататын құлактар.
Қызыметін құлактардың білсеніз,
Құлактарда дертке шипа қуат бар.

ТАНЫСЫП ҚАЛ ЖІГІТТЕР

Бір сұлу қыз жасаныпты жиылып,
Шықты үйінен әдемі көйлек киініп.
Жана туған айдай қасы қызылып,
Кара шашы иығынан құйылып,

Тал шыбықтай құмырсқа бел бұралып,
Күміс құлкі, ақ жүзінен нұр алдып.
Әсем жүріс сипатына қуанып,
Бір жігітнен келе жатыр гүл алдып.

Қанша жігіт қарап қалды сұктанып,
Кеудесінде сөнбейтін бір шоқ жанып.
Қанша жігіт жете алмай жүр ділгір бол,
Көрікіне жас арудың токталып.

Қанша жігіт ауған есі мастанып,
Сұлуулықтың қайғы дертін жастанып.
Қанша жігіт қызғаныштан өлердей,
Жас арудың күйігінен аһ ұрып.

Мұнан асқан сұлу шіркін жоқ шығар.
Жанып тұрған, жалындаған шоқ шығар.
Жанарынан жас арудың өртеніп
Көкірегінен құрсінгенде өт шығар.

Көрген жігіт дүниені ұмытып,
Құндей сұлу төңерегін жылытып.
Жүрісіне, сипатына ойы сай,
Алар сені, бірақ сөзбен ұйытып.

Мұнан асқан сұлу шіркін жоқ шығар,
Жанып тұрған, жалындаған шоқ шығар.
Болсаң егер осы аруға үміткер,
Ұялмандар танысындар жігіттер.

ТИРІЛЕР

Жоқ іздеген жолаушымыз жолдағы,
Әлемнің көп біз білмейтін жұмбағы.
Құмырсқа жүр илеуіне жүк тасып
Өмір үшін құресіп жүр ол дағы.

Жұмыр жердің бетіндегі күншілдік,
Құмырсқаның тірлігіндегі тіршілік.
Жұмыр жердің біле ме олар кеңдігін,
Күнделікті, тіршілік пен кемшілік.

Откізбе өмір тұн көрпесін жамылып,
Тірілерді оятар таң сағынып.
Қараңғыға өзінді-өзің бөлеме,
Жүрейікші тірілерден табылып.

ҰСТА

Руданы көріпен желдететін,
Руда тас қамырдай иленетін.
Қарапайым қазактың «құмдандар-ай».
Қолдан жасап ұсталар үйренетін.

Домна – пеш, заводты жасамадық
Руданы жар тастан қашап алдық
Отты көрік үрледі темір балқып,
Пышағында, қылышын жасады анық.

Мың градус жанған от лебі қандай,
Төс үстінде иленді нан қамырдай.
Ып-ыстық домаланған теміріне,
Жорғалатты балғасын демін алмай.

Иледі әкеп жаныңыз сүйсінгендей,
Үстірмелеп соғады колын сермей.
Жұмыр білек, сом балға жалаң тәсте,
Оңды, солды ойнады дамыл көрмей.

ОҢАША БАҚ

Жер беті жаратылған оңаша бақ,
Адамдар сүрген өмір тамашалап.
Қан төгіс,
Қырғын соғыс,
Кімге керек,
Жамандықтан тарт қолынды арашалап.

Жер үстін қаратұнек баспасын деп,
Сүм соғыс бомбаларын шашпасын көп.
Қарғыс атсын!
Соғысты қаламаймыз,
Адамның бір-бірінде болмасын кек.

Жер бетінде адамның баласы көп,
Тумаған жауыздыққа анасы тек.
Бөлмегін,
Ұлты мен,
Нәсіліме,
Хая-атаның барлығы баласы деп.

Өмірді көру үшін тыншымаған,
Жүрегім таппай тыным ыршылаған.
Өлімнің,
сеуіп отын,
келе жатқан,
Ол халықтың дүшпаны, құрсын надан.

АЙЫМ МЕНИҢ

Айым сенсің аспанымда жарасқан,
Қаранғыда адамдар көп адасқан.
Айдан мынау айрылған тұні-тұнеріп,
Құлайтындай тәбеме кеп көк аспан.

Жібектей жұмсақ мақпал тұнді жамылып,
Жатырмын ойлад, жатырмын айым сағынып.

Байлаған жіпсіз, құдыретінен өте алмай,
Оралам түннен, оралам саған табынып.

Арманға айсыз жолдардан қалай жетер ем,
Алатауды айым-ау, жүкте көтерем.
Армандал жүріп, Алатауды айналып,
Армандал жүріп, іздеумен сені өтер ем.

ТІЛ ҚҰДІРЕТИ

Дүниенің тұр тізгіні тілімде,
Дүниенің дүбірі толы тілімде.
Жер бетіне шығар құліп күнім де,
Сансыз жұлдыз тіл қатады түні де.

Лайлама тіл өзенің кешпесін,
Тартылмасын тіл орманын кеспесін.
Ақ сүтінен анамыздың жалғасқан
Ана тілі қазағымның өшпесін.

Өнер, ғылым тіл арқылы жетілген,
Өз тілінді қадірле деп өтінем.
Тіл емес пе жер — әлеммен жалғасқан,
Ай-күнімді нұрландырып тірі аспан.

Тіл арқылы отанымды шарлаймын,
Тіл арқылы барлық адам табысқан.
Әр адамның басы үлкен қазына,
Қазынасында түрлі-түрлі гүл ашқан.

Тіл арқылы жерді көкті өлшеймін,
Тіл арқылы жақсыны да, жаманды да
тәңшеймін.

Тіл дегенің Атлантика теңізі,
Өз тіліне анасындаі сенсе кім.

ДИКАНБАЙ

Жыртылып қар, ақ тоны дала-дала,
Толып суға, күргіреп сай мен сала.
Жарқылдатып қылышын сілтеп бұлт
Оятты тірі жанды айғай сала.

Сүйіншілеп Көктем атты келін туып,
Қалжасын берді жаңбыр үйіп-төгіп.
Жасыл торғын көрпесін жамылып қыр
Құлпырып ой мен үстірт өні кіріп.

Жайып салып көк сырмак, бетегесін,
Тобылғы, ырғай төсеген күнге төсін,
Төсін сипап даланы арулаған,
Диқаншылар кіндігін ел кесетін.

Кірді көктем үйінің есігі кен,
Көгеріп көктетіп жүр бесігімен,
Әлдилеп Диқанбайдың қызығын бер,
Молайтіп төгілген тер несібімен.

Кенелер молшылыққа еңбегімен,
Адам жерге, жер адамға бергенімен,
Күн жылып жанға жайлы жадырайды,
Көз тартып құлпырып жер өрнегімен.

ТҮН СЫРЫ

Қарауытып көрінді тұндеңі бел,
Шешініп көрпесінде жататын ел.
Құзгі жаңбыр себелеп тұрып алды-ау,
Үйді-үйдің алдынан ағылды сел.

Сүйіспеншілік оятып жүрегімді,
Аймалайды жүзімді тұнгі самал,
Алынбайтын бұл неткен берік қамал,
Ойластырып қыздығы шығыпты амал.

Екеуміз екі арман, екі қиял,
Ләzzетінен тұнгі кеш тататын бал.
Қолтықтасып келеміз арман қуып,
Сыртындамыз ауылдан асатын жал.

Арманымсың, жаным-ау, ерке гүлім,
Ақ жаңбырға шомылып еркеледім.
Әнің сұлу сзызылып аққулардан,
Тербетілген толқыны қөлге қондым.

Сен тұрғанда қасымда жаурамадым,
Аққұымды келеді аулап алғым.
Осы тұнім мен үшін бақыт болар,
Осы ауылдан, сені мен таңдап алдым.

ЕРТЕ ОЯНАМ

Ерте оянып гүлің бол ашыламын,
Жанады күн нұрымен шам-шырағым.
Мен тұрдым күн нұрымен араласып,
Суыса бірге суып басыламын.

Өзіңмен тұнге бірге аттанамын,
Тұнің де жұлдызың бол шашырадым.
Аспанның қазанында бірге қайнап
Үніне үнін қосып тасыр әнім.

Күн мен Жердің жаралған тірісімін,
Бірге оянып алам қуат ырысын мен.
Дөңгелеп жермен бірге аунап келем
Баяғы өгіз-аяң жүрісіммен.

* * *

Адамдармен кездесіп достасамын,
Өздерімен күн сайын қоштасамын.
Абайсызда өмірден қателесіп,
Кездерім бар шалынып, шоқ басатын.

Ағынымен жылдардың актарылам,
Сарыарқада жүйіткіп шапқан құлан.

Ешнәрсе болмағандай жатқан далам,
Ыстығымен сұығын тартқан балаң.

Қалсам жалғыз иен даланда жетімсіре
Елсіз өскен күндерім кімге керек.
Қызығым, байлығым да елім сендер,
Бар-жоғым білінбейтін ұлы дүрмек?

КЕРЕКСІҢ

Көгілдір көктен төгілген,
Өзің бе күннің сәулсі.
Жаным-ау, жүрші қасымда
Жанымның жарқын еркесі.

Өріктей гүлдеп ашылған,
Сөзіңдің шырын дәмесі.
Саянда тұрып салқындал,
Көз тартып піскен мәуесі.

Мойныма талай асылған,
Қос бұрым, білек, алқасы.
Шын сүйген мені Асылжан,
Косылған өмір жалғасы.

Маржандай тісің тізіліп
Береді шуақ құлкісі.
Жаным-ау, жүрші қасымда,
Керек-ау, сендей бір кісі.

* * *

Жайқалған талдардай,
Арулар сен едің.
Самал боп жүректің,
Гүлдерін тербедің.
Гүлдерге келеді,
Өзінді бөлегім.

Гүлдерден мен сені,
Іздеумен келемін.
Бағымсың жайқалған,
Алдынан ашылған.
Жоқоттай жалтылдап,
Өзіңсің асыл жан.

ӨМІР НАЗЫ

Қалай ғана жүрегім сағынбайды,
Жаны қөктем, мінезі жаз, бауырларды.
Әр жыл сайын, сағынып келем іздең,
Көремін ақ жібектей аруларды.

Сағындым жерім-елім өздерінді.
Откізген ойға бөлеп күндерімді.
Бір сендерсіз көргенім түнек болар,
Тіршілікте жүрмін, құрып өрмегімді.

Келген соң дүниеден бекер өтпей,
Өзімдік жасайыншы өрнегімді.
Актарылып жыр-қазынасын жүрегімнен,
Ала бер керегіне бергенімді.

Көріп көпті, аз жасап тергенімді,
Қанағат ете алмадым бергенінді.
Арман қуып келемін тұлпар оймен,
Сол арман тастамады шөлге кімді.

Уақыт аяқтатар өлгенімді,
Көремін сол жокпененен көмгенінді.
Баянсыз мына дүние мойындар,
Бір күнгі, тәтті өмірден жеңгенінді.

Өмір-өлім, ортасы бал мен азап,
Жылап келдім, өмірден жылап өтер.
Аз болса да өмірім өтпесін бос,
Еңбек етіп Алтынбек күрек көтер.

КЕШКІ ӘУЕИ

Шырылдауық шегіртке,
Әніне салып жатады,
Төңерегім күмілжіп,
Теренге ойым батады.
Табиғат тұнде ән тындал,
Жағада талы салқындал,
Ұшады үйрек жалпылдал
Бакалар сазда барқылдал,
Көрінбес тұнге шақырым
Алыстан жұлдыз жарқылдал.
Оятар таңғы әтештер
Алады күтіп қарқылдал.

* * *

Уақыт өткен сайын ірленем,
Бос өтпеген мағаналы құнім менің,
Өзінмен құнде-тұнде сырласамын,
Өлең болды уысыма ілінгенің.

Тұнде тұрған кезім көп көз ілмеген,
Уақыттан кешігем деп жүгірумен.
Ай да, құн де ізімен барады өтіп,
Жермен бірге келемін дөңгелеумен.

Әр сағат, әр бір құнім қымбат маған,
Істесем несібесінен құрғалтпаған.
Жанұямның келешегін қойдым алға
Жөн көрем уақытты жоғалтпаған.

Тұрамын жер ананың бесігінен,
Алтыннан қымбат аттадым есігінен.
Қарыздармын жанұям, туған елге
Көтерер көкке мені төсіменен.

* * *

Бетіме әжім кірген бе,
Даланың салып өрнегін.
Немере сүйдім, шөбере
Төріме менің төрлегін.

Өнер, ғылым қудым мен,
Байлады жоқтық тұзағы.
Бүгін-ертен деуменен,
Жылыстап күнім ұзады.

Намысым бойды қамшылап,
Қатарынан құрбы қалам ба
Жанұямды бағам деп
Түседі ісім адамға

Барасың айым жантайып,
Сүрінте көрме мұзына,
Абайласам алдым жар,
Қараймын артқы құзыма.

Куаныш пен қорқыныш,
Екеуі ортақ адамға
Түсіре көрме ісімді
«Барды жок» дейтін жаманға.

Дұние үшін дос болып,
Санама досты қасына.
Құмырсқа тірлік өмірді,
Білерсің түссе басына.

Абайласам өзімді,
Ақ қырау басқан шашыма.
Төнірегімде танысым
Келеді жақын қасыма.

Шамам келсе силаймын,
Жақсының жүрем қасында.
Қалдыра көрме көнілін,
Болса да дүшпан қасына.

АЛТЫН ЗАҢ

Жақсыда жаттық болмайды.
Халқының жүрсе бағы бол.
Тәкәпарға ем қонбайды,
Өзінен басқа жауы көп.

Келеді өсіп жас қауым.
Куанышымда уайім жок.
Талансам кейде итіне
Әкінер оған жайым жок.

Гүлденеді бұл қоғам,
Сөзімде шындық айып жок.
Алынар талай асуладар,
Жалған сөздің дәмі жок.

Жақсының жүрсөң қасында
Сонынан түсер жауы көп
Өсек-аяң қашанда,
Бақтың соры дауы бол.

Алтын заңым көк туым,
Желбірейді таңым бол.
Күншілдердің алдында,
Сүйенер мықты тауы жок.

1995 ж. май 24

* * *

Тасты жарып су шығады,
Ойды жарып сөз шығады.
Тұнді жарып күн шығады
Қаузын жарып гүл шығады.

«Артық дәulet бас жарады,
Бас жармаса тас жарады.»
Тыңдамасаң сөз өледі
Көрместің көзі өледі
Өтірікші адам күнде өледі
Шыншыл адам бір өледі.

БИІКПІН

Өскен жерім, туған елім,
Құшағында өсіппін.
Көк майсанда мен аунап
Аяғымды шешіппін.
Топырағынды, тасынды
Аймалаппын, сүйіппін.

Өзіңнен тапқан сүйіктім,
Сүйіктімді сүйіппін.
Төбеге шықтым биіктін
Төбем көкке тиіпсің
Сондықтан да мен бүгін
Шың басында биікпін.

* * *

Гүлдемесе кезінде,
Сабакта гүлі қурайды.
Ұмытпаған тегінде
Тектіні жақтар құдайы.

Күннің өзі әлемнен,
Тұнге карай құлайды.
Махаббатын сүймеген
Әмір бойы жылайды.

ҚҰДІРЕТ БАР ТАМШЫДА

Тамшылардың құдыретін білмейміз,
Тамшыларсыз ойнап-күліп жүрмейміз.
Қайғырғанда көзден жас бол тамшылар.
Қабырғасы бұлттың тамшылардан сөгілер.

Тамшылардан — адам болып жарадық.
Тамшылардан — теңіз болып құралдық.
Тамшылардан — тіршілік әмір таба алдық.
Тамшылардан — ләzzәт алдық, нәр алдық.

Тамшылардан — бастау алар, бұлак та
Тамшылардан — сөз туады құлаққа.
Тамшыларда — тіршіліктің кілті,
Тамшыларда — жер мен адам үміті

АҒАРЫПТЫ САМАЙЫМ

Менің неге ағарды екен самайым,
Білесің бе, айналайын ағайын.
Әткен күннің мандайымда ізі тұр
Откізіппін тіршіліктің талайын.

Менің неге ағарды екен самайым,
Ұлы тауға, ақбас шыңға қараймын.
Сол таулардан құлап акқан бұлакпын,
Құшағыңнан мен де бақыт табайын.

Айналайын, айтындаршы ағайын,
Ұқсай ма екен Алатауға самайым.
Менің биік арманымсың Алатау
Биігінен жұлдыз болып жанайын.

Ұқсаймын ба, Алатауға самайым,
Сенің өшпес мәңгі отынды жағайын
Арманымның ақ сұңқарын ұшырған,
Шындарыңнан қанатымды қағайын.

1967 ж. Кеген.

МАҚТАНБА

Мықтымын деп қыз алдында мактанба.
Сөйле сөздің жүйесін тауып сақтан да.
Кыз болып гүлдеп, қуантып көр солардай,
Кыз болып бергін дәнегінді актар да.

Бәрің қыздан жарадындар нәр алып,
Жүресіндер өз жөнінмен тарапып,
Мықтылардың мықтылары қыздар-ай,
Мықтылардан шыққандардың бәрі алып.

Кетеміз-ау, кейде қызды ұмытып,
Ызғарынмен қыс келетін сұтып.
Қандай құдырет өздерінде қуат бар,
Сол аязды алар қыздар жылтып.

«Мықтымын», деп қыз алдында мактанба,
Басына бір күн туылған шақтарда
Нағыз сенің қолтығынан сүйейді ол,
Қызды отырғыз биіктеге ап барда.

Даналар мен шешендер де, көсем де,
Мықтылардың мықтылары десен де.
Қыз алдында аласарып кетеді.
Қыз емес пе сені тапқан шешен де.

1998. Талдыбулақ.

ӘТТЕГЕН-АЙ

Әттеген-ай!..
Әттеген-ай,— деп келем.
Шапалакты,
Абайсызда жеп келем
Сүрінетін,
Жығылатын жерім көп
Кейде мұздал,
Кейде менің от денем.
Әтпестерді
Откізем деп жаныдым
Осы жолда,
Дос пен қасты таныдым.
Ақ дегенім,
Кара болып шыққанда
Талай рет сан ұрдым.
Сеннен өмір,
Ақ-қараны таныдым.

Әттеген-ай!..
Әттеген-ай,— деп келем
Шапалакты,
Абайсызда жеп келем.
Өмірдің қын өткелі,
Абайлап бас!.. деп келем.

ҚҰС БОЛЫП

Құс болып үшады, үшады,
Жетелеп тәтті ойдың құшағы.
Өзіңнен айналып кете алмай,
Өскен жердің бел-белесі тосады.

Сен едің аққұсым аңсаған,
Күндей жылып шуақ нұрың шашылған.
Айым боп көліме қосылған
Табылып жүрші сен қасымнан.

Көнілім дариядай шалқисың,
Тербеліп аққұым қалқисың.
Айым-ау, билеп тербеліп,
Маужырап құшағымда балқисың.

Сырласып көнілдің нәздарын,
Оралмас өмірдің жаздарын.
Ұзатып көнілден біз журміз,
Жылдардың акқу мен қаздарын.

ЕГІЗДЕР

Аспан, теңіз жаратылған егіздер.
Екеуін де көрген адам теңіздер.
Екі егіздің перзентімін, ұлымын,
Екі егізден іздейтіндер мені іздер.

Көк теңіздің айдынында жүрем бір,
Аспан ашық, жұлдыз жайнап кілең нұр.

Шексіз аспан, шексіз теңіз төрінен,
Мың ойланып, мың толғанып төгем жыр.

Қарсы алады өркеш-өркеш толқындар,
Жүргімде жаңып жатқан өртім бар.
Неге үнсіз тіл қатпайсың тірі әлем,
Мені күткен ұлы жерде халқым бар.

Айдынымда шексіздік пен кендік бар,
Кендігімде арман қуған өрлік бар.
Өрлігінен кеткен дарып кеудемді.
Қайсарлық пен ақындық бар, ерлік бар.

Жер мен аспан жаратылған егіздер.
Егіздердің беті толған көп іздер,
Екі теңіз жол ашып тұр өмірге,
Іздегендер егіздерден мені іздер.

САҒЫНЫШ

Үміті жан анамның үзілмеген.
Болаттай мықтылықпен, төзімменен,
Елу жыл сағынышпен сорлы анамның,
Күні де, түні де өтті көз ілмеген.

Суық ой, сағынышын аңыратқан,
Бейбіт күн келер ме деп жамырасқан.
Бауырым шетте қалған көре алмаған,
Жылаумен болды соқыр сағыныштан.

Жан анам ойлап кетсе шошынады,
Көзінен қанды жасы жосылады.
Көп жылдар аңсал өткен бауырымен,
Табысып қай заманда қосылады?..
Кетпейді көкірекінен бұл сұрағы.

БОЙЖЕТКЕН

Бір сұлуға қол артсам,
Бір сұлуға ой кеткен.
Алтын-күміс секілді,
Жарқырайды бойжеткен.

Көлеңкесі сұлудын,
Қасыма менің құлаған.
Ақ алтындаі сылдырлап
Күлкісі балдай ұнаған.

Тап дегендей ойымды,
Іздеймін сенен гүл бағын.
Кіршіксіз мөлдір жанарың
Ұсынар көніл жұмбағын.

Мына сөздің қызығын,
Үйленіп бір күн тынармын.
Жібектей жұмсақ мінезі
Өзінмен тарқар құмарым.

БОЗТОРҒАЙ

Қарсы алды қысты бозторғай,
Бұрсендең жазын сағынып.
Боз ала танда, боз қырау
Ағаштар алған жамылып.

Жем таба алмай жалқаулар,
Ұшып қонды кезектеп.
Аулада жүр, анқаулар,
Қоқсыққа қонды секектеп.

Әткізе алмай жүр қысты,
Куыска кірді бұрсектеп.
Шырылдап ұшты бозторғай,
Аман-сау жазды көрсек деп.

ТІЛЕК

Солмасын гүлдер,
Сарқылмасын бұлактар.
Сөнбесін көздер,
Қурамасын құрактар.
Жарқырап жансын
Көктегі күміс шырактар.
Қайырлы жанда
Жылдызың бар, қуат бар,
Екі аяғым жол бастайтын,
Шапқылайды құр аттай.

Қалдыра көрме
Қатардан қалып ұялтпай,
Иманды жанда
Адалдық бар, ұят бар.
Жай дастарқан
Достарыңа сый атқар,
Жылы сөзді тыңдайтын
Көбейе берсін қонақтар.

ПЕРІШТЕ

О, періштем,
Жүрегімді арнап алғып ұштым,
Сағынып күнде, сені тостым,
Жүрегімнің жалынын сөндірмеші,
Жалыныңмен,
Жалынымды бірге қосқын.

Түсін мені,
Түсінбе жүрегімді,
Көріп жүрсін, өмірде тірі өнімді,
Мазалама
Орынсыз жазалама
Арнап койдым өзіне жүрегімді,
Ақынның сезімі гүл, өмірі өлең.

Жолдары,
Жатыр алда белен-белен,
Ағынан ақтарылып тұр алдында
Қара таста,
Еріп түсер бір өзінен.
Кездесетін кезің еді мына бақтан
Сен емес пең,
Мөлдір бұлақ құлап ақкан,
Зарығып жолын тостым биіктердің
Бола көрме,
Көз жасым жылап жатқан,

О, менің жәберлеушім
Менің мықтым.
Қапасында мен сенің болдым тұтқын,
Өзінді де, мені де азаптаған,
Сол қапастың кілтін өзің тапқын.
Тәкаппар
Болып жаным асқақтама
Құзыма
Биігіннен тас құлатпа
Жанартау бол құздардан атылармын
Мен алдынан гүл бағың бол ашылармын
Нұрға бөлеп,
Шуағынан шашырап күн,
Махаббаттың құдыретіне мына тірлік
Кусырып қол.
Алдында бас ұрар мың.
Тіршіліктің махаббат патшасы,
Байлығын да, тірлігін, жасырап кім,
Жүректің,
Әміріне жүрмейді өкім
Бірде тұн,
Бірде күн бол қосылармын,
Жазаласаң
Жазала жәберлеушім,
Өзім жайлы,
Періштем осылар шын.

ЖЕР МЕН АДАМ

О, менің
Алтын бесік жер анам,
Бесігінде тербетілген мен балаң
Өзің болып.
Өзіңмен бірге айналам,
Төсінде жатып,
Көкке қарап ойланам.
Көз алдымда,
Береке-байлық кең далам
Байлығынды
Ағыл, тегіл бер маған.

О, менің,
Арқалы жазық, кең далам
Далаң болып,
Менде өзіңдей толғанам.
Көргің келсе,
Ниетімді даладай
Ауылыма,
Қонақ болып кел маған.
Жоқты тауып
Мен берейін ағайын,
Сол жоғынды
Берер тауып — жер саған.

О, менің,
Асыраушы анашым,
Жер төсінен,
Оятар тірі баласын,
Жер — анадан,
Тіршілігін арқалап
Алды-алдына,
Жолынды таусып барасын.
Алуан түрлі
Сәнді сарай саласын
Жер — ана,

Құшактап түр баласын.
Жер-ана,
Тербете берсін бесігін,
Тірілер үшін,
Ашып қойды есігін.
Еңбек ет те,
Теріп жей бер несібін.

ГҮЛДІҢ СЫРЫ

Пай-пай! дүние келе жатыр күн шығып,
Қырдың қызыл, қызғалдағы-ай құлпырып.
Таңғы самал, тәкті нұрын гүлдерге,
Гүлден шіркін жатады екен гүл туып.

Құлпырып гүл, жас қауызын ашқанда,
Сағынып кеп сорады ара балын да.
Тәттілігін дүниенің іздеген,
Аралар біз – көктемгі мезгіл шағында.

Әлем мынау үнсіз тұрып тіл қатқан,
Құлпырып гүл, қайғы-мұнды жұбатқан.
Қызғалдақтың қасиетін білдік пе,
Адамдар-ай, гүлдерді ғана ұнатқан.

Гүлдер мынау аз өмірді сүргенмен,
Жалғастырар өз өмірін гүлдермен.
Алмастырып тұнді-құнғе жатады,
Жалғастырып келеді гүлдер күндермен.

Мезгілінен гүлді бұрын үзгенмен,
Сүйген қызын, қуантады гүлдермен.
Осы гүлдің бір керемет сыры сол,
Сырын гүлдің үзіл жүрміз білгеннен.

* * *

Үлбіреген жібектей,
Бұрымынды сағындым.
Кекілін кескен құлындаі
Тұлымынды сағындым.

Домаланған «Ай бактай»,
Анарынды сағындым.
Тұрапаты жорғадай
Жүрісінді сағындым.

Мақпал тұнде ояткан,
Қылышынды сағындым.
Өзінменен қыдырған
Күндерімді сағындым.

Тұнде жанған шырактай,
Жанарапынды сағындым.
Алаулап атқан тандардай
Күлкінді жаным сағындым.

ГҮЛДІ ҰЗБЕ

Қарандаршы гүлге бір,
Ұзілген кезде.
Касиет қалмас гүлде бұл.
Білесің бе,
Өсетінін қарда гүл.
Сұра гүлді
Ақ қар басқан таудан біл.
Білгің келсе,
Өсетінін суда гүл
Қамыс басқан көлден біл.
Білеме пенде
Өсетінін құмда гүл,
Білгің келсе
Көктемде іздеп құмнан біл.

Гүлдін де сендей жаны бар.
Силасаң егер анаңды,
Кеудесінде оның дәні бар,
Үзбендер гүлді, үзбендер,
Өніп-өсер уағы бар.

* * *

Мазасыз ойым жетелеп,
Жүргімнен жыр ақтар.
Жапырағы жеммен сылдырлап,
Қоңырау үнді шуактар.

Әндептіп акқан бұлактар.,
Жағанда жасыл құрактар,
Тұн көрпесін төсейді,
Тұнде жанған шырактар.

* * *

Шешенді силап тілін біл,
Көсемді силап жөнін біл.
Батырды силап қолын біл
Палуанды силап күшін біл.

Шеберді силап ісін біл
Тәуіпті силап емін біл.
Бақсыны силап жынын біл.
Жақсыны силап шынын біл.

ІЗДЕЙСІҢ

Нұрына сенің бөленем,
Мені жаным кім дейсің.
Шырағын жаққан күндейсің
Қасымда жүріп гүлдейсің

Ойланып бәрін түзейсің
Күндерден үміт үзбейсің

Оралып жұмсақ тұндерден
Жаңым-ау кімді іздейсің?..

Телегей теніз, көлдейсің,
Көгеріп сен де гүлдейсің.
Алдыңда жүрші ақ сәулем,
Қасында жүрсем білмейсің.

ҚАЙНАР

Көгілдір аспан, көк көрпе,
Күмістен моншақ тағынған.
Сапарымды жолғап өзіне,
Керуенім шықты ағылған.

Жанаңлар қанша қадалған.
Ғарышқа шықсам керуенмен.
Жолымды жалғап келем мен,
Жалғастырам ізін өлеңмен.

Төбемнен, аспан тәңгенмен,
Өнердің жақсам шырағын.
Жұлдыздар көктен сөңгенмен,
Келемін мініп пырағын.

Шымырлап жатқан көк қайнар,
Арманым көкке жалғасқан.
Кеудемді кернеп көп ойлар,
Жұлдыздарға жол ашқан.

Армандал, шөлдеп, жұлқынған,
Жүректен жырым тіл қатқан.
Тұндерде мені оятып,
Шақырар көкке сырлы аспан.

Осынау, жұмбак өмірдің
Өлімен тірі ансаған.
Қып-қысқа менің өмірім,
Іздеумен келем жаннатын.

* * *

Сайраған бұлбұлым,
Ояндым үніңнен.
Жұлдызым жарқырап
Көрінші тұнімнен.
Шаттығың кернеген,
Көкте әнің тербеген.
Өзіңсің аруым.
Жүректе сөнбекен.
Шуағы шашылған
Гүл бағым ашылған.
Ақ үміт ардағым
Сен едің асыл жан.

* * *

Қиналмай жаным өмірден,
Қалайша шалқып тасырмын.
Тұңғиық терең тылышымнан,
Іздеймін ойдың асылын.

Бір кісідей жетерлік,
Өмірдің тарттым азабын.
Сүйектен сөзі өтерлік
Көтердім қудың мазағын.

Корлағанмен шындықтың,
Тізгінің қолдан бермедім.
Кулық пенен сұмдықтың
Жолына түсіп ермедім.

Мен, алдында халқымның
Келмейді бұғып жасығым
Өтірік сөйлеп есіріп,
Керегі не босқа тасудын.

* * *

Кызыл ерін көп гүлдер,
Даланың ерні боянды.
Гүлдер, гүлдер көк гүлдер
Бұлбұлдың үнінен оянды.

Қырға шығып гүл үзіп,
Самалың қырдың жұттым мен.
Сағына жүріп сырласып,
Өсіріп гүлін күттім мен

Сұлулық пен нәзіктік
Бойыңа бекер бітпеген,
Қасиет бар гүлдерде,
Қыз бен жігіт күтпеген.

* * *

Бұлактың сәні — жалбыз.
Сортаның сәні — андыз.
Тұннің көркі — жұлдыз.
Қыранды өлтіретін құз.
Елді өсіретін — қыз.
«Судың ұйыйтын жері — мұз».
Астың дәмі — тұз.
Елді бұлдіретін — жұз.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Ана тілім сүтімен енді анамның,
Бойымда қуат, тәтті-ғой тілі балаңның.
Алғашқы тілім аналап жүріп, аталап,
Кірпіш болып санама мықтап қаландың.

Шексіздігің көгілдір аспан көгісің,
Туған өлкем, тіліммен менің егізсің.
Мектебім менің тірлігімсің тілімсің
Елім, жерім, Отанымның өзісің.

Қазақстан деп сөйленді дала менен тауым да
Өзен-көл, жасыл орман, бағым да.
Қайта түлеп, келеді гүлдеп тіліміз,
Тұрды талай, долы құйын, дауылға.

Құдыретін тіліміздің жүдеткен,
Кемсітетін мәңгүрттердің күні өткен.
Мың өліп, мың тірілді сак бабам
Сақтап тілін, әдеп-салтын түлеткен.

Өгей елдің ұл-қыздары емеспін,
Шұбарлап тілді қатарында жүрмеспін.
Жаһандасудың сойылын соғып мен алда
Мен олардың мәңгүрттігіне ермеспін.

Тілім менің, елім-жерім, аспаным,
Тілінен биік тұрады тілім басқаның.
Тағдырым, болашағым тілім де,
Тіршіліктің саханасын тіл арқылы басқардым.

Тілім өлсе, мен де бірге өлгенім,
Тілсіз, қалай кен әлемде жүрмегім.
Тірлік жасап дүниені өзгертіп,
Тіл арқылы, ойын-сауық көргенім.

Тілім менің тіршіліктің өзені,
Дария-мұхит, ақыл-оидың өзегі.
Тіл арқылы Отанымды түлетіп,
Тіл арқылы алынар асу кезені.

ЖАҢА ЖЫЛ

Науырыз айы жаңа жыл аталады,
Куанышқа бөленіп жер торабы.
Оятып үйқыныздан алар сілкіп,
Шартылдап назағайдың шапалағы.

Құшағында даланың өседі гүл,
Босанып көктем ана бесігі бұл.

Арқалаған ақша бұлт ақ жаңбырын,
Көл-көсір, мол рызық шашады жыл.

Шат-шадыман аң-құсы, далада жаз,
Бойын жазып, қарттар мен бала да мәз.
Сап түзеген қиқулап көк жиегін,
Өзен-көлін сағынып келіпті қаз.

Дала түлеп, жан біткен тал-ағашы,
Сүйіп гүлін қуанып жүр бал арасы.
Ағаш бүрлеп, мал төлдеп, күркіреп күн,
Сай-саладан толыпты су арнасы.

Танымастай жер өлем өзгереді,
Тірі жанның қимылын көз көреді.
Жиып-теріп алатын келді қызыр,
Көретін байлық ырыс түр кезегі.

БИ

Екі кол, екі аяғың құл емес пе,
Тұтасқан тұла бойың үй емес пе
Өмірдің сізбен бізге берген сыйы,
Ақыл ойды басқаратын ми емес пе.

Төбе би басындағы осы мимен,
Ойланып кем-кетікті тауып жиғдық,
Өзіне-өз билігі жете алмаған.
Қызығын көре алмайды осы Бидің.

Бір АЛЛА үйіп-төгіп берген басқа,
Тізгінің ұстатыпты кәрі жасқа.
Өмірде өз жолынды тауып жүр деп
Ақыл, көз берді билік адаспаска.

БАҚЫТ ПЕН АЗАП

Ғажайып тіршіліктің сыры жұмбак
Жасарап етсөң еңбек гүлденіп бақ.
Оянам сүйіп күннің шұғыласын,
Жаныма төгіп нұрын шашар шуақ.

Адамның күні адаммен жалғасатын,
Тұр тіршілік алыс-беріс алмасатын.
Күн көсем, айың мырза айналып жүр,
Тәкаппар пенде екеміз жер басатын.

Қайнадым тірілердің қазанымен,
Куырдақ болып пісіп барамын мен.
Ауырын, жеңілін де көріп келем,
Өмірдің тұр бақтыы азабымен.

Бар мен жоқтық келеді жағаласып
Бірде қыс, бірде жазы араны ашып.
Өмір өзен, ағынанан көргенім бар,
Бірде ортайып, ал бір де жүрем тасып.

СЫЙМАЙ ЖҮРЕМ

Үйге сыймай кей-кейде дала кездім,
Сол далада өтіпті бала кезім.
Көніл аспан, ой теңіз толқынында
Тербетіліп жел қайықта қала бердім.

Өмірдің айдыны кең толқыны асау,
Толқындарға құрылыштар болды тұсау,
Көкте толқын, жерде толқын, мен де толқын,
Толқындардан, бұл өмір тұрғызды тау.

Атқылап ак бұлағы емшегінен,
Құлындалп толқын таулар кісінеген.
Желісінен ағытылған құлын-тайлар,
Таралып дала төсін исіндірген.

* * *

Бірін-бірі сөзіменен суғарған,
Халық деген ұлы орман.
Уақыттар өте келе қуарған,
Дәнегімен өніп-өсіп жаңарған.

ЕҢБЕК ЕТ

Үмтылыш істесеніз адап еңбек
Байлығың, бақытың да қолға келмек.
Талапсыз жан талпынбаса оналмайды,
Жалқаудың тіршілігін абыласақ.

Ақ білектің күшімен тау қопарсак,
Өмірдің женілі де, ауыры ортақ.
Көз қорқақ, қолың батыр қолынменен,
Бірде жоқтық, ал бір де ұстайсың бақ.

Еңбекпен тәгіп терін тапса малын,
Өз қолымен жанұяға жақса шамын.
Қадірлі қара басың хан емес пе,
Жалқауды еңбекке үйрет тап та амалын.

Көз салма көрінгенге бұрселендер,
Еңбексіз өткен тұнің болар тұнек.
Ет еңбек өзің-өзің сенім артып,
Қызығын, байлығын да қолмен терсек.

Төрт мүшесі сау адам тау емес пе,
Қол, аяғың, жеміс-жидек, бау емес пе
Тау қопарып, тас жарып, бақ өсіріп,
Өмір үшін тайсалмай тұр күресте.

ШЫНЫНДЫ АЙТ

Адамдар бірін, бірі ұнатады,
Куантады, өмірде жылатады
Бәріне ортақ ауыры, жеңілі де,
Бірін мактап, бірін даттап сын артады.

Көрем жерден биікті, ала саны,
Байлық қуып, мансап үшін таласады.
Тенеспейтін таразының теңсізі бұл,
Күнің батып, шығыстан таң атады.

Күн мен айың, білінбей алмасады,
Басындағы қара шашты қар басады.
Тозбайтын дүниеде бар ма тірлік,
Бірде қыс, бірде жаз кеп жарасады.

Ұрпағымен адамдар жалғанады,
Байлық, бақыт қуам деп алданады.
Откен күннің кешегі кемістерін,
Толтырам деп тыптырлап қамданады.

Болсан жалқау, дертінді мендетеді,
Жел сөзімен әлемді тербетеді.
Биіктегі алмаға қолың бармай,
Бармай тұрып арманың шөлдетеді,

Соқса жел, алма бақты тербетеді,
Сол бақтан кәрі менен жас та өтеді
Жемісін осы жылдың теріп тұрып,
АЛЛА-ны есіне алсан нең кетеді.

* * *

Жаман адам бола алмас ел тірегі,
«Қой бақлаған қуалап өлтіреді».
Жоқтан бар ғып құраған мықтылар-ай,
Үзілгенді орнына келтіреді.

Көсемнің аты көсем бола алады.
Еңбегін Нұрсұлтанның бағалады,
Халқының жүргегінен жылу іздең,
Жүретін ұмытпаймыз ағаларды.

* * *

Жерсіз, құнсіз кең әлем болар қараң,
Құнің болып, құшағында қүйіп, жанам.
Сағынышым өзің бол актарылып,
Жүрегімнен акты өзен тарам-тарам.

Кең әлем елсіз, жерсіз тарыласын,
Қарттарым-ай, актаратын қазынасын.
Көтерем көңілімді кенесінен,
Сауығып ой мен дерттен арыламын.

* * *

Қайнап келем ұлы көптің қазанында,
Бейнеті мол аралас азабы да.
Жүрегім қырық шоқпыт, жамау-жамау.
Шақырама «Барсакелмес» аралына.

Тұр күтіп алыс емес жақын маған,
Қонағымын бұл өмірдің шақырмаған.
Сондықтан осы өмірдің бейнетімен,
Ауыр жүгін көтертті акыр заман.

Жаратқанға неліктен жакпадым мен,
Біреуге тар, бұл әлем, біреуге кең,
Ақылымнан адасып қалдым ба екен,
О, құдырет басыма салдың жүген.

Адалдықпен, кіслікке саламын жол,
Тартқан азап өмірде күресім мол.
Жолым неге бұралан бола бердің,
О, құдірет сүрінгенде бермедің кол.

Өмірім жарық емес тұман болдын,
Тұманында адасқан балан едім.
Бақа-шаян, жыландар ұя салған,
Ортасынан солардың түрегелдім.

Тарттым дәмін өмірдің уын, балын,
Сыртым нұрлы, болғанмен ішім жалын.
Көре алмадым кең өлем кендігінді,
Киындықпен табамын тірлігімді.

Күдерімді өмірден үзе алмаған,
Кемендеймін айдында жүзе алмаған.
Желкенімді жұлмалап соғып дауыл,
Толқынында теңіздің қуалаған.

Күресім міне осылай басталып бір,
Жүргімнен жазамын актарып жыр.
О, менің өмірімнің жалғастары,
Күнді көріп, тұнінен бақ тауып жүр.

СЕҢІҢ ҰЛЫН

Бағып қойын, тауымен теңесетін,
Күнді ұзатып, тұнімен үнделсетін.
Менің елім даланың гүлі емес пе,
Танда оянып, құлпырып қырда өсетін.

Жаны егіз даланың сонысымен,
Жарастырып бақты мал өрісі кең.
Ақ-карасын таныды төрт түліктің
Ажыратқан күренін, торсысымен.

Жығып үйін көшірген даласына,
Даласы егіз елімнің баласына.
Жене алмайсың ат мінсе мына түзде,
Женіліпті жылы сөз жарасымға.

Қадірлеймін елімді даласымен,
Далаңдағы киіктің баласымен.
Боталаған тауларың тізбектеліп,
Жарасып тұр өзен-көл, саласымен.

Мал мен жерсіз бабамның күні қаранды
Өріс іздең көшіпті, менің бабам,
Ақ пейілі аспан асты даласындаі,
Өніп-өсіп келеді сенің балаң.

МАҚТАНАМЫЗ

Ат үстінен жердегі езін, білген,
Бұл Қазақ мактануды көзі қөрген.
Мықтысын өлең-жырға арқау етіп,
Жатқа айтты бәйіт-дастан сөзіменен.

Бұл қазақ мактанады, әйелімен,
Құмай ит, жүйрік ат, құсыменен.
Бәйгісі, қыз қуу, көкпары бар.
Итіне тойын жасап асын берген.

Мактайды, баласын да, даласын да,
Қорада мөніреген танасын да.
Ақ көніл, анқаулығың бастан асар,
Қасиеттер жерін де, ағашын да.

Мактайды көлін де, бұлағын да,
Қой бастаған серкесі, лағын да.
Балгерін, бақсыларын мактан етер,
Ішкен қымыз, жеген ет уағында.

Бұл қазақты мактасаң жарылады.
Екі иығы тірейді көк, жар құлағы.
Судан тұнық сүттен ак бола қалар.
Көкірегінің мөп-мөлдір нәр бұлағы.

Жамандасаң өлгенше өшігеді,
Қонысын жырақтатар көш ілгері.
Тартып айып тоғызын бере қойсан
Әкесінің құнын да кешіреді.

Ағайын туысымен тебіседі,
Өлгенде бауырымдап көріседі.
Мақтан үшін жаралған осы халық,
Мақтаудың кесесімен у ішеді.

Әңгіме бастайды сөз дауласудан,
Қашпайды арыз жазып жауласудан.
Әз басының қамын қуған осы халық,
Әсек-аяң алыс емес арбасудан.

Елі шінде бітпеген, осы дүрмек,
Сөйлейді би мен әкім тілін күрмел.
Әзіне жақпай қалсаң тұра сөзben,
Кетеді сілтеп қолын, жолын түзеп.

Мақтаудың тарттық дертін басымыздан,
Мақтанып алдық мылтық қасымыздан.
Үшеудің екісі өліп, бірі қалды,
Асыра сілтеп, астық жоқ ашымыздан.

Құр мақтаудан бәріміз жаралғанбыз,
Осы бір дерттен қалай арыламыз.
Істеген еңбегінді елің көріп,
Орындалған сөздерінді сағынамыз.

Досымның дүшпаны, досым болып,
Басына орнады бак құсын қонып,
Болашақ үрпағыңын да күнін ойла,
Жер байлығын, қандалалар жатыр сорып.

2006 ж. Алматы.

* * *

Боталап таулар,
Шоқыларын шөктіріп.
Шығады тастан,
Исініп сулар тұрткілеп
Шыңдарын Талғар
Шығарды көкке тепкілеп.

Жомарт таулар,
Даладан жатыр көк тілеп.

Қарлы шыңдар,
Ақ күміс тәжін киініп
Сәлделі бұлттар
Қонады шыңға сиынып.
Жасыл орман,
Жаңбырға жатыр құйынып.
Ояу өлем,
Бөленіп нұрға тұр ұйып.

Алатау мәңгі,
Көк қырқаны жастанып.
Шын шежірен,
Өзіңнен байлық басталып.
Талғар шыны
Тағында отыр басқарып.

Мен білмейтін
Ойын мен әнің басталып,
Жатырсың Талғар
Бәрін де соның басқарып
Әткелден талай,
Ғасырлар аттап келесің.
Сол қүйінде,
Міндетінді атқарып.

ТІРІМІН

Шөлге шыққан селеудей,
Өмірі өткен ұлыңмын.
Құм жалаған құндыздай
Тірелер кімге құрығым.

Мейірі кеткен ағайын,
Бұрады сыртқа мойынын.
Адасып жүрген киіктей,
Далада өскен құлыңмын.

Ерке жеммен сырласып,
Жел сипаған тұлымын.
Итке салған сүйіктей
Жетесіздің төкпе ырымын.

Күнімді күнделеп жүргем жок,
Елімнің сыйлы ұлымын.
Тектінің сөзі жібектей
Тегімді білсең тірімін.

ЖОЛАУШЫ

Ұзак жолдан,
Көлікке талай ауыстым,
Төзімімді тауыстым.
Келемін ансан,
Келемін шаршап,
Баратын жерім алыс тым...

Арманға қын...
Жетуге жаным асықпын,
Құлпырған жерге,
Нұр тұнған елге,
Жеткенше демім ғашықлын.

Ұзак жолда,
Талай жанмен жүздестім,
Жол азабын көрмес кім,
Жаны жайсан жандармен
Сөйлестім.
Мен осылай жол кештім.

Дастарқанын,
Жайып елім бал берген,
Аңқылдаған, ақ көніл,
Адал жанды мен көргем
Кең пейілді — Қазағым,
Жомарттықты менгерген.

1975 ж. 20 науырыз. Кеген.

ТАЛ

Бұр жарып талдар көктеді
Білдің бе мезгіл жеткенін.
Ереше билеп құлпырды
Қарсы алып желдің өпкенін.

Тіріден тірлігің аумаған,
Жыланып жасың тамғанмен.
Жете алмай өтіп барасың,
Өмірден мынау арманмен.

Төңірегінде жас талың,
Өмірінді жүрсің жалғаумен.
Сұлулық, жастық, көктемін,
Алады күзің алдаумен.

ОЛЖАС СУЛЕЙМЕНОВКЕ

Ойың мұхит толқынымен тулағандай,
Тереннен інжу теріп жырлағандай.
Өлгенді тірілтіп, өшкенді жандырыпсын,
Жан жарасын доспен қастың тырнағандай.

Күл, қоқықтан тазалап тыным алмай,
Талайды толғандырған сөзің балдай.
Ошағында қайнатқан болатыңың
Кызыуна болдым мен жылынғандай.

Әй, Олжасым-ай, Олжасым-ай!..
Сөзің ауыр салмақты қорғасындей.
Төс үстіне қыздырып ап соққылаған,
Үстаның жанши бер балғасындей.

Өзінді іздең жүрмін сағынғандай,
Қыпшақтың Кавказы мен Қырымындей.
Асаудың мойынына құрық салып,
Олжасым шапқылай бер жорғасындей.

«Мен және Азияңың» асылындей,
Дон менен Дунайым боп тасы тынбай.
Қара қазаның ғасырлардың қайнатып ап,
Талайдың ақыл-ойын сапырдың-ай.

* * *

Шықылықтап үшқан сауысқан,
Ала алмай кетті жемтігін.
Қарқылдап үшты құзғындар
Көтерер көкке қеудесін.

Кезқұйрық, құмай, тазғараң,
Жемтікке тойды ал бүгін.
Лашың, сұңқар, ителгі,
Көтерер елдің еңсесін.

* * *

Далада өсіп көктеген,
Көз тартады жас құрак.
Ілесіп малдың сонына,
Өріске кетті саққұлак.

Айналам байлық қоршаған
Қайырам малды қаптаған.
Тосып отыр жан анам
Құрт, майын берер сақтаған.

КӨКСАЙ

Сарбаздай сап түзеген найза шындар,
Қарлықтың кең даласын тұрғой бағып.
Көксайда керме күнгей қадаланып
Шөнге тас, қадау-қадау дараланып,
Қасқайып қарайды шың мінбесінен,
Биіктің қасиетін көрсін келген,
Талайлар биіктікті түсіне алмай,
Армандал кешеді күн күрсінумен.

Асқақтал тау Шоқысы көкті сүйген,
Тамсанып тәніріне басын иген.
Әлемнің таңғажайып мұнарасы,
Басына ақ қалпағын бұлттан киген.

* * *

Ұмыт боп өтіп кеткен жылдарымның
Қозына күйіл-жанып жүз қарылдым.
Есіме ауық-ауық түскен сайын,
Жүргегімнің жылыған мұздарының.

Надансың ба, ақынсың ба, данасың ба,
Әркім екшеп ақыл ойға салар сынға.
Ел аузында еленсе өлендерім,
Ақ иық қыран құсым қонар шыңға.

ҚАРТТАРЫМ-АЙ

Ойы терең мына өлемнің аспанындай,
Сұнғыла көпті көрген қарттарым-ай,
Отыра қап айтқанда әңгіменің,
Ішек, қарның тастайсың ақтарып-ай.

Сабырлығың Алатаудың салмағындай,
Кіші пейіл, ақ көніл ардағым-ай.
Термелеп, мақалдатқан сөздеріңмен,
Алдында біз отырмыз бармағындай.

ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ

Жасарып бұл қазақ түлеген,
Ғарышкер Тоқтар Аубакіров.
Әлемге танытқан жастығын,
Бұл сенің,
жалынды жас күнің.
Ғарыштың әлемін ашқаның
Сен алғаш Ай бетін басқаның.
Атағың,
Жаңғыртып жер шарын
Бұл сенің,
Жалынды жас шағын.

Әр күнде, тың іске бастадың,
Алдыңа ауыр жүк тастадың.
Әр жылдың өрінен асқаның
Бұл сенің
Жалынды жас күнің.

Өмірдің, көнілдің дастаның
Сен бүгін бастадың
Кеуденді кернеген асқақ үн,
Бұл сенің,
Жалынды жас күнің.
Шындықтан басқаны айтпаған,

Семсердің жүзісін қайтпаған.
Қазақтың ұл-қызын көр ертең,
Ол сенің, —
Жалынды жас шағың.

* * *

Адамның толмас көз қалтасы өлгенше,
Ақ бөзге орап, қойнына жердің көмгендеше,
Білмейді-ау, пенде өмірдің қысқа екенін,
Бір от жанып, шоғы соның сөнгенше.
Бір от жанып, шоғы соның сөнгенше,
Бірінді бірің күндейсін түртіп өлгенше
Қадірі болмас тірлігінде пенденің
Өлімін күтіп, өлігін жерге көмгендеше.

* * *

Сұлулықты сүйе білу,
Бар адамға ұлы арман.
Жүрегімде,
Жүрегіндей, күн нұрынан жараган.

Бар құштарлық, кетті тасып,
Кеудеме менің сия алмай.
Қызғаныштан туар шабыт
Дүние сені қия алмай.

Бұл өлемде өзендердей,
Бойыма менің тараган
Қосылуға теңіздерге,
Мен де өзендердей жараган.

Кендігіне теңіздің
Қанша бұлақ құйғанмен
Айдынында шалқардың
Тамшында бол қалам мен.

Кіршіксізбін, ашықпын,
Арнанда толып асықтым.
Бұлағың болып бұлқынып,
Арнанда тулап тасыппын.

* * *

Сары алтындей сары дала түлейді,
Сақал-мұртын сары ала күз қырынып.
Ақ мамық бұлттар тау басына түнейді
Қазан айы қара дауыл көтеріп.

Жайлаудан ел күздеуіне көшеді,
Кейде жылы, кейде салқын деседі.
Күзем жүнін қырқып алып марқаның
Басып киіз, қылдан арқан еседі.

Дірілдейді шөп басына шық тұрып,
Ерте оянар малшы ауыл тік тұрып.
Әркімдердің өз шаруасы өзінде,
Ескертіп жүр, қыс келерін ұқтырып.

Жаздың қызық думаны жоқ кешегі,
Желі баудан құлыштарды шешеді.
Ерулік пен емеуірін берісіп,
Жасыл өлем хош айттысып көшеді.

Қағып, сілкіп жатыр әне бораны
Сырып киген, сара ала шекпен даланы.
Жиын-терін аяқталар осы шак,
Жомарт күзде малшы жөндер қораны.

* * *

Дінім исалам алдында мұсылманмын,
Мен, АЛЛА-ның құлдарына қосыламын.
Құран кәрим АЛЛА-ның бүйрығымен,
Мұхаммед-тің хадистерін ұсынамын.

Сәлем беріп, сәлем ал ізетпенен,
Құнәміз көп басымыздан аз өтпеген.
Имандылық тазалыққа шақырамын,
Оқып намаз, жолынды түзет деген.

Машақатсыз өмірдің қызығы жоқ,
Табанымды күйдіріп басамын шоқ.
Арақ ішіп, малғұнның жолын қуған
Кеудесіне өзінің басады от.

* * *

Айдай сұлу бойынан таппадым кір,
Не құдырет баурап алды сендеңі бір.
Ақ жібектей ұлбіреген ару айым,
Жарқырайды көзіңнен тәгіліп нұр.

Айлы тұннің көктегі шырағындай,
Сыбызғы үнің Алатаудың бұлағындай.
Назданып ерке құлқің сыр шертеді
Іленің қамыс басқан құрағындай.

Жайдың құшак сен, мені сүйетіндей,
Жолымды жүрдің тосып білетіндей
Іздеп келіп, Әлі мен Дағиғаның,
Қырымда өтіп жатқан құресіндей.

Жамылып тұн, үстіне зерлі шекпен,
Сансыз жұлдыз қуанып тұрды көкten.
Білесің бе, Айым-ау осы жерде
Былтырғы ақ қайың тұр өзің тіккен.

* * *

Биіктердің бигіне өрледім,
Сол биіктің ар жағында көргенім.
Көзді жұмып терең суға бойладым,
Сусындаған арманым мен ойларым.

Корықпадым қауып пенен қатерден,
Бір кіслік мұным бар-ау, көтерген.
Өмір осы, өшіп, жанып жалғасар,
Отбасына бір сәбиін әкелген.

Ашымды сабырыма жықтырып
Қарсы аламын қындықты тік тұрып,
Тылсым дүние шешілмеген жұмбағын,
Білмesterге шешіп келем үқтырып.

* * *

Қараңғыны қақ жарып,
Карайды жұлдыз тізіліп.
Аспаның асыл моншағы
Шыққандай судан сүзіліп.

Қараймын көкке қызығып,
Жұлдыздар үнсіз құлімдеп.
Айдан алқа тағынып,
Барады дала көз іліп.

* * *

Қызық көп адамдардың ойынында,
Көтерер ауырлықты мойынына.
Алтыннан тау орнатып берсөң дағы,
Тоқтау болмас пенделердің тойымына.

Таудай алтын, қазынаң аласа да,
Ажал келсе түсे алмас арашаға.
Бұл өмірдің қызығы біздер үшін,
Дәнегің қалар артта бала-шаға.

АСПАН

Көк аспан өзің болып жүздесейін,
Беймәлім сырларынан сыр кешейін
Бір жұмбак түр алдында шешілмеген
Айт шынынды өзінмен тілдесейін.

Жаңалыққа жаным құмар асқактаған,
Мен Сенің төл балаңмын тіс қақпаған.

Құзда тұрып, көгіне көтерілем,
Тұр үнсіз жұлдыздарың тіл қатпаған.

Ай, жұлдыз, Темірқазық жарқырайсың,
Бір-бір әлем, өз орнында әр-бір қайсың.
Мынау шексіз әлемнің шегін қуып,
Бірі Күнсің, бірі сөнген, бірі Айсың.
Катып тіл, маған неге бұрылмайсың.

Менде бір жұлдыз болып барам аунап,
Жұлдызды орман төңерегім тұрған қаулап.
Қыранымды құтемін күнде баулап,
Миымның қыран құсын ұшырумен,
Аспанның Арман құсын келем аулап.

СҮНҚАР

Ай астының асылды кеп төсіне,
Жамылдып қырқа көк көрпені көсле.
Жасыл орман жатыр өне сілкініп,
Жылғалардан акты бұлақ шешіле?

Үнсіз дала жайып салды құшағын,
Нәрестенің кесті бұлт тұсауын.
Жасыл әлем, ақ жаңбырға шомылдып
Сүйіншілеп ақ сұнқар боп ұшамын.

Сұнқар болып, салдым ұя-құзына,
Балапанымды үйретемін суық мұзына.
Шында туып, шыңдан қанат қағатын,
Биіктеге із саламын қызыға.

* * *

Көктем де көктеп шөп өнген,
Қой сонында төл өрген.
Шөлдерге де жан бітіп,
Жібиді тандай кезерген.

Жап-жасыл әлем сусындал,
Оралды құстар қиқулап.
Дүние толып молыққан,
Қызыр ата орныққан.

Жалындал құннің от демі
Қызыры жылдың — Көктемі.
Тіршілік біткен тіріліп
Көгеріп әлем көктеді.

Сағына күткен көктемді
Тірінің қолы жетті енді.
Колыңа алғын кетпенді,
Жер-ана берер еккенді.

ҚҰЛЫН ЖЫР

Бауырында анасының құлышын жүр
Өзіңменен тағдырым бір, құнім бір.
Шапқылай бер, тоқтамашы құлышым,
Сен арқылы туады екен құлышын жыр.

Сен арқылы ойдың кені ашылар,
Жанаарымнан асыл тасың шашырар
Кеудеме сыймай жас құлышым тулайды,
Тұнде тұрып, құндеріме асығар.

ТОҚТАУ ЖОҚ

Батыр киер сауытын женілігімен.
Дала жомарт өзінің кеңдігімен.
Адам туыс өзінің кіндігімен.
Әже көркі жарасар құндігімен.
Үйге жарқ түседі тұнлігінен.
Батыр-батыр болмайды тепсінгенмен,
Мықты болмас жау қаптап көпсінгенмен.
Жақсы-жақсы аталар тектілермен,
Жуыспаған жөн болар кекшілдермен.
Кесер қолды ойнасан өткірменен.
Қасиетті қойда жоқ серпін деген
Мактанташақта ерлік жоқ желпінгенмен.
Қой жүреді өзінің серкесімен
Ел қадірлі болады ақынымен
Көсемі жүр ел билеп ақылымен.

ҚАР

Тәбе би малдас құрып отырады,
Ақ көрпе алды оранып атырабы.
Ақ ұлпа омбы қарға омбыладым.
Жауды қар жапалактап жапырағы.

Тәбе би, малдас құрып отыр әлі,
Қол, аяқты аяз сорып құтырады.
Ақ киім, киген дала емшілердей,
Қуалап бойдан дертті қашырады.

КӨРІЛІК

Қас қағым уақыт
Желіп өтер
Жаспын деме,
Көрілік келіп жетер
Таудай алтын,
Жисаң да бәрі бекер
Қолыңның кірі емес пе
Жусаң кетер
Келдім, кеттім,
демегін тірлігінде
Төрелігін
Уақыт өзі шешер.
Әр жылың
Өте шығар көктемімен
Жастықтың,
Санасып қал өткенімен.

Алтын күз,
Көріліктің басы келер
Сымпиып
Жапыраксыз шөккен емен.
Ақ шашты.
Ақ сақалды көрияның
Берекеті,
жемісі сол жанұяның
Бұдан асқан,
Байлықты іздемегін
Өзі сол,
Сен іздең қазынаның.

ШЫҢБҰЛАҚ

Ашылған бұлағым бар тұнып көптен,
Сұлудың жанарысың нұрын төккен.
Жазира жүргімнің жайлауынан,
Өзің боп құлпырайын гүлің еккен.

Тереңнен қайнап шықкан Шыңбұлағым
Тұнығында сусындал сән құрадым.
Апыр-ай мынау неткен өткінші өмір
Өзінді сағынумен сансырадым.

Сағыныштан жүргім гүлін ашқан,
Әрім тоғай секілді мөрің басқан.
Өзіңнен көріп келем ұлылықты
Мәңгілік «Шыңбұлағым» тірі дастан.

* * *

Өтеді минут ағыны,
Есігін қағып уақыттың.
Күзетемін бағымды,
Татамын дәмін шабыттың.

Жеткізбей ойлар ағыны,
Барады ұшып алысқа.
Мезгілдің жұтар жылымы,
Қалдырып кетер жолына.

* * *

Жүргімнің лұпілін елім тындасан,
Тұнде оянып аспаныңмен сырласам.
Өмірім менің елімменен біргесің,
Ой, қырынды өзің болып жырласам.

Мынау өлем тіл қатады не дейді,
Тіл бітірген өзен, көлін тындаsam.
Адамдардай ән салады билейді,
Құшағында өзің болып сырласам.

Ұлы дала, ұлы көші, керуені,
Ширланған іздері тұр жердегі.
Жазылмайтын таңбаларын салыпты,
Кең даладан іздеңдер көр соны.

Гүл болып көтерілем жеріңнен,
Нөсерлетіп кең өлкеме төгілем.
Дәнегің боп шашылайын мен сенің,
Жер бетіне өмір әкеп себілем?

* * *

Көрдіңдер-ау, қарттарым көрмегенді,
Өз аузыңнан естіген термелерді.
Жан-тәнімен қорғаған кең даланы,
Жақсы-ак еді, солардың өлмегені.

Жамандықтың не керегі,
Не керегі.
Аулымның бұлғанбасын төңірегі.
Болайық немерелі, шәберелі,
Жылы сөз, дертіңізге ем береді.

СҰЛУЛЫҚ

Сұлулардың көзінде тұнған — сұлұлық,
Күншілердің сөзінде қалған — сұлұлық.
Жер өлемде тұнып тұрған — сұлұлық.
Ай мен Күнмен шығып тұрған — сұлұлық.

Ғашықтардың зары, мұны — сұлұлық.
Ақындардың жыры, әні — сұлұлық.
Сұлулардың құт мекені даланы-ұқ.
Бізге сұлу бала берген ананы-ұқ.

АРДАГЕРЛЕР ҮРПАҒЫ

Қатарымнан менде кейін қалам ба,
Атым жеткен жерге шауып барам да
Ақ ниетпен тілейтінім адамға,
Үлкен-кіші,
Ағайындар аман ба.

Ардагерлер ауылымның санлағы,
Данаасындар, шежіресің жырдағы.
Киындықтың бәрін бастан кешірген
Мактанышы, сүйініші,
Ауылымның ардағы.

Айтарым бар ішімде сөз ақтара,
Ерлігінді ел білетін мактана,
Сәлем саған шын жүректен сағына
Ардагері, қадірлісі,
Ауылымның аман ба.

Жарқын жүзді ағайындар кездескен,
Сұттен аппақ ниетімен тілдескен
Ардагердің, мықтылардың үрпағы,
Менің құрбы,
Құрдастарым бірге өскен.

* * *

Етегіне ап әлдилеп тұр тау бұгін,
Ағынды өзен «дарынды елдің, тау ұлын».
Мен мұндалап, «Мұзарт тауы» тұрғандай,
Ақша бұлттан текшеленген жаулығын.

Құшағына ап мейірленген тау ұлын,
Келем іздеп мен солардың ауылын.
Кең далада думан тойын тойлатып,
Әлдилеп ел, тосып алар бауырын,

* * *

Қызығына дүниенің ендің бе,
Макпал тұннің көрпесінен сыр ұғып.
Ояу өлем дүбірге толы үн ұғып,
Жасырынды Ай, ақша бұлтқа тығылып.

Көшеді бұлт таулардан биік ары асып,
Мұз балақ сұнқар қонды шыңға жарасып.
Қарағай-талың сүйеніп тауда өніп тұр,
Сүйеніп тауға жартастар қапты жанасып.

Арқарлы таулар жондарын көкке төсеген,
Мұз көрпесін сай-салага көсеген.
Таулардай биік бабаларым бармысын,
Қолдарынан іштім сарқыт кесемен.

Таулардай биік аналарым бармысын,
Құртының жиған бөліп берер жармысын.
Жаның жарқын көгілдір аспан көгіндей,
«Хан тәнірдей» тұрып қалған таұымсын.

KYPES

Жақсымен жаман күреспенен жетілген,
Қаланып бірі, ал береуі кетілген.
Ал біреу жұр досын жолдан тайдырып
Қызғанышпен құлатады шетінен.

Ал біреуді аяқ асты өсірген,
Қулық, сұмдық, араласқан көшімен.
Өмір қалай тыныш өтер дейсіндер,
Бірін мактап, бірін даттап өшірген.

Жаман десе атасың тас шетінен,
Бәрің мықты секілдісің жетілген
Ең алдымен өзіңе-өзің есеп бер,
Жамандап біреу қалдырса да көшінен.

Ей, адамдар неге тыныш жүрмейміз
Күресеміз, алпарысып тілдейміз.
Кызғанамыз жүректерге шоқ басып,
Әлсіздерді текілейміз, илейміз.

Қарның тоқ, кимің бүтін құдайсың
Жан дүниенде тазартудан жүрдайсың
Бақ пен байлық азап оты емес пе,
Басыңнан бағың тайған күні жылайсың.

Күрессіз адам өмір сүріп өтпеген,
Мұзды ерітіп, ағызады от деген.
Өмір нағыз мұздататын, мұз таулар,
Жылуы күннің бойына әлі жетпеген.

Екі адам, екі түрлі сактаған,
Екеуі де өзін-өзі мактаған.
Екеуі де ой, шұнқырын өмірдің,
Жолын тауып жөн емес пе аттаған.

Өмір күрес, азапен баққа таласқан,
Жасыл әлем түр алдында жол ашқан.
Онсыз өмір гүлденіп дамып өспейді
Үстімізден қарап түр ғой тірі аспан.

Алмас қылыш, семсерісің арымның,
Әр бір сөзім бомбы болып жарылғын.
Елім-жерім арқалатшы бар жүгін,
Арымайтын ұзын жолда Нарымын.

1992 ж. Алматы.

АЙТАРЫМ БАР

Жамандығым жоқ менің қасыма да,
Айтарым көп кәріне, жасына да...
Төрленіздер төріме төрленіздер,
Қарамандар ақ мандай шашыма да.

Айтарым бар, бәріне айтарым бар,
Мезгілінде гүлденіп, жайқалындар.
Уағында өспеген гүл өледі,
Өсіретін гүлдерге жай табындар.

Айтарым бар, бәріне айтарым бар,
Гүлдей өсіп, көкте де жайқалындар.
Әлем ортақ, жер ортақ бәрімізге,
Аманатты аманатпен қайтарындар.

ҚУАНЫШ

Жетпіс жыл тәгілген мандай терімнің,
Төлінде болдым, өсіріп малын елімнің,
Алдым қару өтінде болдым өлімнің
Жолаттай жауын шебінде болдым жерімнің,

Менің мынау аз ба, азабым көрмеген,
Тендікті мынау, онайлықпен бермеген.
Егеменді ел болдық деп қуандық,
Көретін күнге келдік-ау міне өлмеген.

Күтетін ұміт, алдымызда баратын,
Жана өмір өз жолы бар салатын.
Куаныштан танды күтіп аламын,
Әр бір үйдің өз оты бар жағатын.

1994-ж. май

КҮНШІЛДЕР

Күнде-күнде, қалаймын кірпіш құлшынып,
Болар ма екен серпілер күнім тыншығып.
Мазасыз жұмыс, тынымсыз ойлар жетелеп,
Қарсы алдыннан келе жатыр күн шығып.

Жығылсам достан, құресем қайта ұмтылып,
Намыс пен жігер кеудемде жатыр жұлқынып.
От пен жалын ортасында жүрсем де,
Имеймін басты озбырларға құлсынып.

Қорланған талай, жасыған шағым жаншылып.
Болаттай балқып, қасындан шығам аршылып.
Жағаластым күншілдердің өзімен.
Шындықтың ыстық таңбасындаі басылып.

Өшіре алмас шындықтың жанған отымын,
Күншілдердің алдында занғар шоқымын.
Көре алмастың қара тілін, қақ жарып,
Әділдіктің тағында биік отырмын.

Күншілдер ғана өздерін жұндей тұтеді,
Өсекпен қалай, оңалып ісің бітеді.
— Ей, адамдар ойланып алға қарандар,
Сендерден үрпақ қамкорлықты құтеді.

ТҮС

Елім-ай үні естілер кен даладан,
Мен бір жан үн тынладым заманадан.
Сенбесен құлағынды тосып көргін,
Зар мұны өткендердің аңыраған.

Қасқыры туған жердің ұлыйды көп,
Жат елдің қаракшысы ториды кеп.
Тазғара, құмай-құзғын кетті қаптап,
Түсімді жақсылыққа жорыймын кеп.

Білгіш көп, бәлгер-баксы саумалаған
Құдайдың күнәкарь, ол бір надан.

Сау басын қайyrшы қып қаптап жүрген,
Ниеті адамдардың қандай жаман.

Тұнде емес, күндіз жүріп тұс көремін,
Қайырсыз байдың істеп іскерлігін,
Істетіп ап, «ақша жоқ» деп қашқақтайды,
Өзіннен доныз айбат тұс көремін.

МЕН...

Мен қорқамын,
Мен — мендерден...
Өзі құдай өзгелерден
Мойныңда жынның
Шынжыры жүр,
Адамның кейпінде
Өзгермеген.
Күнәнің бәрін жасар
Біз көрмеген.
Осындей:
Мықтылар бар
Момындарды көзге ілмеген.

ӨЛЕҢ

Шағаласы шуылдаған,
Көл де айтады өлеңін.
Гуілдейді дауыл тұрып,
Жел де айтады өлеңін.

Анырайды ағынды өзен
Ол да айтады өлеңін.
Елін, жерін сағынып.
Ел де айтады өлеңін.
Кем кетігін толтырып
Ақын айттар өлеңін.
Шөл далаға нөсерлеп,
Бұлт та айттар өлеңін.

ЖЫЛАТПА

«Мықтымын» деп тұрарсың,
Сен де бір күн құларсың.
Біреуді бүгін жылатсан
Мың күн өзің жыларсың
Басыңа түссе үғарсың.

Тегін жиған дүниен,
Сумен аққан сенмен тен.
Ақ-қараны көрмеген,
Екі көзің көрмен тен,
Өлмestей болып жүрерсің.

Көрге бір күн кірерсің,
Көр азабын көрерсің.
Ақысын жеме момынның
Болдым-толдым демегін
Бермейді байлық көмегін,
Бір күні сен де сөнерсің.

ШОПАН

Әупілдек пен жапалақ ұшар зуылдал,
Ауылдың иті үреді тұнде шуылдал.
Қасқырдың үнін естіген итте зәре жок,
Таласып иттер жататын шетте ырылдал.

Даланың сәні еніп тұр малмен қаптаған,
Сарқұйік шөбін, бетегесін таптаған,
Даланың жайын, шырынын білген қойлы ауыл
Күзетіп малын тұндерде тыныш жатпаған.

БАРАДЫ БҰЛАҚ КҮЛІП...

Тіл бітірген құракқа сыбырлатып,
Тың құйқасын даланың шымырлатып.
Жағасында мен тұрмын бал бұлақтың,
Мәлдіріне сусындал, сырды ұнатып.

Сыбдырынды сағындым құлақ түріп,
Ойымды толқыныңмен лақтырып.
Өзіңмен толқының боп аунап бірге,
Ағады бұлақ күліп, бұлақ күліп...

Ағады бұлақ күліп, бұлақ күліп
Шомылдырып еркелетер сылап тұрып.
Тіл-көзден сактағай деп тілеп келем
Кір-қоқсықтан тазарта бер жырақ қылып.

БАҚША

Ауламда мен бақ пен бақша өсірем,
Күн мен тұнді тәтті оймен кешірем.
Саябақта самал жұтып, салқындал,
Жасыл нұрын жүрегіме көшірем.

Көнілім қалай қуаныштан жұзбесін,
Сырларымды мәуе бақтан іздесін.
Адамдардан тілейтінім жемісін,
Кім болса да менсіз оны ұзбесін.

АҚ, ПАН АЙЫ

Үйсіннің берем сәлем бабасына,
Қоныс тепкен «Қызыл өнір» даласына.
Шекесіне ақ қалпағын баса киген,
«Хантөнірім» отыр қарап баласына.

Өзіңнен өніп-өсіп жарадым да,
Үйсіннің баласы бол тараудым да.
Әлемге аты әйгілі «Тәңір» шыңы,
Күн бидің үрпактары жүр осында.

Екі ағайынды Ақ, Панды аныз еткен,
Адасып ақ боранда ажал жеткен.
Ат тауына жете алмай екі боздак,
«Екі ағайынды Ақпан» деп тарап кеткен.

* * *

Әр дәуірде,
Өзіндік бұрылыш бар.
Қорған мола,
Төбелер мен құрылыштар.
Үзіліс бар,
Тұзіліс бар,
Ұсыныстар
Әр дәуірдің
Кезіндегі құлшыныстар.
Әмірдің,
Ағындағып жатыр,
Әр ғасырда,
Көтерілген толқыныстар
Әкелген,
Жаңалығын өзіменен,
Жуып, шайып әкетер ағыныс бар.

ҚАРЛЫҚ

Қар үстіне қар жамылған,
Қарлы таудан екенмін
Кереге тастар керілген
Малта таспен өрілген
Ақша бұлттар асылған,
Биіктірден екенмін.

Керіп қойған кер даланды,
Көріп өскен мекенім
Ту қарағай, тұрып өскен
Аспантаудың етегін.
Ақшағала қар жамылған
«Қарлық» елі екенмін.

Тауда өскен — Албаным
Су аңғарлы — Суаным
Далаңда өскен — Дулатым
«Аси» болып аталған
Күн билерден тарапып
Бәйдібек биден бата алған.

Жарықшактан тарапам
Шежірең бар әр алуан.
Қордай, Жұлдыз, Тұрпанды
Мекен еткен бұл Албан.
Қарлық елі екенмін
Жетісу менің мекенім.

* * *

Ел жердің — қорғаны
Батыр елдің — қорғаны
Ерсіз ел жетім
Елсіз жер жетім.
Сұлу елдің — еркесі,
Батыр елдің — серкесі.
Көсеусіз от жетім
Көсемсіз ел — жетім.

ҒАСЫРЛАР

Іздеп жүрмін бір жаңалық далаңнан,
Сансыз жылдың жаңғырығы санамнан.
Өзі түгіл, ізін таптай өткеннің
Сұрап келем, сұрап келем адамнан.

Сұрап келем білетіннің бәрінен,
Көрген көпті білімдіден, кәріден.
Ұнсіз дала шежіресін сақтаған,
Біз білмейтін жатыр сыры әріден.

Белгісі-ғой, ана-жердің құтырған,
Кеудесіне тау орнығып, мұз тұрған.

Дұрсілдейді, ана-жердің жүрегі,
Көз жасы бар көлдерінде сыр тұнған.

Мен жоғымды тауларыңнан қарадым
Тау мен дала болыпты менің тұрағым
Қан мен терге бөккен талай топырақ,
Өзінменен көгеріп жанды шырағым.

Алыптар мен дюлардың мекені,
Солар жайлы аңыздармен ертегі.
Қолмен ұстап көрдім соның сүйегін
Кешегісі заманымның ертеңі.

Ұлы дала, отты аралдың таулары
Көшкен елдің жүгіндей боп тұр әлі
Жаңалықтың жаңалығын ашатын,
Болашақтың ақ мандай шыны туады.

ОТЫЗЫМДЫ САҒЫНДЫМ

О, менің күндестерім, сырластарым,
Тағдыры бір, емшектес құрдастарым
Отызым жайлы келеді із тастағым,
Сендер жайлы қызықты іс бастадым.

Отыз деген шың асу білетінім,
Қыран құстай көп еken іletіnіm.
Көрем-білем деуменен мына өмірде,
Ай-күн санап өткізіп тұр екенмін.

Бар, жоқты білмеген отызымнан,
Көгеріп көктеді ағашым отырғызған.
Өмір-өзен, ағытылған ағынымен,
Кеткен өтіл жастығымды сағындым мен.

Тауды бұзып, тас жарып қопаратын,
Өзен бөгеп, арнасынан қотаратын.

Мұқалмаған отыздың қара күші-ай,
«Алысқа жақын жер» деп апаратын.

«Отыз» деген қайнаған қара қазан,
Әр кім күнделеп айтады жарапазан.
Ақ-карасын қақ жарып келе жатқан,
Көрсететін ой-шұңқырын мына заман.

Білемін отызымның оралмасын,
Көрген күннің сағымы жоғалмасын.
Уақыттың ұлы көшін аялдатпай,
Жастығымның ұзатып жүрмін басын.

АҚҚАЙНАР

Тұнығына шомылып тас қаладым
Аққайнарым өмірде мактанарым.
Қағанағын қақ жарып келді өмірге
Аман болшы ертеңгі ат байларым.

Сүйіншілеп белдеуге ат байладым
Тайрандал шықшы алдымнан Ақтайлағым.
Өзен болып теңізге құйылатын
Бұлақ болып басталған Аққайнарым.

Мен өмірдің өзінен шуақ табам,
Аққайнарым өзіңнен қуат алам.
Бір жаңалық өзіңнен туда қалса,
Жас баладай алдарында құлап қалам.

* * *

Бір жаңалық ашты десе Қазағым
Ұмытады қындықтың азабын.
Бір мықтысы өлді десе Қазағым
Шеттен шығар боздап тұрған азалың.

Бір жүйрігі келді десе бәйгіден,
Ауыл болып қуанатын Қазағым

Бір сәбиді келді десе өмірге
Ат шаптырып той қылатын Қазағым.

Бір туысы келді десе алыстан
Ақтарылып барын тосар қазағым.
Бір ак сөзге намыстанып қарысқан
Сөз қадірін түсінетін Қазағым.

ЕСІНДЕ БОЛСЫН

Ұмытпа өмір өлшемін,
Болдым-толдым десе кім?
Бағып-қағып өсірген.
Арқасы өке-шешенің.

Адам болар баланың
Жақсыдан досы табылар,
Есіне алшы осыны,
Жаманға жаман қосылар.

ТҮРАР РЫСҚҰЛОВ

*(100 жылдығында Талгар газетінде жарияланды.
1994 ж. 21 мамыр)*

Әшпес өмір — Күнім бар,
Мәңгі солмас гүлім бар
Әшпес өмір жолында
Тұрар сынды ерім бар.

Әшпес өмір жолында,
Түлеген өнір, жерім бар,
Әшпес өмір жолында,
Қазақ атты елім бар.

Неліктен Тұрар алыска,
Телміре ұзак қарайды.

Кең пейілді, ақ мандай.
Көріп өсті талайды.

Кеудесінде жалын бар,
Өмір шоғын қалайды.
Бала жастан бұл Тұрар
Көріп өсті талайды.

Елім айтар шындықты,
Кеудемдегі сырды ұқшы.
Көмейге келген төгіліп,
Айтылатын жырды ұқшы.

Айтпасыма қоймайды
Жүректен жырым төгіліп.
Қабырғам бырт-бырт сөгіліп,
Көзім жасқа көміліп.

Семсерін жырдың қолға алып,
Үйімнен шығам толғанып,
Алуан-алуан не түрлі,
Шешендерден сөз қалып.

Көсемдерден із қалып,
Ер Тұрардың өмірі.
Тұрмеде өсті,
Қандалаға таланып.

Қанын сорған бүрге де,
Жоқтық қолын байлады.
Заманы болған айлалы,

Сондықтан да Тұрардың
Қазандай қаны қайнады.

Шет елге де айдалды
Өмірі талай өзгерді
Талайларды көз көрді.

Ташкентте оқып бұл Тұрар,
Откізді талай кездерді.
Ленинмен кездесті,
Жаксыларды, жайсанды,
Өз отанын өз халқын,
Жүргімен сүйген-ді.
Халқын сондай сыйлады,
Басшысы болып елінің.

Мықтыларын жинады,
Алатаудың қыраны,
Халқымыздың жыр-әні,
Болып тұрдың сол кезде
Ауыздан түспей ұраны.

Сталиннің он қолы,
«Шыңхыс ханы Қазақтың
Сен боласың Тұрары»...
Талайларды меселін,
Сөзбен орап қайтарған.
Ақылшысы, шешені,
Даннішпаны Қазақтың.

Алды-артын байқаған,
Егеменді ел болдық.
Оны әлем көріп тұр
Табиғаты Талғардың
Гүл-гүл жайнап, еміп тұр
Жұз жылдығы Тұрардың,
Биыл міне толып тұр.

Ақындарда тілегін,
Өлеңменен төгіп тұр
Тұрардайын ұлына,
Бұкіл Қазақ сеніп тұр
Талғарыма сондықтан,
Жиылып елім келіп тұр.

Бір көшеге өдемі
Тұрар атын беріп тұр.
Қашалған тастан мұсінін,
Елі — жұртың көріп тұр.

Ауданым бүгін дүрілдеп,
Жұз жылдық тойын жасап тұр.
Рысқұловтың атына
Колхоз, мектеп болып тұр
Алма бағың жайқалып,
Жемістерін тәгіп тұр.

Алатауың қасқайып,
Құшағына елін алып тұр.
Сөнбейтін шамын көгінен
Күн шырағын жағып тұр.

Тұрар өткен өзенім,
Талғарымда ағып тұр.
Болашағы елімнің,
Өзендері Тұрардың
Есігін білім қағып тұр
Сондықтан да қеудемнен
Жыр дауылы соғып тұр.

* * *

Көгілдір аспан көк бояуын,
Көлге тәгіп кеткен бе?
Жаз жайып жасыл шекпенін,
Жерге жауып кеткен бе?

Зеңгір аспан көк шатыр,
Қауышып көлмен кеткен бе?
Қастерлеп сені Алатау?
Көз саламын өткенге.

Уақыт мені есейтті-ау,
Шығамын деп көк белге.
Адастырып бір күн кетеді-ау,
Арқалап ұміт бұл пенде.

АЛЛА

Тудың, өлдің,
Екі ортасы шын өмір.
Екі ортадан:
Не білдің, не көрдің?..
Шықты күнің,
Батты күнің,
Жанды-өшті шырағың.
Тәнің топырак,
Жаның нұр
Топырақ мәңгі тұрағың
Тірлігінде тыптырап
Жоқтан тауып құрадың.
Аз өмірің,
Тілегімен тірегі,
Алданып жүріп құладын...

Әлемді АЛЛА жаратты
Пендеge мұхтаж емес-ті.
Сансыз жұлдыз, жер-көкті
Тозаң етті,
Күн етті.
Тұніне Айды тұнетті
АЛЛА-ның шексіз мекені,
Беріпті бізге тілекті
Сезінетін пендеge,
Кеудене берді жүректі.
Ақыл-ойдың кені етіп
Жұмыр басқа ми етті.
Көрсін,
Білсін деді де,
Жанарыңа нұр екті.

Көгертетін,
Көктейтін
Жер бетіне гүл екті.
Өзі жұрсін,— деді де,
Беріпті бізге аякты
Ұстасын,
Алсын деді де
Сыйлады жұмыр білекті.
Жарассын деп әзілі
Ерге өйелді пар етті.
Дәнекері болсын деп
Екі ортаға бала етті.
Танысын деп
Алдарыңа жол ашты.
АЛЛА-ның заңы — Құраны
Патшасы әлемнің
Пенденің болды қол асты
Еңбегімен көгертіп
Сәулетті үйлер, жаңартты
Адам жердің бөлшегі,
Санаулы күнің өлшеулі.
Жаннатың да, тозағың
Тірлігінде, көресің
Жер үстінде азабың.

Өлім үшін асықпа
Өліден тірі мың артық
Адам мен адам қағыспа,
Еңбекпен тапқан мал артық.

Адам — жерде мәңгілік,
Тұрактайтын тұрағы
Жер үстін де **АЛЛА**-ның
Алатын сенен сұрағы.
Киямет қайым болғанда
Дауылмен жерді түзейді,
Жердің бетін су басқанда
Тіршілік суда жүзбейді

Сілкініп, әлем жұлқынып,
Қазаны жердің қайнайды.
Тіршілік біткен жойылып
Аспан мен теңіз ойнайды.

Келеді жаңа тіршілік
Көненің оты өшкенмен
Шығады судан құрлық,
Сұрамас,
Көмек ешкімнен.

ӨСКЕН ӨҢІР

Кезеңіне Аласаның шыққан кезде,
Аңғары Көртогайдың түсер көзге
Құшағына шатқалдың құлағандай
Корқыныш жүрегіңе келер лезде

Үш мың метір шатқалға еніп барып,
Ақсайдың жазығына көтеріліп.
Көсіліп ақ даласы көз алдында
Бағаналы биік таулар тұрған алып.

Кенсу мен Үшмеркінің көк аспаны,
Бірінен-бірі биік тұр аскары.
Жалғасып Жайдакбұлак, Қулық тауға
«Жылы сай», «Ұзынбұлак» жарасқаны.

Қулықтың биігінен бұлт көшкен,
Қапталында қарағай лықсып өскен.
Салаланып сай-сала құлдыраған,
Иіліп жас келіндей жаңа түскен.

Қайқының шыға келдім кезеңіне
Тұр таулар тізбектеліп көгенінде,
Құшағын шалқайта ашып жатқан дала,
Ақшоқы, Жалмандының өзегінде.

Мыңжылқы, Құрқарқара, Сарықөлім,
«Сарт-асу», Қызылқия, Үйгентасым,
Қабанды, Тақиялы, Шұбарталым,
Шалкөде, Сарыжаз беннен, Іле басым.

Тізбектеп айта берсем таусылар ма,
Сағыныштың әк бұлағы, сарқылар ма.
Қонайдың көшесінде Қонай тұрған,
Айтылар бар өсиет арттағыға.

Кегенім көтеріліп көгінде өсем,
Сағыныш өртейді ішті елім десем.
Құшағын шалқайта ашып жатқан далан,
Өзің бол қара өлеңнің белін шешем.

АМАНДАСУ

Армысың мен көрмеген алтын мен жez,
Күтпеген жиын топқа болыппын кез.
— Ассалау мәғалайкум ақсақалдар,
Сарқылмас тірілерден қалады көз.

— Алтының сынығындей асыл тегім,
— Ойбай-ау, мынау менің Алтынбегім.
Нұрмұхан, Жолсейіт, Байболменен,
Карсы алды жайып құшақ қайран елім.

— Жиылған жерде сені өнгімелеп,
Естідік ел аузынан жақсы тілек.
Кешегі өзің көрген кариялар,
Отырмыз қатарымыз кеткен сиреп.

Отыз бір жыл Кегенде болдым бірак,
Он жеті жыл ауылдан жүрдім жырак.
Талайлар өшіп, талайлар жакқан шырак,
Мен жайлы білетіндер қойған сұрак.

Көтерді төбесіне кәрі-жасы,
Сағыныштан сорғалап көзден жасы,
Босатбай құшағынан қамалап ап,
Айтылды жақсы тілек сөздің басы.

Білетіндер мен жайлы сұрастырған,
Әңгімелер әр түрлі құрастырған.
«Баласын көрді-ау, Конайдың» деп
Үйінмен көшөң қалды мирас қылған.

Жасы да, кәрісі де ортаға алған,
Әңгіме басталды сөз саумалаған
Жамал мен Сарқыт апа, Тұрахандар,
Бастаған әйел тобы келді маған.

Құшақтасып бәрімен амандастым,
Бірі шеше, бірі әкпе, қарындасым
Әділбай, Жапсарбай мен Отарбайлар,
Сұлтанәлі көрінбеді замандастым.

Жанбағыс әр тарапқа барғанменен,
Өмір шіркін сүйреген арманменен.
Не деген құшақтарың ыстық елім,
Жылынар ниетінен тоңған жерім.

Елі ыстық, жері де ыстық дана халқым,
Бауырмашыл, ұйырімшыл дара салтың.
Өзінде есейіпті бала шағым
Өзінен бастамалыпты болашағым.

Бірі ілгері бірі кейін туған елім,
Тай, құлышында, жарысқан құрбыларым.
Қатпатұбек, Қараштың сазын талай,
Жуасымен шалғынын шаптым шөбін.

Бәукешім жүруші еді салып қармақ
Кегеннің өзенінен балық аулап.
Шөладыр, Ақтасты мен Құмтөкейдің
Сарытау, Арасанды өстім шарлап.

Абсейіт, Сейітпек пен Серғазылар,
Ахмет пен Ақылбек, Алғазылар,
Манап пен, Тұрар марқұм болып кеткен,
Көрінбеді Нұрпейіс, Ертай атты бауырларым.

Бөлеген, Омар менен Көбегенім,
Тәжібай, Көлбай менен Төлегенім
Шөкен әкпем көзіме көрінбедін,
Жұмабек, Есейменен өрендерім.

Серкебай, Әкіш пенен Ержігітім,
Қасқыrbай, Тұлкібай мен Бөрібайым.
Сұраубай, Әшімбаймен Қорғасбайлар,
Мұхаметғали, Айтакын, Жанысбегім.

Әшіrbек Кегендегі Сауранбегім,
Мұқан аға ерекше асыл тегім.
Әлішер, Іліpbай мен Иманғазы,
Жолдыбай, Жолшы менен Тұғанбайым.

Мырзабек, Бердібек пен Мырзабайым.
Аралап Кегенімде елді көрдім.
Декдалім, Байназаров Ауғанбайым
Кегеннен кеткен көшіп Сауранбайын.

Абділдаев Шепен мен ер Бақасым
Көзімен көрінбеді Әбілхасым
Данышпанов Бексырға, Серкебаев,
Ауданды билеп өскен азаматым.

Ахметжанов Бейсенбай, Жұмаханым
Қалжатбаев Болат пен Байжиенім.
Сәйдуахас, Қанат пен Сансызбайлар,
Ерасыл, Тынышхан, Асқанбайым.

Шойбеков, Дүйсенхожа, Әленім бар,
Бұхабаев Амангелді, Жапсырбайлар.
Нағашым Үрыскелді, Рахмыммен,
Айтхожалар, Есейім, Нұрдәuletім,
Көрінбеді көзіме қайдасындар.

Уақыт өткен шіркін мазамды алып,
Жас үрпакпен өсіпті жаңаланып.
Бірін білсем, ал бірін танымадым
Жампандарап амандасты ортаға алып.

Аман бол елі-жұртым келгенімше,
Ақ жұзінді қайта айналып көргенімше.
Аға-бауыр, қарындас, апаларым,
Немере келіндер мен балаларым.

Өліге иман, тіріге өмір берсін,
АЛЛА-ның құдыретіне сенгеніңе.
Сағыныштан жүрегім жарып ұшып,
Алдарына жарқылдаپ келгенімде.

Қуанам, іні-аға ергеніңе,
Таубә де бір АЛЛА-ның бергеніне.
Қабыл ал сәлемімді елі-жұртым
Разымын Аман-Есенді көргеніме.

* * *

Бастадым сөз төменнен, ілгеріден,
Тез есейіп, өседі адам өзгерумен.
Алдың менен өткенді абайлласақ,
Қысы, жазына келеміз көз көрумен.

Өмір жұмбақ өткенмен келері де,
Күн мен тұннің бар жемісі берері де,
Толғаның, толмағаның осы жолда
Есне түсірерсің өлерінде

Ойлан адам тірі жер бесігінде,
Бармай тұрып өлілердің есігіне
Бірінді-бірің сила деп айтамын,
Өз қолында жақсы-жаман шешімін де.

Тіріде қалмайды адам көрмегені
Арманыңдай шөлдетеді, шөл жердегі,
Аяғын тәй-тәй басқан тіршілігін,
Жер-Ана, өз төсінде тербетеді.

ТАНЫДЫМ

Жерге қарап, өткенімді таныдым,
Тауды көріп, зілзалаңы таныдым,

Жұлдыздарға қарап сырларымды таныдым
Күнге қарап, жанарымды таныдым.

Мұхитты көріп, ойларымды таныдым
Көлдерді көріп, мәлдірлікті таныдым.

Аспанға қарап, шексіздікті таныдым
Адамды көріп, өзімді-өзім таныдым.

Орманды көріп, тіршілікті таныдым
Етіп еңбек, күн көруді таныдым.

* * *

Көгілдір көгім тұр алдымда колденен,
Тұнғиқ терең түбіне жетпес ойға енем...
Сансыз жұлдыз көз алдымда сырлы әлем,
Құшағында шырағың болып мен келем.

Көгілдір әлем қарайды маған көп көзben,
Көк көрпесін көк жібекпен көмкерген.
Қарайды аспан көп көзбенен үңіліп,
Көк қазандай жатыр көлің төңкерген.

МАНСҰРДЫҢ ТӨБЕСІ

Көртоғайдың қабағын жатқан алып,
Абайласаң бұл төбеге көзің салып.
Батырдың нағыз өзі ме деп қаламын,
Такырлап тастаған ба шашын алып.

Біреуден сөз, біреуден төбе қалып,
Келеміз шын тарихты жерден танып,
Әңгіме ел ішінде сақталады,
Тұрады өткенінді еске салып.

«Үйсін» деп көп төбені үйген жерге
Төбеден, тәбе қалып келген бізге.
Жай ғана тәбе орнатып кеткен емес,
Өшпейтін ел ішінде белгімізге.

* * *

Менің де кезегім бар жанатын бір,
Күніменен бар қуатым алатын нұр.
Сарқылмас қайнарынан сусындаймын
Әлемнің кендігіне қағатын жыр.

Тасимын өзенің боп ағытылған,
Арқауынмын болашаққа тартылған.
Елім-жерім сендерге берейін су,
Кең далана Алатаумын арытылған.

* * *

Шетте жүріп бал ішсем –
У ішкенмен бірдеймін.
Елде жүріп су ішсем,
Бүрімді жарып гүлдеймін.

Шетте жүріп гүлдесем
Шөлге шыққан гүлдеймін.
Елімді ойлад жеткенше,
Туған жер аңсап шөлдеймін.

Жат жерде шықсам биікке,
Қыста қаткан мұздаймын.
О, халқым сені көргенде,
Куаныштан жарыла жаздаймын.

НҰРЛЫ КӨКТЕМ

Үміт отым қайта менің қозданды
Жалғастырды арманыммен арманды.
Өне бойым тітіркенер бейне бір,
Откен соның есіме алсам жалғанды.

Тоқтатқанбыз жаугершілік тонауды,
Артқа тастанап қайырышылық қанауды.
Қазағымның арқасында мен солай,
Желбіретем біктерден жалауды.

Дүниенің шуағынан нәр алып.
Кетті қазақ жер әлемге таралып
Қазағымның арқасында өмірге,
Жаңа заман қайта туды жаралып.
Жаңа Заман Жаңаруды бастады.
Халқымыздың көбейе берсін достары
Кездессе де қыншылық өмірде
Корқып сірә елім менің саспады,

Сондықтан да қындықты көп көрді,
Жекешелену дәуірлерін өткерді.
Дана халқым дара жолын тандаған,
Өшпейтұғын сара жолын сап берді.
Тайсалмастан қындықтан өтті алып
Егемендік басымызды жетті анық,
Шуақ болып тараламын әлемге
Атақ-данқы шығар алға топ жарып.

Бар ұлысты өзіме туыс етем,
Сондықтан да отанымда жұмыс етем.
Құлазыған шөлдерге жан бітірем
Қазынасын байлығын ырыс етем.

Қазақ болып алдыма қарайласам
Ата дейді жас үрпақ бала-шағам
Табындырам аспанды, жер табиғатын.
Кең өлкем де Қазақ болып келе жатам.

20/VI-1993.

IV-бөлім

(Поэмалар мен дастандар)



ТҰЛПАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ

(баллада)

1

Өткізіп тұнді,
Ашамын үйдің тұңғлігін,
Келеді шығып,
Шуағын төгіп нұрлы күн.
Кешегі құрбым
Сайраған бақта бұлбұлым
Кешегі жүйрік,
Астыма мінген дүлдүлім
Екеуінен артық,
Дүниеде не қызық
Қасында жүрсем,
Ойнап құліп құрбымның.

2

Атымды сипап,
Қасымда тұрсаң сұлуым.
Есімнен кетпес,
Назданып құлген қылығын.
Аттандырып тұрып,
Тілеген жаксы тілегің
Қолыңдан ұстап,
Жүргегінің сездім жылуын.
Қимаймын мен,
Маңлайындан,
Жалбырап тұрган тұлымын.
Ат үстін де өскен,

Жылқылы ауылдың ұлымын.
Қымызын ішіп,
Қызығын көрген қызының.

3

Жанарың шамдай,
Құлакта даусың шырылдал,
Көргенде құлам
Тұратынмын құлындал.
Қасап хананың
Алдына қайдан келгенсің
Жан дүнием менің
Тұршігіп кетті шымырлап.
Жүрегім — құлам,
Жарылатындағы тызылдал.

4

Сұлуын мақтап,
Жүйрігін мінген ұланың
Ауыздан тұспей,
Бәйгіден келген құланым.
Жүйрікпен сұлу,
Қадірдің бүгін кеткен бе?..
Ашқөздердің,
Қолында тұрды пырағым.
— Аяндар,— деп,
Жалындымда сұрадым
Тұсін мейлі тұсін бе,
Корлыққа үнсіз шыдадым
Жанарыңнан тамшы мөлтілдеп,
Өлімінді күтіп жыладың.

5

Жаутандаған,
Жұлдыздай жарқ жанарың,
Қыл үстінде,
Қылпылдал тұрды ажалың.

Құлама менің
Жан қайғы
Алдын да тұрдың,
«Қасапхана» аты тажалдың
Қасиетті,
Малы қазақтың
Болған ба қасап тұрағың.

ШИРАКТЫҢ ЕРЛІГІ
(486—512 Біздің дәуірге дейін)

1

Дари бір ашкөзденіп іріленді,
Сақ жерін, алам жаулап бар әлемді.
Есепсіз менің мынау өскерімді,
Массагат, Ассылықтар білгін деді.

Аттанып қалың қолмен келе жатыр,
Массагат хабар алып апыр-топыр.
Ерін — құл, әйелдерін — күң етемін,
Тудырам сақ еліне заман ақыр.

Білген соң парсылардың қалың қолын,
Массагат қалай тоспасын оның жолын.
Күш жинап, он аталық тайпалардан,
Күні-түні жинастырыды онын-солын.

Ат шаптырып беріне берді хабар,
Калмасын жинап қолын келсін олар.
Исседон, Аrimасып, Сармат, Каспий,
Дай, Аби, Комар, Аскатактар.

Сақ елінің өскерінен он есе көп,
Парсылықтар аттанды жолын түзеп.
Даридың сансыз қолы келеді өріп
Жайхунның ұлан асыр жерін кернеп.

Аз өскер көпке қалай тенеледі,
Ер жүрек массагаттың көбі өледі.

Аз өліп парсылықтар жауладап алса
Парсылар көп олжаға кенеледі.

Массагат тайпасынан Ширак батыр,
Жон ердің от басынан жалғыз ұлы.
Бір өзін мыңға балап шығыпты ақыр,
Қалқан боп жау алдынан жалғыз өзі.

—Жан балам елің үшін жан садақа,
Жалғыз адам адасып жол таба ма.
Елің мен артта қалған жерінді ойла
Өзіңше таптың ойлап қандай айла.

—Жан әке, елім үшін жаным құрбан,
Қалдыра көрме бөгет бол осы жолдан.
Даридың көп қолымен соғысуға,
Бір жеті, кетті күнім даярланған.

Жалғыз адам көпке қалқан бола ала ма,
Әртөнген өртті жалғыз тоса алама
Өзінді-өзін босқа өлімге айдал,
Бұл ісінді халықың хош алама.

Бұл жаудың жалғыз барып, жолын тосам,
Әрт болып өртке қарсы дабыл қағам.
Әртөнген тақыр жерге от жүрмейді,
Әртке қарсы өрт болып жалын қосам.

2

Кернейлетіп екі жақ соғыс бастап,
Шегінбеді сақ сарбазы елін тастап.
Жұз елу мың Даридың қалың қолы
Тегеурінді күшпенен жатыр таптап.

Отыз мың сақ, сарбазы қалқан болып,
Койды алға казылған ор, арқан керіп.
Айламен Парсыларды шаңға көмген,
Жер қапқан, жер қызықтың, орын көріп.

Аз сарбазы массагаттың жасымаған,
Өнерін көріп Дари сайystардан.
Күтпеген он-солыннан қаптаған қол,
Шошытып жер жараплық дауыстардан.

Құрсанып темір қалқан, дуылғамен,
Қарсы алды садақ оғы қарша жауған.
Он-солында шапқылап сақ сарбазы,
Даридың қалың қолын шаңға малған.

Осынау қырғын-соғыс есін алды,
Семсерлерін екі жақ қаңға малды.
Даридың қалың қолы қорғанымен,
Күн батып, тұңғе айнала аман қалды.

3

Келеді Массагаттың көсеміне,
Ел бидің шешімі мен есебіне.
Ширактың ақыл, ойын мақыл көріп
Алдында жазалады көш елінде.

Көсемі Массагатың қаһарланып,
Ширықты ел алдында жазаға алыш...
Өліден бері, тіріден ары болды,
Сатқын деп зынданға қамауға алыш.

Бар еді сүйген қызы Тұмар деген,
Осы жаз үйленуге сөзін берген.
Ширактың сатқындығын естіген ел,
Таусылды Ассилықтан төзім деген.

Ұстапты жағаларын білгендері,
Дұшпаны бар табалап күлгендері.
Абес күн, Инжу өзен, Тәнір тауы,
Жайғунның жағалауы жүрген жері.

Тұн жарым аттанатын кезі келді,
Зынданнан шығарып сап сөзін бөлді.
Зынданға күзетшінің өзін қамап,
Тұзеді атқа мініп, жолын енді.

Ұрып жығып күзетшісін кетті қамап,
Сырдария, Амудың сұы тасып.
Жан шошыр денесінің жарасынан
Көргенде Парсылықтар қуанысып.

Ширакті естіген ел сатқын деді,
«Тірідей ұстап өкел, талқын» – деді.
Бұл оқиға елден-елге желдей есіп,
Біреуден-біреу естіп тартқылады.

—Массагат билердің қорлығынан,
Құтқар мені, солардың зорлығынан.
Келдім қашып сендерге бас сауғалап,
Көп әскер жатыр алда жол торыған.

Парсылар Ширак ерге қалай сенбес,
Денесінде тамтық жоқ, келген өлмес.
Іздеген жоғы жерден табылған сон,
Айтқанына сөзінің қалай кенбес.

Аlam кек Массагаттің тайпасынан,
Женіске жетем соғыс шайқасынан.
Жанары жалын шашқан осы жанның
Үшқындал жанады сөз байқасынан.

Парсының қол басшысы былай деді,
—Сактарға жол көрсетіп барсан деді.
Өзінді көп олжаға кенелтемін,
Берем сый, көтергенше алсан – деді.

— Күтпеген жерден жауға жеткіземін,
Массагаттың ту сыртына өткіземін.
Кегімді мен жауымнан алмай тынбас,
Сендерге жол көрсетерлік шешімдемін.

Он бес күнде сақ еліне жеткіземін
Елу мың түменінді аман-есен,
Ойламаған қызыл құмді кешіп жүріп
Ту сыртынан жауыңың өткіземін.

Ер Ширак, қызыл құмды бетке алады,
Бетінді шарпып құмы, от жанады.
Адастырып Парсыларды шөл далада
Күйіп жанған көрсетті өрт даланы.

Әртеніп қапырықтан жатқан құмы,
Жай көзге бір дерқамдық жоқ ой құны,
Сағым қуып көк теніздей шақырады,
Тұншықтырып булықтыраң қара тұні,

Қырық құндік көлденегі құм даланың
Он бес күн жолын жүрді бұл араның.
Су таусылып, ыстықтан кепкен әлем,
Талай көлік шөлден өлді бейшараның.

Асығып парсылар да тақымдайды,
Бес құндік жолымыз бар жақын қалды.
Тезірек жылдамдата жүрейік деп,
Күш беріп Парсыларды шақырады.

Басшысы Құмар мырза сенбегендей,
— Алдап бізді келесің деп сөзге көнбей.
Ширакқа қайта-қайта тап береді,
Қылышын қаһарланып сермегендей.

— Жіберген тыңшысынан сұрап білді,
— Сатқын, — деп Массагаттың шулады елі.
Қалайша елі мұны жақтамайды,
Ширакпен тыңшы сөзі тұра келді.

Сақ елін тапсырмамен араладым
Елінен қорлық көрген жарагы адам.
Біздерге таптырмайтын жол бастаушы,
Қалайша тақсыр мұны мазаладың.

Құмары қол басшысы күдіктеніп,
Ширактың дәл қасына жетті барып.
Ызғырланып көзінен оты жанып,
Қанша жер қалды, — деді қаһарланып.

—Үш күндік қалды жолың жеткіземін,
Жеткізбесем басымды кескіземін.
Массагаттың идіріп он тайпасын,
Ел тағдырын алдында шешкіземін.

Парсылық сабасына қайта түсіп,
Үш күндік жол азабын бастаң кешіп.
Көп өскері, көліктері қызыл құмда
Шөлден өліп тірілері тұр күрмеліп.

Су бітіп, мал мен өскер жеткен жері,
Күн ысып, құм қуырып, кепкен тери.
Үш күніне уәделі келді жетіп,
Құрысын мына құмның өткелдері.

Әскері де, малы да қалжырады
Кім келіп бұл арадан хал сұрайды.
Көліктері болдырап құнге құйген.
Қызыл құмның жонында қансырады.

—Үш күнің уәделі жетті бүгін,
Үш тұнің, өтіп қайта шықты күнің.
Бұл құмның шегін-шетін көре алмадым.
Түсіріндер түйелерге артқан жұгін.

Азсындың ба алатын олжаңызды,
Мына құмда өлтірмей корға бізді.
Бойыңмен бірдей алтын, құміс берем,
Мінгізем елден тандап жорғанызды.

Ширак — ер тартып езу, құліп алды,
«Артында жиyrма күндік күнің қалды.
Ұшқан құс, жүгірген аң тірі өтпейді
Мінесіз ол дүниеде жорғанызды».

Қырық күндік көлденені мына құмның,
Массагаттан алатын барма құның.
Бұл құмнан бірің тірі шықпайсындар,
Осымен аяқтасар елу мыңың.

— Садака елім үшін, менің жаным,
Жараланып, адастырып келген жауын.
Өлтір мені кескіле алдыңдамын,
Кұтқарған елін жаудан бір ұлымын.

Құмар сонда күйіп-жанып тұтеп тұрды,
Мына Сак алдап бізге қақпан құрды.
Ақылды, көріпкелдің бәрі пасық,
Бола алмадың жиылып, Ширак құрылы.

5

Ер Ширак елін қорғап тапқан өлім
Қорған боп, қорғап қалды тұған елін.
Парсыларды шөл-күмға бастап келіп
Мәңгілікке жамылып қалған құмын.

Ұялды Ширак жайлы өсегінен,
Келіскен алдын ала көсемімен.
Бұл сыры Қызылқұмда шешім тауып,
Естіген ояныпты төсегінен.

Дауылға жайып бетін жуғызыпты,
Бұп-бұйра тау-тау құмын тұрғызыпты.
Әр жерден үкілеген сексеулден,
Таратып жас орманын туғызыпты.

Шештің, сен тауып жолын жұмбағынды,
Ер Ширак адастырған жауларынды.
Жат елге жерім жұмбак болса дағы
Қасиеттеп келеді Қызылқұмды.

Қорғады он аталық Ассыйлықты,
Парсылардың Ер Ширак туын жықты.
Жон ұлы арыстандай айға шапқан,
Ерліктің тұлғасы бол қалған мықты.

ЖЕР

I

АЛЛА — Жерді жаратқан,
Алдынан тіршілік таңы атқан.
Адам-Ата мен Хая-Ана,
Мақпуздан танып тіл қатқан.

АЛЛА-дан басқа АЛЛА-жок,
Мұхаммед АЛЛА елшісін.
Шайтан тілін алған жок,
Адамға берді жерді шын.

Адам-Ата, хау-Ана,
Адамнан адам таралды.
Көгеріп, көктеп Жер-Ана,
Дәнегін беріп тұрады.

Жер дейміз-ау, жер дейміз,
Жерде туып, жер жейміз.
Өніп-өсіп гүлдейміз,
Қасиетін жердің білмейміз.

Жерден түзеп тұрмысты
Дауасын дерптің емдейміз
Жерден тауып рызық,
Әдемі сарай жөндейміз.

Жерді жөнсіз тергейміз,
Құпиясын жердің білмейміз.
Жерден рызық жейтіндер,
Жейтіндерді жейтін-жер.

Жерді жұндей тұтеміз,
Жерден үміт күтеміз.
Куыс қурай пенделер.
Дүниеге тоймай өтеміз.

Жерде туып көбейер,
Өлгенде малың сойылар,
Тоймаған қөзің тойынар,
Өлігің жерге қойылар.

Жер тірінің несібі
Кос жанарың әлем есігі.
Аспан мен адам жалғасқан,
Миынның миллиард тесігі.

II

Танымасаң танып көр,
Керегінді меннен алыш көр.
Көгінде жанған жұлдыздай,
Шырағынды күндей жағып көр.

Өз тұрағым төсегім,
Аты-жөнім мекенім
Тоғызының үшімін...
Жермін,
үлкен кішімін.

Бар әлемге ой салған,
Мені айым айналған
Бір жылында бір рет,
Мен де күнді айналам.

Ақың бар меннен алатын,
Құпя� бар адам білмейтін.
Жұлдыз-күн, сөнбейтін,
Серігі жердің өлмейтін.

Топыракпын тозаңмын,
Қандырар шөлді суыңмын.
Ішімде от, сыртым нұр,
Жаратқанның құлымын.

АЛЛА – жерді жаратқан,
Жаратқанның бірімін.
Тірілерді өлген сон,
Тірілтетін ұлыңның...

Ақиҳат аспан бірлігін,
Сансыз әлем тірлігін.
Біліндер Адам, біліндер
Орап тұр, Арсы тұнлігін.

Ойлансан Адам атыңмен,
Күннің сиы нұрымын.
Біліндер Адам, біліндер
Арсы, Күрсі, үйіңмін.

Ақыл-оімен сананың,
Жиынтығы миыңмын.
Күн, ай, адам, жұлдыздың,
Мен де сондай бірімін.

— Ей, Адамдар жаралған,
Меннен сендер нәр алған.
Орман, тоғай, шөбін бар,
Милюалы жеміс сан алуан.

Менде өзіндей тірімін,
Тіріледдің үйімін.
Қадірле жерді, қорлама
Өзіңнің де, өзгенің де сиымын.

Жан-жануар мекендең,
Бастарына бақ қонған.
Бұлттар көлден су алып
Далаларға аттанған.

Құрылыштың, жомарттың,
Сабыр сактап жатырмын.

Таулар тегін тұрған жоқ,
Ішімді кернеп жатыр мұн...

Мен тірілердің өзімін,
Беретін рызық анамын.
Күрсініп кейде жөтелем
Сілкініп тауды көтерем.

Жер астының қозымын,
Балқыма ішім балқыған.
Тұрғызам таулар тербетіп,
Тербелістің өзімін.

Қартайған шеккен анамын,
Жер астының қозымын.
Алтай, Жонғар, Гималай,
Памир, Тянь-шань, Альпымын.

Жақындап көр қасыма,
Жарамды көр де шошыма.
Шытынап сынған сан бөлек
Атпа тастар астында.

Мықтылығын танытқан,
Кеудесіне шың артқан.
Шың басына мұз артқан
Эльбурс бойын ұзартқан.

Тау үстінде тауыңмын,
Хан тәнірі мұзартпын.
Бетімде дәуір ізі бар,
Ұңғыл-шұңғыл, сайыңмын.

III

Ойпатпын егін салатын,
Жазықтан төмен болатын.
Сауанасын самсатып,
Аңмен құсқа толатын.

Қыратын, үстірт, жотамын,
Тау құмдарын төсеген.
Төсін де жердің көсемін,
Дауылмен бірге көшемін.

Менің, өзім даламын,
Берекеме менің қарағын.
Керегінді қалаған,
Алақаныңа саламын.

Шұнғалмын терең сай,
Мисипипи, Көртоғай,
Темілдірік, Бартоғай,
Шарын атты, Сартоғай.

Тынық мұхит суларында,
Үнді мұхит құздарында.
Атлантика құшағында,
Антарктика мұздарында.

Көкжал толқын жарысканда,
Бұлттар көкпен алысканда.
Сансыз арал шашылғанда.
Шағала шулап басылғанда.

Толқындар жағалауға асылғанда,
Тенізге, жұлдыз шашылғанда,
Жердің тында, жүрегін сонда
Алдында тірілер бас ұрғанда,

Ғаламат Нұхтың кемесінде
Ғасырлар өткен ел есінде.

Көтеріліп жерді су басқанда
Өліммен өмір күрескенде.

Теніздің терең құшағында,
Ғаламат судың гүл бағында,
Жан-жануар орманын да,
Жюль Вернь көрген тауларында.

Өзен мен көлдерінде,
Су астының белдерінде.
Су патшасы Сүлейменнің,
Густо көрген елдерінде,

Біз білмейтін жерлерін де,
Теніздермен көлдерін де.
Таңғажайып тамсандырар
Елдің қайсар ерлерін де.

Су астының даласында,
Теніз жұтқан қаласында.
Судың сұлу періштесін,
Адамдар ізден жүр осында.

Арал көлі, Балқашым да,
Байқал, Каспий түр қасымда.
Берерім көп болашаққа
Інжу, маржан әр тасында.

Мен өзенмін арындаған,
Еділ менен Жайықпын.
Сырдария, Амурмын,
Өркендеумен дамумын.

Амазонка, Зайрмын,
Тигр менен Эфрат,
Янцизі мен Хуанқымын,
Үнді менен Гангімін.

Енесей мен Дунаймын,
Ніл өзені, Ертіспін.
Құм даға жұтқан Тарыммын,
Өмірдің көзі нәрімін.

IV

Жеті қаттан тұрамын,
Балқыма ішім балқыған.
Қайнаған байлық бойымда
Адамдар алып шалқыған

Тас, су, ауа, азонмын,
Ми-миланған әлемнен.
Жер болып тұлғам жааралған,
Байлығым мол сан алуан.

О, ақиқат АЛЛА – жаратқан
Тірілерден ірімін.
Сансыз шексіз күрсінін,
Көрінбес көзге бірімін...

Үнсіз тұрып дем алам,
Жұлдыздар менің құрдасым.
Өз орнында мен дағы,
Өздеріндегі мұнданам.

Меннен рызық жейтіндер,
Тірілерді жейтін-жер.
Туып өстің көбейіп
Болдым, толдым дейсіндер.

Қаһарлансан қамықсам,
Тауды суға батырам.
Судың орнын шөл етем
Шөлдің орнын көл етем.

Дауылымды үрлесем,
Қамырдай бәрін илетем,
Тербетемін толқытам,
Адам мен жер боп билесем.

Көміп суға малтытам,
Тенізде еркін шолпытам,
Тастан найза сұырам,
Тіршілікті түгел қуырам.

Ми қазанда қайнатам,
Көтеріп тауды ойнатам
Ілмесен мені көзге егер,
Ақырғы заман тудырам.

Бетімді жоққа бұрғызам,
Төсімді көкке үрғызам,
Дүниені қайта туғызам,
Жанар таулар тұрғызам.

Қөріндер тауды қөріндер,
Құшіме менің сеніндер.
Әткенің заңдар таңбасын
Менен танып біліндер.

Керегін адам жаратып,
Терімді жүрсің тескілеп.
Кенімді алдың кескілеп,
Мұнайымды сордың үскілеп.

Саздан илеп жан еткен,
Бар АЛЛА – бізді жаратқан.
Әлемдегі сансыз тозаңмын,
Топырақпын,
Таспын, мұз артқан.

Ғарышқа қара жер жұмбақ,
Тірілер үшін ұжымак

Шешімін таппай жер іздең
Адамдар көкке құзырлы-ақ.

Ақиқат әлем шындығын,
Көтеріп алды жер жүгін.
Танысан жерді егер де,
Қамқорлыққа ал бүгін.

Оятқан менен санасын,
Адамдар нағыз данасын,
Қорлама мені қорлама
Тірілердің- анасын.

Өнер-ғылым өперген,
Бақ пен дәулет көтерген.
Сабырлымын, жомартпын,
Сілкініп қана жөтелген.

Сүйегімді мұжып кемірген,
Адамдар жүр семірген.
Ойландар келер үрпакты
Отесің бе шалқып өмірден.

Дүние тірлік тыраулап,
Жер үстінде жүр аунап.
Көз салып көр маған да
Есіне алғын жыр арнап.

V

Адамға қоям сұракты,
Ағаштарым неге қуарды?
Бұлактарым неге суалды?
Көкалдарым қайда жоғалды?

Ормандарым неге тоналды?
Әртөніп бәрі жоғалды.

Аяусыз қырдың аң-құстү,
Ойламадың обалды.

Аралдың сұзы тартылды,
Көтеріліп көктен тұз жауды.
Кемелер қалды қайрандап
Шардараға салды құрсауды.

Каспий неге тоналды?..
Талапайға салды мұнайды.
Итбалығың қырылып,
Тербеліп Каспий мұнайды.

Құлазыған даланы
Көтеріліп шаң басты.
Тұтін басып қаланы,
Жұтамыз газ бен ауаны

Келімсектер жүр тайрандап
Байлығын жердің алады,
Қазынаң бітер, қайран қап...
Артында далаң қалады.

VI

Адамға бар айтарым,
Азып-тозып барамын.
Жасай көрме өзіне,
Өлімнің сойқан ажалын.

Адамға бар айтарым,
Бомбысын жарма ажалдын.
Аяй көр ана-баланды,
Қақпанын құрма тажалдын.

Білесіндер ме дертімді,
Тау мен шұңғал бетімді.

Сансыз жамау төсімде
Тұтатып жүрсін өртінді.

Ластап жүрміз ортаны,
Жыртқыш та сенен қорқады.
(Заманның жауы қорқауы,
Апанын тастап жортады).

Адамнан адам бол туғандар,
Адамды адамша қорғайды.
Адамнан туған жыртқыштар,
Адамды аңша аулайды...

Соғыстан тауып азығын,
Жазықсыз елді таптаған.
Орнатып ажал қаруын,
Бомбасын АҚШ-сақтаған.

Жер бетін басып келеді,
Тажалды жерге көмгелі
Ауған, Ирак, Иорданын,
Отты ошақ етіп үрледі.

Ойыншық етті адамды
Аналарды қорлады.
Отқа түсіп өртенген,
Ана менен баланы.

Тіршілікті жоятын,
Жинағын жоқтың азығын.
Орнатып жердің бетіне,
Өлімнің қактың қазығын.

НАТО-ға бар айтарым,
Тарқатылар арқауын.
Ойланбасаң қолыңнан,
Үзіліп түсер арқаның.

Тіршіліктің хас жауы,
Жердің құлар нар тауы.
Естисің әлі сан апат,
Дүбірге толы жер шары.

Өздерін мықты санайтын,
Ортейтін де тонайтын.
Өр көкірек содырлар,
Өлімнің шоғын қалайтын.

Жаулап алған елінің,
Жер байлығын талайтын.
Аттанып келіп мұқиттан,
Соғыстың өртін жағатын.

Істеме ісін наданның,
Өнерін ізде заманның.
Тендігін қорға әлемнің
Қарғысын алма Анаңын.

VII

Мезгілсіз шашың ағарып,
Дауасыз дертің таралып.
Адамнан-адам тоналып,
Шипалы шөpte жоғалып.

Адамдар, алдын білген бе?
Ажалы жердің келгенде,
Дүниесін түгел ұмытып
Байлық іздең жүргенде,

Өледі бір күн алып Жер,
Ойына соны салып көр,
Дүниені түгел су басып
Су астында қалар Жер.

Ақырғы күні келгенде,
Көктен күнің сөнгенде.
Жердегі тірлік өлгенде
Қараңғы түнге енгенде.

Ай да, жұлдыз, Күнің-де
Мәңгі көкте тұрмайды.
Менің титтәй қеудемде,
Дөңгеленіп Жер шулайды.

Адамның көңілі ағарып,
Білімің өссін жаңарып.
Суретің жүрсін өн салып,
Құшағынан қарсы алып

Жаңалықпен өлем молығып.
Өсерсің жылдар толығып.
Ғарышпенен күрсінің,
Ұрпағы жүрсін жолығып.

Құмырска үшін жер алып,
Жерден де үлкен бар алып.
Адамдарда сондай құмырска,
Жерде жүрсін жаралып...

VIII

Коқсықпен қеудем тозбасын,
Жөнімен адам тойласын.
Тірлігімді қолдайтын,
Жанашыр жандар қайдасын.

Ақылдың кеніне бойлағын,
Мені де адам ойлағын.
Тірлігімді қолдайтын,
Еліңе сөзді байлағын.

Таныстырдым өзімді,
Жеткізейін деп көзінді.
Тыншымайтын Жеріңмін
Мен туралы айт сөзінді.

Аналықпен мұнымды,
Айтып бердім зарымды.
Аянбадым барымды
Мен туралы айт жырынды.

Аянбадым өзімді,
Менен жейсің нанынды.
Менен жидың сәнінді
Мен туралы айт әнінді.

Үлкенінді-кішінді
Сынай берме күшінді.
Кеудемде жүрген тозаңсың
Мен туралы айт ісінді.

Ақыл-оймен көз берген,
Менің титтәй бөлшегім,
Меннен өсер дәнегін,
Өзінді Жермен өлшегін.

IX

Корғаның сенің панаң да,
Қамқоршы жалғыз анаң да.
Орман мен аң-құсын қорғандар,
Жер бетіндегі тілерім осы адамға.

27.IV.2003. Талгар.

ҮШ КЫЗ

(Халық аңызы)

I

Ақ көніл, өзіне бәрін бауыр дескен,
Қолы ашық, жолы ашық, далада өскен.
Далабай, дала жомарт атальп жүр,
Жомарттың, жомарттығын аныз еткен.

Аш-жалаңаш қалса да арымаған,
Жомарттығы, ашықтығы дарын оған.
Дастарқаның кен жаяр қонағына
Үйіп-төгіп алдына барын салған.

Жасы келген алпыстың біреуіне,
Ұл көрмепті, қызы бар тілеуіне.
Жалғыз қызын медеу қып келді көптен,
Орын тауып ұзатса күйеуіне.

Қам көніл Әке жайын ойлап өскен,
Ақылы сай өзіне бойлап пішкен.
Ұлы да осы, қызы да осы гүлдей жайнап,
Ұясында бой жетті кіндік кескен.

Текті болып, текті ата бабасынан
Алды тәлім Гүлжаһан анасынан.
Жомарт әке Далабай қуанады.
Ақылды қыз, сабырлы ол басынан.

Пендесіне бір АЛЛА — берген дарын,
Тіршілікте тірілер жағар шамын.
Ақ пейіл, өзі жомарт Дарабайдан,
Кім болжапты алдағы келер таңын.

Қыз болған соң тазалап үйің ішін,
Еңбегімен сүйінтер ердің күшін.
Аныз болған еліне ажар көркі,
Дүбірлеткен Данагүл, елі-жүртін.

Ерекше Dana сұлу дара туған,
АЛЛА-ның сүйген құлы жаратылған.
Ұл орнында ұлындаи болғаннан соң
Далабай күткен үміт баласынан.

Он бестен он алтыға толған кезі,
Құланның жанарындаи жанған кезі.
Сөз қозғап ойыныздан тудырар ой,
Мейірінді қандырар айтқан сөзі.

Жібектей үлбіреген қолаң шашы,
Орактай қызып тұр қиған қасы.
Мас болып жас аруды көргендердің,
Көңілінің домалады өрге тасы.

Далабай малы да жок, бағы да жок,
Ел қатарлы үйі бар, қарыны ток.
Өз қолында болмаса да халық берген,
Ақ ниеті, жомарттығы жағады шок.

Аямаған елінен Жомарттығы,
Атағын,abyroйын ұзартты оны,
Қол жетпейтін осы бір биіктігі
Емес пе ел алдында мұзарт шыны.

Аңыз болып таралған Данагұлге,
Айтылар сұлулыққа баға мұлде.
Елден-ел естіген соң таралыпты,
Сарыарқаның кендігіндей құба түзге.

Естіген соң Данагұлдің даналығын,
Ауқаттылар қалай тыныш қалар бүгін.
Жан-жактан қалындықты таңдау үшін
Мырзалар мініпті атқа арта жүгін.

Данагұлді көргенде тәніп түскен,
Саудагер Қасым атты жігіт екен.
Әзі бойдак отыздар шамасында,
Алмадан кім құр қалар күзде піскен.

Сөзге тоқтап қыз әкесі, шешесі де,
Қалың малын аямады келісті де.
Далабайды бірақ күнде бай жасады,
Айдап келіп төрт тұлікті берісті де.

Күзде келіп, орын әкеп алмақ болды,
Қасым мырза аттанды түзеп жолды.
Көңілі шат уәделі күзде келер
Жар салып төнірекке жасар тойды.

Ертесінде Байтөре мырза келді,
Далабайға күйеу бала болам деді.
Алдына қалың малды асыра айдап,
Төрт тұлігі қорасында қала берді.

— Болмайды, — деп Далабай қарыспады,
Қалың малды, кости малға табыстады.
Байтөре күзде орын әкелем деп
Байлығы Қасымнан да қалыспады.

Үшінші күн саудагер Ерен келді,
Асыл жібек, мәуіті мұнан көрді.
Далабай мұнан асқан бай болмас деп,
Күзде тойын жасаймын деп қала берді.

II

Ақ көніл, жомарттығы, қимастығы,
Тақады құламаға силастығы.
Данагұлді саудалап үш мырзаға,
Дау-жанжалдың тақалды жауластығы.

Арада өтті күндер ара салып,
Малын жомарт кедейге бере салып.
Оң-солына Далабай шаша берген,
Несиеге кетіпті әркім алып.

Сұрағандар қызығын көрер енді,
Қалмапты мал қорада берерге енді.

Уақыт зымыраған барады өтіп,
Күйеу-жегжат келетін кезі келді.

Ақылды Данагұлі әкесіне,
Жеткенін білді даудың жетесіне.
— Үш күйеу балаң келер жақын күнде,
Кызынды үшке бөліп бересің бе?

— Деді қыз екі көзін жасқа шылап,
Жағада еркін өскен мен бір құрак.
Әкесінің кетті өмірін өксітіп бір
Ертең келер күйеулерге тапсан тұрак.

Бір қызын үш мырзаға саудалаған,
Үш кеменің жібін ұстар тал қармаған.
Әкемнің әзіз басын қорлатқанша
Өлсемші кен далада ел бармаған.

Бір басымды саудалапты үшеуіне,
Үшеуінің тартысына түсем мен де.
Қалың малын таратып біткен әкем
Бір АЛЛА -ның салғанына қөнемін-де.

— Жан балам сорлы басым арым таза,
Разымын бір АЛЛА берсе жаза,
Көңілін қалдырмапын дос пен қастың
Мен дайынмын кел седе маған қаза.

— Жан әке сізге қояр талабым бар,
Оқушым бұл сөзімнің мәнін анғар.
Үш жерге үш отау ғып үйінді тік,
Әр қайсына лайықты табамын жар.

Бір есек, бір итті әкеп маған бергін,
Кызығын бұл оқиғаның сонан көргін.
Дал боларсың өз қызынды тани алмай,
Үш күйеуің кеткен соң сонына ергін.

III

Данагұлдің айтқанын орындағы,
Жасалар қалындықтың ырымдары.
Атадан балаларға жалғасатын
Кіслік пен кішіліктің жыры, нәрі.

IV

Бір есек, бір итпен қатарласып,
Отыр қызы солармен өзілдесіп.
Ақ отауын үш жерге тігіп қойды
Қарсы алды сүйгендерін есік ашып.

Әкесі орындаған қыздың сөзін,
Толтырды жасау-жабдық үйдің бөзін.
Киіндіріп үш қызын өзірлеген,
Алтын-күміс, әкелді мыс пен жезін.

Жомарттың кетті сонда көнлі тасып,
Есігін отаулардың көріпті ашып.
Өз қызын ажырата алмай есек, иттен,
Бұл не сиқыр біле алмады жігін аршып.

Әкесі мұны көріп қайран қалды,
Бұл не сиқыр болған деп естен танды.
Айтқанын Данагұлдің екі еткізбей,
Қызы үшін аянбады қолда барды.

Далабайдың үш жұмбақ қызын білген,
Ұлан-асыр жасайды той орын келген.
Бұл Жомарттың жомарттығын білген елге,
Аныз етіп таратыпты көзі көрген...

Y

Үш күйеу, үш жерде отырып дауласады.
Қызғаныш өртеп ішін жауласады.
Жомарттың қызы жалғыз деп естіген соң
Қайсының шығар жоққа болашағы.



Бірінен-бірі асады араланып,
Суық қабак танытады сөзін бағып.
“Бұл қызды сен алмайсың, мен алам” – деп
Жүзінен шығады кек ызғарланып...

Үш жаққа тартып үшеу келіспеген,
Өліспей бір-біріне беріспеген.
Байлығын бір-бірінен асырыпты,
Мықтысы шығар озып женіспенен.

Алакөз қырғи қабак сөз атады,
Әнгімесін үшеу ара ұзартады.
Дауы да, қызғанышы Данагұлі,
Әр қайсысы ауыр-ауыр ой артады.

Бақ пен байлық өз ара сайсында,
Тәкаппарлық, мен-мендік қайсыснда.
Сұлудың аты сұлу болары анық,
Жүйріктен, жүйрік озар жарысында.

Жиылып сай-саладан келді қалық,
Ұлы жиын бұл тойдың соңын бағып.
Той десе домалапты қу бастағы,
Өзінің тамашалар жөнін тауып.

Үш күйеуді, үш отауға алып барған,
Үш қыздың өң түсіне болып қайран,
Бойы, көркі, өнінен тани алмай,
Қалыңдығын көргендер естен танған.

Үш бажаны ала көз айыпты еткен,
Нендей сиқыр дау-дамайды шайып кеткен.
Бір-бірінен бажалар қатты ұялды,
Үш ару араларын тәрік еткен.

Үш жігіт бір-біріне қарасады,
Қайсы сұлу, қайсының алашағы.
Қасымға көзін қадап Данагұлі,
Әр қайсы тауып жарын жарасады.

Әр қайсы алды қолға тигендерін,
Өмірлік махаббаты сүйгендерін.
Өң тұсі бойларында айрма жок,
Адам, есек, ит туралы білген бе елім.

YII

Жақсы, жаман түрінен болмас парық,
Жаман мінез адамды етер ғарып.
Оқушым әңгімемді абылап көр,
Адамдарша жүр қатар араласып.

Ата-Анасы ұзатты Данагұлін,
Сағындырды бес жылы бала күнін.
Адам, есек, итінен ажыратар,
Жақсы мінез, жақсы сөз, ара жігін.

Адам қайсы, ит қайсы, есегіне,
Токтадым осы дерптің кеселіне.
Білсе еken оқушым сөздің паркын
Мінез жайлы жаздым мен үшеуінде.

Сағынышы әр жылдың сағымы ескен,
Сар даланың төсінде елім көшкен.
Адамды адамдарға жақындарар
Жақсы мінез, жақсы сөз, өзілдескен.

Қыз әкесі осыны ойлап аттанады,
Адамның мінез құхы бақ талабы.
Жан дүниенде баурап алар сұлу ойлар,
Еріксіз қыз алдына ап барады.

Әкесі қызын тауып амандасты,
— Аманбысың қызым, деп саламдасты.
— Қайдан көрдім қаңғыбас мына шалды,
— Деп, қызы беттен алып үйге қашты...

Қызының сөзі қатты білмеген соң,
Әкесі өлді жер боп кірмеген соң.

Еш нәрсе білмегендей сыңай беріп,
Қызына болды қонақ төрлеген сон.

Бір күн тұнеп алдағы танды күтті,
Күйеу баласын шақырып алдырыпты.
— Қызым қалай балам-ау — деді атасы.
Бір АЛЛА-қолдай көр, — деп әруақты.

— Қызынның бір міnezі бар беттен алар,
Ел алдында іс-істейді көніл қалар.
Ағайын-туысымнан ажыратып,
Дос-жараным ала алмас менен хабар.

— О, балам бұл сүйекке біткен таңба,
Сал ақылға, ашуынды таразыла.
Ақымақтың ақылы кеш кіреді
Ақылдылар жетелеп салар жолға.

Қыз әкесі қоштасып шықты жолға
Сәті түсіп келеді ісі онға.
Жақсы міnez көнілді өсіретін,
Жаман міnez мандайға бітер сорға.

Жолға шыққан жолаушы болар пақыр,
Екінші қызын іздең келе жатыр.
Ұзак жол жүргеннен соң жолығыпты
Алдында ақшағала ауылға ақыр.

Қыз әкесі аттанып қызын тапты
— Балам-ау, деген кезде жалт қарапты.
— Атың бүгін жетті ме, деп сырт айналып,
Борталандап үйге кіріп бара жатты.

Қалай өзі бұл қызым қырын қабак,
Келмей жатып көрсетті сиын бір-ак.
Тетір кетіп, оңына қайта айналар,
Бас асауың өзіне болыпты бақ.

Бір күн тұнеп атасы баласына,
— Қызым қалай, — деп сұрады тым асыға.
— Бір сөз айтсам, жалт етіп алакашар
Осы қылығы өзіне жарасама.

Осы қылығы болмаса қызыныздын,
Берекесі, қызыры, үйіміздің.
Істесе еңбегі бар тау құлатар
— Жок, — деп алып тындырар үйдің ісін.

Бар екен бас асауы ала қашқан,
Екеу ара түсіністік жақындастан.
Қайта айналып онына тез келеді,
Істелер іс айналып онға басқан.

— Е, балам, бұл сүйекке біткен танба,
Ақылға сал, сабырлықпен таразыла.
Айтқандарың онға келер қайта айналып,
Қайта айналып өзіңмен жүрер жолда.

Қыз әкесі аттанып қызын тапты,
Балам-ау, деген кездे көнілін ашты.
Жомартпенен табысып Данагұлі
Құрметтеп үйіне бара жатты.

Ақылды Данагұлі парасатты,
Ойлайды бүгінін де болашақты.
Сөйлеген сөз қандай мағыналы
Істеген еңбегімен орын тапты.

Қасым мен Данагұлі ақылдасар,
Ертенгі істер, ісі жолын ашар.
Болса да алда қандай қындығы,
Ерінбей еңбектеніп өзі жасар.

Қасымға Данагұлі ұнағандай,
Әзілі жарасып түр құмар қанбай.
Силастық адамдықтың биігінде,
Не керек көрінбесен дараланбай.

Далабай тауып қызын амандығын,
Танытқан барша жұртқа адалдығын.
Әкесі, шешесінің көнілі хош,
Атаға кір түсірмес жамандығын.

Әр адам өз мінезін сынап жатқан,
Үш мінез бар адамда араны ашқан.
Қыз, жігіттің мінезі болса көркем,
Байсалды сабырлықпен жолын тапқан.

Мысал үшін жаздым мен білсөң үғып,
Үш мінезді әр түрлі жүрміз жырғып.
Адамдармен адамша қауышайық,
Өтер жастық, көрілік келер жылжып.

10. IX-2004. Талгар

АЛМАНЫҢ КҮЙІ

(тарихи аңыз)

1

Тасты қашап ою-өрнек қалдырған,
Тастан қалап кора-сарай салдырған.
Тастан сомдап мұсіндерін тұрғызып,
Әтіп кеткен боздақ күйін шертейін.

Тасқа ойыпты өсиетін Тункоктің
Қайғы-мұнын, көз жасын көрдім ананың.
Алмалықпен Алтын кенттей сәулетті,
“Қарахото”, “Көкхотодай” қаланың.

Көкке қарап көк түрігім жүгірген,
Иттерің көп жалықпайтын үруден.
Жүзден жүйрік, мыңдан тұлпар озыпты,
Орны бөлек Күлтегін баба ілуден.

Келер дәурен өтіп кетті құм кешіп,
Басқан ізің қалар артта бірге өшіп,
“Қарахото”, “Көкхотоны” құм басып
“Шығу” қала дәуірлекен күнде өсіп.

Билік етті Іленің зор мықтысы
Төбе биі аты шулы Таң ханы.
Қолын жиып Жетісуда бірігіп
Қаратыпты аузына елін баршаны.

Бәлкім мұны аңыз дерсің ертегі,
Әр кім күйін әр түрлі етіп шертеді.
Осы күйдің бір керемет шындығы,
Менің мұндағы жүрегімді өртеді.

Безілдеп күй домбырадан ағылды,
Кос ішегі сиқырлы қолмен қағылды.
Ботасы өлген боз інгендей боздатып.
Қай-қайдағы зарлы өуендей қозғады.

Кең даладан тұрақ тауып көшеді,
Сай-салада шашылып жүр осы елі.
Құлақ шіркін түрулі тұр аландап
Жайсыз хабар келе ме деп кешегі.

Мына дала тегін тыныш жатпаған,
Ат тұяғы талай төсін таптаған.
Дүбірінен далалардың дүрлігіп,
Әр адымың қайғы-мұн боп аттаған.

Алма бір күй бастап кетті толғанып,
Үкілеген домбырасын қолға алып.
Елең еткен қарт абызда құлақ сап,
Бара жатыр тұла бойы қозданып.

Күмбірлейді домбырадан күй тынбай,
Асау жүрек қалай тұрап жүлқынбай.
Абыз картты бір ой алды шідерлеп
Жамандыққа отыр ойы бара алмай.

Тыпрылайды домбырадан төгіп күй
Жүргінен Алма сұлу беріп си.
Естігеннің құлағына қалды үнің,
Тындастасың еріксізден болып би.

Шошыды абыз мына күйден тарынды,
Жан дүниесі түсіп отқа қарылды
Кең даланың құшағына сия алмай,
Үйіп төктің домбырадан зарынды.

Сексен жаста селкілдейді сақалы,
Не сүмдықты мына күйің тақайды.
“Жас ағашқа, көрі ағаш сүйеніш...”
Дейтін жұрттың қалыпты артта мақалы.

Мына күйден естіліп тұр зар-мұным,
Кыршынынан қылды ма жалғызыым.
Сүмдық хабар естіліп тұр күйінен.
Менің ғана кеткенім жөн үйінен.

— Тарт күйінді,
Алма жаным бұл қандай?..
Жалғыз ұлым манлайымда армандай
Неткен, неткен алдамшы еді бұл өмір,
Жалғызыым өліп құба жонда қалғандай.

Аңыратып, еніретіп, боздатып,
Жан дүниемді кетті күйің қоздатып,
Шоқлыт үйден аңыраған аяzdай,
Шанағынан домбыраңың зарлатып,

— Недейді күй,
Не сүмдыққа ойысып?..
Қарт қабырғам қайғы-мұнға майысып,
Емен едім, қатып қалған қуарып
Құба тұзде қалғаным ба зар жұтып,

Неткен өмір жалғызымы жалмаған,
Жанымды менің мына тағдыр алмаған

Жаным балам, күнім балам өттің бе,
Естіп тұрмын сұмдық хабар Алмажан.

Жылқы, сиыр, қора толы қараң ба,
Бұйырмапты адал малым маған да.
О, тәңірім кімдерге біз жем болдық
Кез болдық па алдамшы азғын адамға.

О, бәйбіше, жақ отынды маздатып,
Қазанынды сақыр-сығыр ойнатып.
Қаннен-қапер отырсың-ау мәз болып
Кең аспандай пейілінді жайнатып.

Иресің үршығынды зырлатып,
Өтті дүние дүркін-дүркін тойлатып.
Бұл дүниенің қызығына тоймадым.
Тұңғиыққа бара жатыр бойлатып.

Екі шерлі, екі егіз боп боздаған,
Қос жанарадан қайғы жасы парлаған.
Екі қарттың ортасында Алмажан
Домбырадан төкті күйді зарлаған.

Өксіді күй, еңіреді, боздады,
Бауыр еті жан ағасын қозғады,
Алма сұлу домбырамен баяндап
Әңгімесін күй арқылы арнады.

2

Көкке қарап көк бөрілер ұлиды.
Кім біледі кең далада бұл үйді.
Жапандағы жалғыз үйді жау шауып,
Жаққан оты өз-өзінен құриды.

Міне сұмдық бәрінен де ызғарлы,
Дана қарттың жүрегі осылай мұздады.

Шошыңды қарт жүргегіне мұң байлап
Терен оймен кетті кезіп құздарды.

Қатал тағдыр момынға білек-білеген,
Ойланды қарт тұйыққа ойын тіреген.
Жоғалтқан гүлін дәл осылай дана карт
Іздейді жоғын даладан мынау жүдеген.

3

Адамдар бар қан ұстап түйінген,
Қара тонын, қара тұнде киінген.
Ес-түсінен айырыла жаздалы тындасты,
Құдыретінен Алмажанның күйінен.

Ағасы өліп жарапанған жүректі,
Ата-анасын жылатпауды тілепті.
Домбырадан төгілді күй аңырап
Абыз қартқа қайғы бұлты түнепті.

Мына жүрек сезіп нені жұлқынды,
Мен ұрладым өрісі толы жылқынды,
Белдеудегі атынды алып кетейін,
Көкірегіме күмбірлеген күй тұнды.

Аңыратып Алма күйін қағады,
Күйге бөлеп ұлан асыр даланы.
Біреуінен біреу кетті үйреніп,
“Үйсін” атты елге осылай тарады.

Жылқыны ұрлап, күйін тартты қаракшы,
Ерлігі оның аңыз болып тарапты.
Қарабаксы кедей болып өтседе,
Өнерімен елді аузына қаратты.

Ку ағашқа тіл бітіріп күй кетті,
Аңыз болып ел жүргегін тербепті,
Жапандағы жалғыз үйді жұлмалап
Ақ шаңытып азынаған күз жетті.

Өтті жылдар, өтті айлар, күн өтті
 Мал жанынан айрылып Абыз жүдепті.
 Бір соққыдан бір соққыға ұрынып,
 “Үйсін таудың” етегіне түнепті.

Ақ сақалы, ақ селеудей бозарып,
 Қос жанары қанталаған қызырып,
 Тіршілікте алпарысып Абыз қарт,
 Өтіп жатты Күн мен Айын ұзартып,

Кемпір мен қарт екеу ара егесті,
 Көз алдында жалғыз ұлы елесті.
 Айтылатын әңгіме де қалған жок
 Кемпірімен бірге отырып кенесті.

Алма қызы ұл бол алды киініп,
 “Хантәнірge” иді басын сиынып,
 Төбесінен алдырды шашын қырынып
 Қыран құстай тұлқі алатын түйініп,

Алма қыздың қеудесінде мұз қалды
 Отken күні сар аяздай ызғарлы.
 Абыз қарттың табамын деп көнілін,
 Бірде өріске, бірде үйіне жүз барды.

Үкілеген домбырасын қолға алып,
 Тартады күй тебіренте толғанып,
 Құдіретінен кететіндей Аспантау
 Жерге симай, тұғырынан қозғалып,

Күлтеген талай кезінде күйші аталған,
 Шешендер талай сөз табалмай мatalған.
 Хандарды талай өткізіпті басынан,
 Қусырып қол алдында талай бата алған.

Жұз онға кеп, ханды бастан өткізген,
 Талайдың қолын биліктеге жеткізген.

Ақылшы болдың, би болдың, хан болдың,
Заманың да жол бастаған Нар болдың.

Жұз оның да көштен қалып зар болдың.
Қосылып бүгін балаларға пар болдың.
Атың кеткен түркілерге аныз боп,
“Корқыт, қорқыт” туған жерге жерлендің.

“Корқыт, қорқыт” балалар үйген моласын,
Алжыған шал мынау не деп сұрасын.
— Ата мынау Құлтегіннің моласы,
— Деп айтады балалар оның турасын.

Өлімнен қашып дүниені кездің бе,
Уайым, қайғы жұз оның да жедің бе?
Атың озып, кеттің кезіп даланы,
“Корқыт, Корқыт” аңызы бекер дейсің бе...

5

Он сегіз жыл аттай желіп өтіпті.
Он сегіз жыл кең дала да көшіпті.
Кеше туған жас сәбілер ер жетіп,
Талай адам дүниеден өтіпті.

Кең далага тарыдай боп шашылған,
Бір-бірінен жау көргендей шошынған.
Талай ру, тайпалары таралып,
Бір өлдіге, бір өлсізі қосылған.

Сан тағдырлар бір-бірімен табысқан.
Кең далада төгіліп қан соғысқан.
Алдаспаны қолдарында жарқылдал
Жаралғандай от пен судан, намыстан.

Талай Абыз ақылға сап елдескен,
Сөзімен де, қолымен де белдескен.
Үйсін, Қаңлы, Дулылардың үрпағы
Жетісудай ұлы дала елде өскен.

Қыпшак, Найман, Қоңыратпен кездескен
Қыз берісіп, қыз алысып тең өскен.
Керей менен Жалайырда кең жайлап
Сайын дала, Сарыарқада ел көшкен.

Міне осылай көшіп жүріп күн өткен,
Елін-жерін келген жаудан күзеткен,
Қарауылға жолға шығып жүр шолып
Талай елші, елдік үшін кеңескен.

Сауық сайран тамашадан қалмаған,
Бір тайпаға кезігіпті Алмажан
Қанша дария кешті бастан мұнды өмір,
Бірін ерте, бірін кеште жалмаған.

Құлтегінді “Корқыт, Корқыт” атаған,
Өтті өмірден аты шулы Қатаған.
Кек түріктің туын көкке көтерген,
Дана қарттың өмірі осылай аталған.

Жылдар бойы сар далада сабылған,
Елдің күйі, жыры болып табылған.
Тағдырымен тағдыры елдің тоғысып,
Жауларының ой-арманы шағылған.

Тәнір бүгін үйсін елін түлеткен,
Тан хан бидің көнілін кім жүдеткен.
Серілер мықты тұлпар мініп сәйкөлек
Елін, жерін кірген жаудан күзеткен.

Үйсін елін қорған етіп сақтаған,
Жон мен Дандай батыр ұлын мактаған.
Ән де, би де, соғыс өнер сайысы,
Тан хан бидің шат көнілін таппаған.

Алтынға орап талай күн би көмілген,
Інжу болып көзден жасың тәгілген.
“Жуан тәбе”, “Корған тәбе”, “Нән тәбе”
“Қызыл ойпат арасанға” жүгірген.

Төбе, төбе “Мықтың үйі” салынды.
Алтын, күміс сәuletке елі малынды.
Арқар, құлжа даланың мол тағысы,
Әшекейлеп қол өнеріне тағылды.

Домбырадан күмбірлейді осы Арман,
Қара қүйші, Карабақсы аталған.
Дәйім жұртты аузына қаратып,
Асау жүрек, асау көніл мatalған.

Ғаламат неткен мынау нендей сиқырлы ұн,
Шанағына домбыраның сиыпсын.
Сансыз адам тұрып қалды анырап
Құдыретіне домбыраның үйип күн.

Тан хан бидін кетті көнілін көтеріп
Сайын дала жатты алдында тек түлеп,
Мұндай сұмдық қүйшілерді кім көрген
Домбырадан төгілді қүй тепкілеп.

Естігендер болды қайран тамсанды
Таң хан бидің көнлі көпті қарсы алды.
Алманың бұл қүйі екенін баяндап,
Қара бақсы жұрт алдында жар салды.

Құдыретіне өнерінің құлады,
Алма сонда тебіренді де жылады.
Малын ұрлап, қүйін шерткен, қүйшінің
Жан дүниесін тебіріне ұғады,

— Экел бері домбыранды, — деді Алма,
Қалың көптің арасынан келді алға.
Қара бақсы тартқан қүйді ерекше,
Озып шығып бара жатты бір жорға.

Қара бақсы тұрып қалды анырап,
Алғашқы қүй естігені тұр жылап.
“Мынау қайдан келген мықты қүйші еді
Білейінші мен өзінен жөн сұрап”.

Алма күйдің үніне елін еріткен,
Жүрегінің мұз тауларын жібіткен.
Қара баксы тұрып қалды сан соғып
Жат жүрегін, дос жүрекке теліткен.

Көп жылқымды барымталап әкеткен,
Ата- анамды қайғы дертпен мерт еткен,
Ұзак жылдар ұрымды іздеп табуға
Алма күйшің мен едім- ғой серт еткен.

— Малыңды ұрлап, жылқыларына ен салдым,
Күйінді ұрлап, ел ішінде ән салдым
Әміріне күштілердің көнемін,
Ардан аттап момындарға қол салдым.

Он сегіз жыл Алма күйін шертемін,
Дәуірлеген заманында Күлтегін.
Қиянатым мынау елге жетерлік,
Ел алдында тарт жазаға өртегін.

Таң хан сонда Алма қызды шақырды,
Өнеріне иланды да бас ұрды.
— Мен ордама алам сені Алма қыз,
Қандай менен тілегің бар ақырғы,

Байлыққа мен мойнымды бүрмадым,
Дүние қоқсық қалар артта жиғаның
Өнерімді ұрласаң да жоғалтпай,
Ел алдында қара баксы силадың.

Қара баксы тұрып қалды аңырап,
Сансыз адам күбірледі жамырап.
Тан хан бидің алдында отыр жүгініп
Екі беті ақ алмадай балбырап.

Үйсін тауым, Сары тауым, Ат тауым,
Жеткізе алмай жатыр күйдің мактауын
Тас ақырдан — Алтын кентке шығуға,
Келіп қалған екен мұнда көп қауым.

Шанағынан домбыраның күй төгіп,
Тан хан бидің салтанатын жыр етіп,
Алманың мен орындаимын тілегін,
Казынадан алтын-күміс си етіп.

Күй осылай аңыз болып тарапты,
Өлмейді екен тіршілікте талапты.
Үйсін елін таңғалдырған Алма қызы
Хан алдында күймен елін қаратты.

ДАЛА АҢЫЗЫ

(өлең- очерк)

Аудандық XXXX - партия конференциясының делегаты, Социалистік Еңбек ері, СССР Мемлекеттік силығының лауреаты, “Қарқара” картоп совхозының атақты шопаны **Жолсейіт Модасановқа** арнаймын. АВТОР. (газетте жарияланды)

I

Еліме
Еселі еңбек етейін деп,
Мен ертен,
Кеңсе жаққа кетейін деп.
Анасымен
Жолсейіт ақылдасты,
Бір отар,
Қойды бағып өтейін деп.
— Қой балам,
Қой бағуға қиналасын,
Ойлау керек
Әр адам айналасын.
Оқы деп,
Ана жаны безектейді
Еңбекке
Баули білген өз баласын.

II

Тұрды да,
Таң алдында төсегінен,
Жаңылған жок,
Ойланған есебінен.
Туралап
Келе жатыр кеңсе жакқа,
Ойынан,
Шықпай жүрген неше күннен.
Ақырын,
Ашты есікті тықылдатып,
Арызын
Жазып келген ашып жатып.
— Деректор,
Маған қой бересің бе,
Фермаға,
Бір отарды макұлдатып.
— Ей, балам,
Мұның қалай болар екен
Қой бағу
Жас балаға бола ма екен,
Өзің жас!
Қарындасын, ананыз бар
Бір үйде
Бар-жоғыныз солақ екен.
— Сеніңіз
Маған жолдас деректорым,
Бір отар
Қойды сізден сұрап тұрмын.
Мал жайын,
Білетін біз Қазақпыз ғой!
Не қын,
Бейнетіне көнетін мен.
— Кінәлі,
Соғыс, балам, болып отыр
Жесір ана,
Жетім бала толып жатыр.

Бәрі де,
Майдан үшін еңбек етіп,
Кәрі-жас
Бәрі еңбекке шығып жатыр.

III

Шөладыр,
Құмтекеймен арасы бір
Күнгейінде
Кең жазығы жарасып тұр.
Иіріп,
Қора-қора актылы қой.
Шопандар
Бір-бірімен жанасып жүр
— Жолсейіт
Қарқараға жас шопан боп,
Бір отар,
Қой алышты бас шопан боп.
Совхоздың
Қойын қырып осы жылы
Жүрмесін,
Бұл шопаның “қас” шопан боп.
Жөкененнің
Белгілінген өрісі бар,
Мынау қыр,
Жазық дала бөрісі бар
Ал мынау,
Кең далаға бағу үшін,
Жайылымды
Таптатпауға келесім бар.
Алдымен
Атын ерттеп тағалады
Із салып
Шоладырды аралады.
Ойланып,
Алда жатқан адырларға.

Өргізіп
Қой өріске бағалады.
Қызығып
Қой сонында жұрген Жөкем.
Қайырып
Отар шетін бүкен-бүкен
Күн батып
Тұн болғанын ескермеді
Ойна,
Алмаған соң ешбір секем.
Құмтекей,
Адырлары белес-белес,
Мал бағу
Бұл арада онай емес.
Шөл дала.
Бір тамшы да ауыз су жок.
“Водовоз”
Шапқылайды беріп елес.
Күз болып,
Қысқа айналып келе жатыр,
Қыстаулар
Жөнделмеген анғал-салдыр.
Шөбі жок
Уағында жиналмаған,
Мал қамын
Қысты ойланып қиналмаған
Фермаға
Айтып болды үйіп-төгіп,
— Отырмыз
Орталыққа саған сеніп,
— Ал, саған,
Бере салар көлік қайда,
Сөзіне,
Бұл арада келсек көніп.
Осы-мен
Сөз доғарылып қалмады ма
Көз салып
Ойланады алдағыға,

Намысы
Канын билеп тұтатады
Тұсіріп,
Барлық істі салмағына.
Өрісте,
Ақтылы кой жатқан өріп,
Корасын
Жөндеп жатыр өзі келіп,
Кайткенде
Шығу керек намысынан,
Өсектен
Қалған көңіл сағы сынып.
Жирен ат
Ақ таяғы тақымында,
Бытыратпай
Бакты койды ақырында.
Бел-белес,
Ойды-қырды аралайды.
Отарлар
Жатыр өріп шақырымда.

IV

Құмтекейдің,
Соқты желі орап тұрып.
Ақ қарын,
Сапырады лактырып.
Шұбар ала
Барыстың терісіндей,
Күнгейіне
Шөл-адырдың сырмак құрып.
Соқты жел
Ақ қарын ала қашып
Ақ көрпесін
Сыпырар даланы аршып
Асау желін
Сағыныл жүрген Жөкен
Ақ боранын

Қарсы алар кеудені ашып.
Қойларды
Ала-шұбар жерге бастап
Жайылымды
Үнемдейді еттеп жасқап,
Көңілі
Үй жақтан да тыншымайды.
Әйткені
Арық қойын үйге тастанап
Қойларын
Реттеп жүр тыным алмай,
Жемін беріп
Алдына шөбін салмай.
Анасы,
Бұл Жекенің ерен адам,
Жүреді
Еш нәрсені көнілге алмай.
Жайрандал
Шаршағанда жаз әкелер,
Баладай,
Әр-бір қойды бір мәпелер.
Дәрілер
Өз қолымен ауырғанын
Өзі барып
Орталықтан дәрі әкелер.

▼

Тұнеріп,
Кен даланы тұман басты.
Долы жел,
Жентек-жентек қарды шашты.
Жұтатын
Жалмауыздай сұрқы қатал
Кусырып
Келе жатты бір албасты.
Суытып
Барған сайын ызғарланып,
Ұшырып

Долы боран жерде қарды.
Әкетіп
Жатыр шөпті жұлмарлап-ап.
Нұрбала
Безек қақты қолға барды ап.
Төсениш,
Киіз барма шөпке жауып
Төнген соң
Мына дүлей малға қауып
Бір қарыс,
Алдан жерді көре алмайсың
Келді
Қын қойдың өзі үйді тауып,
Анасы
Бұрқасында безектеді
Үйдегі
Қойды жалғыз күзеткені.
Құлаған
Коралардың анғал жерін
Керегемен,
Уықпен түзеткені,
Сусылдал
Қарлы боран ыскырады.
Жыландаі
Иреленде ышқынады.
Бес жұз қой
Бірақ уыс жұмарланып
Қайыру
Бермей ешкі пыскырады.
Дәңгеленіп,
Иіріліп, ширатылып.
Біріне,
Бірі ықтап таратылып,
Бір адамға
Қайыру қайдан берсін
Эйтеуір
Кете берді ұзатылып.
Бар қойы,

“Жарөзектен” асып түсті
Көрмеген
Мұндай сұмдық дүлей күшті.
Алдында
Бес жұз қойы, екі жүздей,
Кес-кестеп,
Қойларының алдын тосты.
Таң атты
Күн шығыстан қызыл күрен.
Жұлқынған
Боран да жоқ жүзі жүден.
Тұп-түгел,
Барлық қойы аман-есен.
Келіпті
Дәл бойына мына Кеген.
Басшылар
Дән риза ерлігіне
Жеткізді көзін елдің сеніміне
Бермеді
Малдан шығын осы жылы
Жібермей
Арық-тұрақ өліміне.

IV

Төл алу
Көп жұмыс онай емес.
Тәжірибе,
Жөкеннен алдым кенес.
Үйреткен,
Төл кезінде үйқы көрмей,
Қой ішін
Аралап жүр бәрін тегіс.
Төлшіге
Міндеті бар жүктеп берген
Тілегін,
Талабын сөзін ұғар.
Бақылап
Тұнде жүрсін, күндіз жүрсін.

Төлші жоқ
Жолсейіттің сөзін жығар
Күн болса,
Ызғарланар қатуланып.
Койын да,
Қозысында белгіленген
Жылы жерге
Қозыларын қояды алып.
Койын да,
Қозысын да белгілеген
Белгісімен
Табыстырар бәрін танып.
Мінеки
Алғашқы төл-қозылары
Жұз саулықтан
Жұз оннан қозы бәрі.
Ұялды
Өсек айтқан әріптестер,
Аңыз айтар,
Тірі жүрген көзі бары.
Көктем айы
Қозылары аяқтанды.
Жұн қырқу,
Қой тоғыту таяп қалды.
Ластанған,
Қойдың жүнін Көкке салып,
Еткісі,
Келмейді ертең бетке салық,
Суық тиген
Қозыларын қадағалап
Қой ішін
Таппай тыным жүр аралап.
Дәрісі
Толып жатқан сөмкесінде,
Секілді
Дәрігердей емдеп-домдалап.
Күн ыстық,
Төбемізден өуе айналар

Қозыға
Бұл ыстықтан не пайда бар.
Тұрғызып
Жатып қалған қозыларын
Үргізіп,
Таппай тыным қадағалар.
Қарайды
Төңірекке аспан қандай,
Бір шөкім,
Бұлт болса, бас салғандай,
Қозыға
Суық тиер, қойлар жеріп
Қойларын
Қорасына апарғандай
Ойланып
Талай істі қадағалап,
Сын көзбен
Өткен жылын тұр бағалап,
Қорасын
Қоқсықтан тазартқан соң
Қой шетінде жүр аралап.

VII

Биыл жаз
Қандай жақсы басталғаны,
Осы еді
Ойындағы басты арманы.
Қой бағып
Тыңғылықты қондандырып,
Бос сөздің
Бұл арада тасталмағы.
Жайлауға
Сағынышпен келген күні,
Қарқара
Тұнғыш рет көрген жері,
Бір қара
Қойы түгел дастан болып

Жөкеннің
Алғашқы айтқан өлеңдері,
Қарқара,
Сарықөлдің бұлактары,
Еріксіз,
Жүргімнен жыр актарды.
Көргеннің
Мейірімін қандырасың,
Сыбызы,
Шерткен әнін құрақтары
Өзінің
Көркіменен түрге енеді,
Қарқара
Мың құбылып гүлденеді.
Сағынып
Гүлдерінді теріп жүрмін,
Көнілімді,
Арман қуып жүрген еді.
Қарқара
Мыңжылқы мен Тациялым,
Қабанды,
Таңбалы тас әр қиялым.
Бұгінгі
Куаныштың қақ дабылын
Шырқалсын,
Тербей көкті шалқи әнім.
Әлдилеп,
Шөбін желі тербетеді,
Гүлденген Қарқараның жыр етегі,
Қазбауыр
Бұлт көшіп шындарынан,
Қыранын
Жыл-жыл сайын түлетеді.
Әлдилеп
Жыр тербеткен Жолсейітті,
Бұл күнгі,
Куанышы өрлетеді
Осынау

Ақбас шынды сағынғандай,
Таңбалытас,
Сан басып жылда өтеді.

VIII

Осымен
Айлар өтті, жылдар өтті.
Бойынан
Өшіре алмас жанған өртті.
Үйленіп,
Он сегізінде Ұлтуармен
Жарымен
Әмір жайлы еткен сертті.
Жас келін
Жас жарымен санасады,
Мал бағып,
Әсті өмірінің бала шағы.
Елі қандай,
Жері қандай тамашалы,
Жұп-жұмсақ,
Сипап тұрған таң самалы.
Оятып
Ой сезімін тыптырыштықан,
Алдынан
Шықты арманы аңсағаны
Нұрбала.
Жас келіні – Ұлтуарды,
Көргенді
Ікыласымен тамсандырды.
Шырылдап
Боз торғайлар ауласынан.
Биіктен
Ұшқан сайын ән салдырды.
Ой, тоқтат!
Сенім байла бір өзіне
Жеткізер
Адал еңбек тілегіне.

Өсиеті
Аңсаған Жолсейітке,
Ұялар
Орын тауып жүрегінде.

IX

Жайлаудан
Келді қойын қондандырып,
Биылғы күз
Жолсейітті ойландырып.
Міндетін
Былтырғыдан асыруға.
Бір белес
Тұр алдында толғандырып.
Тынымсыз
Әр нәрсеге көніл бөліп,
Ұлтуар,
Қысылғанда болған серік.
Екеуі
Кейде отырып кенескенде,
Біріне .
Бірі отырар ақыл беріп.
Қынқылы
Ұлтуардың жиіледі,
Достығы
Жолсейіттің білінеді,
Екеуі
Отырғанда оңашада,
Ешнәрсе
Ойында жоқ күліп енді.
Анасы
Жолаушылап кеткен еді.
Арада
Бір талай күн өткен еді
Мынау бір
Қысылған қыын шакта,
Не амал

Ұлтуарға етпек еді.
Бебеуlep
Алғашқы бір бастамасы,
Жалғыз үй
Жапандағы бас панаы.
Совхоздың
Малын тастап кете алмайды,
Біреудің
Мәпелеген жас баласы.
Қағынып
Қаскырлары төніректің,
Шуылдал
Ұлығанда күніренттің.
Тағдырын
Тұсірсе еске Ұлтуардын,
Денесін
Төбе шашын шымырлаттын.
Мандайдан,
Аққан тері жауған нөсер,
Маңайда
Ауыл да жок көмектесер
Жолсейіт
Киналғаниан қысылады,
Бір адам
Табылама кіндік кесер.
Бусанған,
Даладай бол күнірсіген,
Құба тұз
Кең далаға гүлдер өнген.
Қауызын
Жарып тірлік келе жатыр,
Анасын
Босандырып терге көмген.
— Ұлтуар,
Орталыққа барайын мен,
Тірі болса
Дәрігерді табайын мен.
Өмірде

Мұндақ сұмдық көргенім жоқ.
Алысып
Әтсем де мен талайымен.
— Қой жаным,
Не болсада көнесің де,
Басына
Түскен нәубет көресің бе,
Қыруар
Малын тастап өкіметтің
Мен үшін
Босқа күйіп өлесің бе?..
Жолсейіт
Күйіп-жанып үйден шықты,
Апырай,
Ұлтуарым неткен мықты.
Уақытты
Босқа өткізіп алмайын деп,
Ер салып
Жирен атқа тартпа тартты,
Барады
Күйіндатып жиренімен,
Сан бөлек
Ойы қанша күйге енумен.
Апырай,
Болсын аман Ұлтуарым,
Дегендей
Изен-жусан, изелумен.

XI

Бір талай
Өтті уақыт шамасы бар.
Өмірге
Тіршілік біткен таласы бар.
Не керек
Керектісін өміріне,
Емшілер

Сомкесімен ала шығар.
Ұмытып
Емшіні де қасындағы,
Бір ғана
Ұлтуары басындағы.
Ақылшы
Кенесері бір өзінің,
Ғашығы
Жан жолдасы жасындағы,
Келеді
Жүрші-жүрлеп шабысымен,
Өзінің ақ ниеті,
Ақ ісімен.
Әр сағат
Әрбір жылға созылғандай,
Айқасып
Уақыттың жарысымен.

XII

Сәбиін,
Бір жөргекке орап алған,
Ал өзі
Жып-жинақы тұра қалған.
Өзі әлсіз
Болса дағы көніл сергек,
Тыныштық
Орнағандай тына қалған.
Жолсейіт
Тойынбекпен келді жетіп,
Уақыт
Ертеңгілік қалған өтіп.
Куанған
Куаныштың шегі бар ма?
Тұнғышын
Көргенде алғаш көніл өсіп.
— Әй балам!

Жарамайды мынауыныз
Емшілер
Қарау біздің хұқығымыз
Құлназаров
Тойынбек сөзін нақтап
Не үшін
Мезгілінде көрінбедің,
Бұл соңғы,
Болсын сізге сұрағымыз.

XIII

Және бір
Келді көктем салатын ой,
Бусанып
Жердегі қар селдетті ғой,
Жомарт дала,
Перзенті оянатын,
Қорада шу
Төлдеді қой.
Осы кез
Әңгіме бір қысқарады,
Алғашқы
Ұрықтанған қой ұсталады.
Аңыз ғып
Жолсейітке келген төлші,
Білгіш деп
Жүрген жоқ па басқалары,
— Ұста деп,
— Ана қойды,
— Мына қойды.
Күтімге
Сол қойларын, ала қойды.
Қойлары,
Түгел төлдер қорасында,
Қозысын
Өз еркімен ала қойды.

XIV

Қырық жыл,
Қырық көктем, жазы келді.
Қанша бейнет,
Зейнетпен нәзі келді
Әр жылын
Өз алдына шығарып сап,
Табысын,
Бүкіл Одақ көзі көрді
Көп жылдар
Баққан қойын бағындырып.
Жылдары
Тұрады алда сағындырып.
Міндегін
Жылдан-жылға асырады,
Өзінің
Еңбегіне табындырып.
Жүз қойдан
Жүз жетпіс бес қозы алады,
Жекеңнен
Қандай шопан оза алады.
Әр қойдан
Төрт килодан жұн орындал
Жайлауға
Ел қатарлы қозғалады.
Одакка,
Молдасановты мактағандай
Арманын
Еңбегімен актағандай.
Жекеңнің
Балалары толып жатыр,
Сап алтын
Сандығына сактағандай.
Ұлтуар
Батыр ана, балалары,
Жолсейіт
Еңбек ері дана бәрі.

Зоотехник,
Дәрігер, шопан өрі.
Мәдениетті
Сезімтал саналары
Үйретер
Білгендерін келген ерге.
Кыстау – анау,
Қой мынау көрген елге.
Ел катарлы
Шөбі бар маяланған,
Жақсақ екен
Үйреніп білгендерге.
Өргізіп,
Өрісіне өз отарын
Сүйеді
Өзіміздей өз Отанын.
Асырып
Шөладырдың асуынан
Білгендей
Бақыт қонып таң атарын
Қарапайым
Осы адам дана қандай,
Мінезі бар
Пейілі кең далалардай
Сөйлеген
Сөзін естіп съездерде
Куандым
Үйде отырып балалардай.

*Бейсенбі 24 қараша 1998 ж.
Кеген.*

МАЗМҰНЫ




1-бөлім

КӨШ

Кариялар	4
Албан ата	5
Жаңалық	6
Колдай көр баба	7
Әмір өзен	8
Қазақ	9
Ел көшкенде	11
Домбыра	12
Көріп келем	13
Іле-алатауы	17
Қапшағай	18
Қара орман	19
Құрдастарым	20
Райымбек таудың атасы	21
Сарытау	26
Қазыналы кендерім	28
Көлсай	30
Үйсін	31
Әкеме	32
Көрдім көпті	33
Жеті ғашық	34
Бай суан асуы	36
Абай жолы	37
Құмырскалар	38
Адамдар мен диюлар	39
Маймылдар соғысы	41
Түстей болып	43
Аспан көл апаты	44
Жұдырықтасу	47
Әмір өзі	47



Маралды	48
Ұлым Шаяхметке	50
Арыс бойында	54
Еске алу	55
Ел мен жер	57
Нұрғайша әжеме	59
Нұрғали Базарбекке	59
Малдыбеков Мұқаметқали	61
Немереме хат	61
Айнұрға хат	62
Хоштасу хат	63
Жетісу	64
Жайлау	65
Елім-ай	68
Уақыт барады өтіп	70
Ел мен жер	71
Жанар	72
Өсиет	73
Жетелеген	78
Көшпенділер	80
Арактың әлегі	81
Көпірме бастық	82
Шапқан сайын жанарың жасқа буылған	83
Карындасым	84
Тілек	85
Кешір елім	86
Көктем	87
Өсетін елде жақсы көп	89
Отан-Ана	89
Шыңғысхан кім	90
Ойлар-ойлар оятады шымшылап	91
Жетесіз	92
Арман таулар	93
Кез болдым	93
Ойланып көр	94
Тенізде	95
Сұнғыла сұлу	97



Біліп ал	97
Шын жетім	98

II-бөлім

ЖЕТИСУ

Жақұт таулар	99
Әмірдің сыны	99
Мұзарт	100
Шофер жыры	101
Талғарым	102
Каспий	102
Жамбыл	103
Тауым бар	103
Ақтасты	104
Мұқағали, Қасым болып	105
Тербетеді Балқашты	105
Алматыға бара жатыр	106
Торайғыр	106
Аласа	107
Әмір керуен	107
Сарбұлақ	108
Көкпек	109
Сөгеті	109
Бақай тауы	110
Ақша бұлт	110
Талдыбұлақ	111
Сары тау жоталары	111
Қапшағай	112
Мектеп	112
Кешір мені	113
Екі әмір	113
Талғар әні	114
Қарағым-ай	114
Есіме сен түскенде	115
Қос әлем	116
Жақсылық іздесен	117
Жатырмын	117

Құлан өмір	117
Қыран	118
Қыс	119
Тандардың оянағын жетегімен	119
Құстар	120
Ұшак	120
Әндептің аққан бұлактар	121
Құлкі	121
Тыныштық	122
Ұшар алса тұлқіні	122
Мұртыңыздан ұзындау	123
Өмір керуен өз жолында	123
Мен – мен деген бұл пенде	124
Ап жыландар тап болды	124
Аралар	125
Жаман сөзге жабырқап	125
Ұстаз	125
Жартас пен толқын	126
Оралу	126
Ойлар	127
Көкектің әні	128
Ақыр заман	128
Келер күз қазан айы құтырынып	129
Бәріңізге	129
Анам Бәтиге	130
Екі арман	130
Силас	131
Айтады әкем өткенін бабаларын	132
Ел қадірін білмеген	132
Мәңгілік болу сөз ғана	133
Жақсы-жаман	133
Жеті өзен	134
Желтоқсан	134
Жаңбыр жауып басылғанда	135
Тұлкі мен аңшы	136
Мықтың үйі	136
Шәлкөде	137

III-бөлім
МАХАББАТ

Махаббат	138
Сабырлық	139
Өтеді өмір	139
Миым менің	140
Жер тіршіліктің көпірі	140
Силандар	141
Құлактар	141
Танысып қал жігіттер	142
Тірілер	143
Ұста	143
Онаша бақ	144
Айым менің	144
Тіл құдіреті	145
Диканбай	146
Тұн сыры	146
Ерте ояндыым	147
Адамдармен кездесіп, достасамын	148
Керексің	148
Жайқалған талдардай	148
Өмір назы	149
Кешкі әуен	150
Уақыт өткен сайын ірілендім	150
Бетіме әжім кірген бе	151
Алтын зан	152
Тасты жарып су шығады	152
Биікпін	153
Гүлдемесе кезінде	153
Құдірет бар тамшыда	153
Ағарыпты самайым	154
Мактанба	154
Әттеген-ай	155
Құс болып	156
Егіздер	156
Сағыныш	157

Бойжеткен	158
Бозторғай	158
Тілек	159
Періште	159
Жер мен адам	161
Гүлдің сыры	162
Үлбіреген жібектей	163
Гүлді үзбе	163
Мазасыз ойым жетелеп	164
Шешенді силап тілін біл	164
Іздейсің	164
Қайнар	165
Сайраған бұлбұлым	166
Киналмай жаңым өмірден	166
Қызыл ерін көп гүлдер	167
Бұлақтың сәні жалбыз	167
Қазақ тілі	167
Жаңа жыл	168
Би	169
Бақыт пен азап	170
Симай жүрем	170
Бірін-бірі сөзіменен суғарған	171
Еңбек ет	171
Шынынды айт	172
Жаман адам бола алмас ел тірегі	172
Жерсіз, күнсіз кең әлем болар қараң	173
Қайнап келем ұлы көштің қазанында	173
Сенің ұлың	174
Мақтанамыз	175
Боталап таулар	177
Тірімін	178
Жолаушы	178
Тал	179
Олжас Сүлейменовке	180
Шықылықтап ұшқан сауысқан	180
Далаңда өсіп көксеген	181
Көксай	181

Ұмыт бол өтіп кеткен күндерімнің	181
Қарттарым-ай	182
Тоқтар Әубекіров	182
Адамның толмас көз қалтасы өлгенше	183
Сұлулықты сүйе білу	183
Сары алтындағы сары дала түлейді	184
Дінім ислам алдыңа мұсылмандын	184
Айдай сұлу бойынан таппадым кір	185
Биіктердің биігіне өрледім	185
Қарандырыны қақ жарып	186
Қызық, көп адамдардың ойынында	186
Аспан	186
Сұңқар	187
Көктемде көктеп шөп өнген	188
Құлыным	188
Тоқтау жок	189
Қар	189
Кәрілік	190
Шынбұлақ	191
Өтеді минут ағыны	191
Жүргімнің лұпілін елім тындасын	191
Көрдіңдер-ау қарттарым көрмегенді	192
Сұлулық	192
Ардағерлер ұрпағы	193
Етегіне ап әлдилеп тау бүгін	193
Қызығына дүниенің ендің бе	194
Құрес	194
Айттарым бар	196
Куаныш	196
Күншілдер	197
Тұс	197
Мен	198
Өлең	198
Жылатпа	199
Шопан	199
Барады бұлақ құліп...	200
Бақша	200

Ақ Пан айы	200
Әр дәуірде	201
Қарлық	201
Ел жердің қорғаны	202
Ғасырлар	202
Отызымды сағындым	203
Ақ қайнар	204
Бір жаңалық ашты десе қазағым	204
Есінде болсын	205
Тұрар Рысқұлов	205
Көгілдір аспан көк бояуын	208
АЛЛА	209
Өскен өнір	211
Амандасу	212
Бастадым сөз, төменнен ілгеріден	215
Таныдым	216
Көгілдір көгім	216
Мансұрдың төбесі	216
Менің де кезегім бар жанатын бір	217
Шетте жүріп бал ішсем	217
Нұрлы көктем	218

IV-бөлім

ОЧЕРК, ПОЭМАЛАР МЕН ДАСТАН

Тұлпардың тағдыры	219
Ширактің ерлігі	221
Жер	228
Үш қыз	242
Алманың күйі	251
Дала аңызы	261

Қонаев Алтынбек Қонайұлы

**АСПАНТАУ
ТОЛҚЫНДАРЫ**

Өлеңдер мен дастандар

Басуға 5.06.06. Пішімі 84x100/32. Баспа табағы 18,0.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 379.



ЖШС РПБК «Дәуір»,
050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.
Тел.: 69-40-35, 42-47-69, 42-07-90.
E-mail: rpik-dauir_81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru

